Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Кітаптарды қарату, «Аю мен тышқан» ертегісін оқып беру. Рөлдерге бөліп ойнату. ((Қарым-қатынас танымдық іс-әрекет)) Балалардың қалауы бойынша орталықтарға бөлініп аю мен тышқанның мүсінін жасату. Қағаздан қиып жапсыру. (Шығармашылық іс-әрекет)	Ақ қоян Ақ қоян-ау, ақ қоян, Арғымаққаша шап қоян. Озып келсең мен саған, «Жеңімпаз» деп ат қоям. Құлақтары тік қоян, Аяқтары ұп қоян. Мұнша желіп жортасың, Сендей жүйрік жоқ қоян. Ақ қоян-ау, ақ қоян, Жүнің мамық, пәк қоян. Жылы үйінде алаңсыз, Ұйықтап шықшы сақ қоян. <i>Л.Қыраубайқызы</i> Тақпақты жаттату. Бір біріне айтып беруін ұйымдастыру. (Қарым-қатынас және танымдық іс-әрекет)	«Ормандағы жануарлар» тақырыбында ұжымдық жұмыс (Шығармашылық іс-әрекет) Кітаптарды қарау. Ақ қоян тақпағын жаттату. (Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет)	Жануарлардың бейнесі бар пазлдарды жинату, логикалық ойын тапсырмаларын робототехника арқылы орындату (Танымдық, зерттеу іс әрекет) Еркін шығармашылықпен айналысуына мүмкіндік беру.	Балаларды орталықтарға бөліп, қасқыр немесе лақтың бейнесін салу, мүсінін жасау немесе қағаздан қиып жапсыруына мүмкіндік беру. (Шығармашылық іс-әрекет) Көңілді әуенге би белеу, ән тыңдау. (музыка)
Балалармен жеке жұмыс					

Серуенге дайындық	Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	Бақша ауласындағы қарды күрекшелермен жинату. (еңбек іс-әрекеті) Қимылды ойын «Кегли» Балалардың еркін ойыны	Қимылды ойын «Жүгіріп өтуге үлгер» Балалардың еркін ойыны	Қимылды ойын «Кегли» Көңілді әуенге би белеу, ән тыңдау. (музыка) Балалардың еркін ойыны	Қимылды ойын «Кегли» Балалардың еркін ойыны Спорттық жаттығулар: Шанамен сырғанау. Бір-бірін шанамен сырғанату, төбешіктен бір-бірлеп және екі-екіден шанамен сырғанауды меңгерту.	Қимылды ойын «Хан талапай» Балалардың еркін ойыны
Балалардың үйге қайтуы	Үйде ертегі кітаптарының суретіне қарап, ертегі айтып беруін өтіну, ұсыну. Апта бойы алған әсерлерімен бөлісу, жасалған жұмыстар жайлы балалармен әңгімелесуге кеңес беру				

Тексерген әдіскер:

Тәрбиеші:

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Қаңтар айы 2023 жыл 3 апта

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 16.01.2023	Сейсенбі 17.01.2023	Сәрсенбі 18.01.2023	Бейсенбі 19.01.2023	Жұма 20.01.2023
Балаларды қабылдау	Көңілді музыка қойып, көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, сәлемдесуді пысықтау, ауа райы туралы баланың жеке пікірін білу. (сөйлеуді дамыту).				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында ата-анамен әңгімелесу. Ата аналарды толғандыратын сұрақтарға жауап беру. Кеңестер беру.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	Топта тазалық сақтауға, ойыншықтарды сүртуге, табиғат бұрышындағы тіршілік иелеріне күтім жасауға, кезекшілік міндеттерін жауапкершілікпен атқаруға баулу Дидактикалық ойын «Айырмашылығын тап», «Қай ойыншық жоқ», «Ұқсайды-ұқсамайды» Балалармен жеке жұмыстарды жүргізу (Танымдық, еңбек іс-әрекеті)	Кітаптарды қарау, ертегілер, әңгімелер айту. Балалармен жеке жұмыстарды орындау (Танымдық, қарым - қатынас іс-әрекеті)	«Менің ертегі кейіпкерім» әр түрлі заттардан құрастырып ойындар ойнату. Интеллектум құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары. Балалармен жеке жұмыстарды орындау (Танымдық, қарым-қатынас іс-әрекеті)	Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу, Дидактикалық ойын «Айырмашылығын тап», «Қай ойыншық жоқ», «Ұқсайды-ұқсамайды» Балалармен жеке жұмыстарды жасау (шығармашылық, танымдық іс-әрекеті)	Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары. Табиғи материалдармен құрастыру, шығармашылық жұмыстар. Балалармен жеке жұмыстар (Танымдық, қарым - қатынас іс-әрекеті)
Таңертенгі жаттығу	Қаңтар айына арналған таңертеңгі жаттығуларды орындау (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) Өз орнын тауып отыру. Бір біріне астың дәмді болуын тілеу. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру. (сөйлеуді дамыту)				

Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Шаттық шеңбері. Жүректен жүрекке жақсы тілектер бір біріне тілеу. Жаңалықтарымен бөлісу. «Қыстайтын құстар» тақырыбында әңгімелесу. Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. (сөйлеуді дамыту)				
Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	Сөйлеуді дамыту Карточкаларда бейнеленген суреттер арқылы сөздер құрату. Түбірлес сөздерді жасау және қолдана білуді, етістіктерді жалғаулармен қолдануды жетілдіру Дене шынықтыру маманының жоспары бойынша Математика негіздері Балаларға он см сызғышты беріп, топтағы заттарды өлшеу. Шартты өлшемнің көмегімен заттардың ұзындығын, енін өлшеуді үйрету. қисық және қиғаш сызықтарды дәптердің тор көзінде сызуға үйрету. Қоршаған ортамен таныстыру Қызыл кітапқа енген құстардың түрлерімен таныстыру. Қыста құстардың тіршілігі	Көркем әдебиет «Қарлығаштың құйрығы неге айыр?» Ертегісін сахналауды, рөлдерде кейіпкердің көңіл күйі мен мінезін қойылымдағы өзінің рөлін мәнерлі дербес орындауды үйрету. Музыка маманының жоспары бойынша Сауат ашу негіздері Ертегі желісі бойынша суреттерге қарап, сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтау. Тамшы тәрізді пішіндерді олардың арасындағы арақашықтықты сақтап жазуға мүмкіндік беру. Сурет салу Мүсіндеу Жапсыру,құрастыру Қазақ ою-өрнектерінің түрлері («түйетабан», «құсқанаты») туралы түсінігін кеңейту өзіне тән элементтерді пайдалана отырып, оларды құрастыра білуін дамыту	Сауат ашу негіздері «Қарғаның қулығы» әңгімені оқып беру, сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтау. Тамшы тәрізді пішіндерді олардың арасындағы арақашықтықты сақтап жазуға мүмкіндік беру. Дене шынықтыру маманының жоспары бойынша Қазақ тілі Карточкалар таратып, бейнеленген заттарды жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуді үйрету. Математика негіздері 10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауға жаттықтыру. қисық және қиғаш сызықтарды дәптердің тор көзінде сызуға үйрету.	Сөйлеуді дамыту «Маған ұнайтын құс» тақырыбында әңгімелесу. Сөйлеу әдебін, жай және жайылма сөйлемдерді қолдануды қалыптастыру. Музыка маманының жоспары бойынша Сауат ашу негіздері Кітаптарға қарап әңгіме құрау. Сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтау. Тамшы тәрізді пішіндерді олардың арасындағы арақашықтықты сақтап жазуға мүмкіндік беру. Қоршаған ортамен таныстыру Құстардың мекендеу орны қозғалу тәсілі бойынша ақпарат беру. Құстардың	Көркем әдебиет Балалардың бастамасымен ертегіні сахналауды, рөлдерде кейіпкердің көңіл күйі мен мінезін қойылымдағы өзінің рөлін мәнерлі дербес орындауды үйрету. Математика негіздері Кітаптардың биіктігін өлшеу және осы өлшемдер бойынша бірнеше заттарды салыстыруды үйрету. қисық және қиғаш сызықтарды дәптердің тор көзінде сызуға үйрету. Дене шынықтыру маманының жоспары бойынша Қазақ тілі Интонациясы бойынша сөйлемдерді

	туралы фильм тамашалау.	Қазақ халқының түрлі ыдыс-аяқтарын (қазан, астау, табақ, тостаған, керсен, ожау, күбі торсық), қалауы бойынша мүсіндеуіне мүмкіндік беру. Оларды сәндеуде құсқанат, қарлығаш оюлары пайдаланылғанын көрсету. Оюлардың дайын үлгілерді жапсыруды пысықтау. Қағаз цилиндрлерден қазақ халқының ұлттық ыдыстарын құрастыру, оларды жіппен, ою-өрнектермен безендіруді үйрету.		қылықтарын қайталау. Тоты құсты бақылау.	(хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді жетілдіру. «Мен айтам, сен қайтала» ойынын ойнау.
Серуенге дайындық	Балалардың дербес қимыл белсенділігін ұйымдастыруда, меңгерген қимылдағдыларын жетілдіру үшін серуенде өткізілетін орынды жабдықтау, ойын алаңында балалардың жүруіне арналған кедергі жолдар жасау. Балалардың ретімен киінуін (ауа-райы жағдайына байланысты) бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	Құстарды бақылау. Олардың іздерін іздеу Оларға жем су беру. Ұяларын қарау, қардан тазалау.	Туған өлке, ел, Отан, мемлекеттік және халықтық мерекелер, еліміздің рәміздері, оның маңызы туралы білімдерін кеңейту.	Ауа райын бақылату, Құстар неге қыста жаурамайды әңгімелесу. (Танымдық іс-әрекет)	Жұмбақтарды шешуді менгерту. Жайнаған бақтың әншісі, Тамсанған оған сан	Құстар туралы не білгендерін бір біріне айтып беруін ұйымдастыру. Аулада ұшып жүрген құстарды

	(Танымдық, еңбек іс-әрекеті) Қар бетіне алақандарын қосып басып, құстың қанаттарын салу. (бейнелеу іс-әрекет) Қимылды ойын «Ұшты ұшты» Еркін ойындар. Шанамен сырғанау.	Қазақстан Республикасының Президенті, оның халық үшін атқаратын қызметінің маңыздылығын түсіну дағдысын жетілдіру Ту бетінде бейнеленген құсқа назар аударту. (қарым қатынас іс-әрекеті) Қарда құстардың іздерін салу. (Танымдық, шығармашылық іс-әрекеті) Қимылды ойын «Жапалақтарм мен қарлығаштар» Балалардың еркін әрекеті.	Балалардың қалауы бойынша қармен ойындар, ұялар құрастыруды жетілдіру. (Шығармашылық іс-әрекеті) Спорттық жаттығулар: Шанамен сырғанау. Бір-бірін шанамен сырғанату, төбешіктен бір-бірлеп және екі-екіден шанамен сырғанауды меңгерту. Қимылды ойын «Аққу қаздар»	кісі. (Бұлбұл) Бұдыр-бұдыр балшықты,Жинады да талшықты, Ұқсатып қамытқа, Үй салды жабыққа. (Қарлығаш) Шашы жоқ, тарағы бар, Егіні жоқ, орағы бар. (Қораз) (Қарым-қатынас іс-әрекеті) Барлық құстарға ортақ қасиет және құстардың айырмашылықтарын табу. (Танымдық іс-әрекеті) Қимылды ойын «поезд» Балалардың бастамасымен еркін әрекеттер.	танып, бір бірне айту. (Қарым-қатынас іс-әрекеті) Құстарды бақылату. Олардың тіршілігіндегі өзгерістерді сипаттап айтқызу. (Танымдық, зерттеу іс-әрекеті) Қимылды ойын «ұшты ұшты»
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Балабақша тобындағы міндеттері туралы түсініктерін кеңейту. Ненің «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» екенін түсінуге және ажырата білуге үйрету. (көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану. Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою) Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларынжетілдіру . (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)				

Күндізгі ұйқы	Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру. Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы баяу музыка тыңдау. Әлем халық ертегілерін оқып беру (көркем әрекет)				
Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары	Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. Ригалық әдіс бойынша сауықтыру. (дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар).				
Бесін ас	Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау) Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	Үйдегі, балабақша тобындағы міндеттері туралы түсініктерін кеңейту. Ненің «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» екенін түсінуге және ажырата білуге үйрету. Топтағы қарапайым еңбек әрекетін орындату. (Танымдық, іс-әрекеті) Балалардың қалауы бойынша құрастыру материалдарымен әр түрлі құрылымдар құрастыруға мүмкіндік жасау	Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған тұрмыстық заттарымен таныстыру, олардың қандай материалдан жасалғанын, қандай оюлармен безендірілгенін зерттеуін ұйымдастыру. Құстардың бейнесі бар ма анықтау. (Танымдық, зерттеу іс-әрекет) Пакеттермен ағаштарды пайдалану арқылы құстар сияқты ұшу үшін қанат жасату, балалардың шығармашылығын жетілдіру.	Кітаптардан құстардың суреттерін көріп, эмоционалды-бейнелік мазмұнын қабылдауға, баяндау сипатын сезінуге баулу. (Қарым-қатынас іс-әрекеті) «Қарлығаш» музыка әуенімен таныс дене жаттығуларын әсем және ырғақты орындату. Қимылдардың ырғағын музыка әуенімен үйлестіруді жетілдіру. (музыка)	Табиғи және қалдық материалдардан, қағаздардан құстар бағы тақырыбында шығармашылық жұмыс жасату (Танымдық, шығармашылық іс-әрекеттер)	Құстың бейнесіне қауырсындарды жапсырту. (Шығармашылық іс-әрекеті) Құрастыру материалдарынан құстарға ұя құрастыру. (Танымдық, іс-әрекеті)

		(шығармашылық іс әрекет)			
Балалармен жеке жұмыс					
Серуенге дайындық	Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Өз өмірінің қауіпсіздігін сақтауды үйрету. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	Таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем және ырғақты орындау. Қимылдардың ырғағын музыкалық әуенге үйлестіру. (музыка)	Қимылды ойын «Кім жылдам» Балалардың еркін әрекеті. «Құстарға қамқорлық» тақырыбында әңгімелесу. (Қарым-қатынас іс-әрекеті)	Балалардың шығармашылығымен құрылыстар құрастыру (Танымдық, іс-әрекеті) Ұлттық ойын «Ханталапай» Балалардың еркін ойыны Балалардың еркін әрекеті.	Қимылды ойын «Орамал тастамақ» Спорттық ойын элементтері: Бадминтон. Воланды ракеткамен белгілі бір жаққа бағыттай отырып Лақтыруды үйрету.	Ұлттық ойын «Ақсерек көксерек» Балалардың еркін ойыны «Құсшы деген кім?» тақырыбында әңгімелесу. (Қарым-қатынас іс-әрекеті)
Балалардың үйге қайтуы	Апта бойы балалардың қандай іс әрекеттер жасағаны туралы айтып беру. Үйде құстар туралы балалармен әңгімелесу, еңбек әрекетін ұйымдастыруды ұсыну,				

Тексерген әдіскер:

Тәрбиеші:

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Қаңтар айы 2023 жыл 4 апта

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 23.01.2023	Сейсенбі 24.01.2023	Сәрсенбі 25.01.2023	Бейсенбі 26.01.2023	Жұма 27.01.2023
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Стикерлер арқылы көңіл күйлерін көрсете білуін жетілдіру. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, сәлемдесуді пысықтау, баладан таптағы безендірулерге назар аударып, ұнаған заттары туралы айтуын жетілдіру. (қарым қатынас мәдениеті).				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Көшеде жүру қауіпсіздік сақтық шаралары туралы әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, Топта тазалық сақтауға, ойыншықтарды сүртуге, табиғат бұрышындағы тіршілік иелеріне күтім жасауға,кезекшілік міндеттерін жауапкершілікпен атқаруға баулу Балармен жеке жұмыстар. (Танымдық, қарым қатынас іс-әрекеттер)	Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптарды қарату. Балармен жеке жұмыстар. (Танымдық, қарым қатынас іс-әрекеттер)	Дидактикалық ойындар карточкаларымен жұмыс «Артығын тап», «жетпейтін бөлігін тап» Шығармашылық жұмыстар Балармен жеке жұмыстар. (Танымдық, шығармашылық іс-әрекеттер)	Үстел үсті ойындары (пазлдар, интеллектум құралдары, шашка ойындары) Кітаптар қарату, әңгімелесу. Балармен жеке жұмыстар. (Танымдық, зерттеу, қарым қатынас іс-әрекеттер)	Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу, ермексазбен жұмыстар жасау. Табиғи құрастыру материалдарымен ойындар. Балармен жеке жұмыстар. (Танымдық, шығармашылық іс-әрекеттер)
Таңертенгі жаттығу	Қаңтар айына арналған таңертеңгі жаттығуларды орындау (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) Өз орнын тауып отыру. Ас болсын сөзін айтуды қалыптастыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру. (сөйлеуді дамыту)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Таңғы жиын. Балаларға жаңалықтарымен бөлісуді, жақсы тілектер тілеуді жасату. «Көліктер жайында біз не білеміз?», «Менің арманымдағы көлік» тақырыбында әңгімелесу. Адамның денсаулығына гигиена мен күн тәртібінің ықпалы туралы түсініктерді кеңейту.				

	Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. (сөйлеуді дамыту)				
Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	Сөйлеуді дамыту Көліктер туралы біз не білеміз? Топта қандай көлік түрлері бар. Әңгімені бірізді айту, шағын логикалық және хабарлау сипатындағы әңгімелерді құрастыруды үйрету	Көркем әдебиет Таныс ертегіні сахналау, рөлдерде кейіпкердің бейнелігін қимылын, интонациясы мен мимикасын беруді үйрету.	Сауат ашу негіздері Көліктердің бейнесі бар карточкалар тарату. Берілген көлік түріне сөйлем құрастыру. алдымен үлгі бойынша және кейіннен өз бетінше жазуға мүмкіндік беру.	Сөйлеуді дамыту «Әуе көліктері» туралы шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру: Бақылаулар мен суреттер бойынша сипаттау және хабарлау әңгімелерін құрастыру	Көркем әдебиет «Машина» тақпағын жатқа, мәнерлеп, интонациямен айтуды үйрету Математика негіздері Өртүрлі оқиғалардың, апта күндерінің, тәулік бөліктерінің реті туралы білімді бекіту. Апта бойы не үйренгендері туралы еске түсіріп атауын қалыптастыру.
	Дене шынықтыру маманының жоспары бойынша	Музыка маманының жоспары бойынша	Дене шынықтыру маманының жоспары бойынша	Музыка маманының жоспары бойынша	Дене шынықтыру маманының жоспары бойынша
	Математика негіздері Қоршаған ортадан геометриялық фигураларға ұқсас заттарды табу, олардың пішіндерін анықтауды дамыту. Көліктердің дөңгелегі, ұшақтың қанаты және т.б	Сауат ашу негіздері Көліктердің бейнесі бар карточкалар тарату. Берілген көлік түріне сөйлем құрастыру. Алдымен үлгі бойынша және кейіннен өз бетінше жазуға мүмкіндік беру.	Қазақ тілі Менің арманымдағы көлік тақырыбында әңгімелесу. Өз ойын жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру.	Сауат ашу негіздері Әуе көліктерінің суреттері бойынша сөйлем құрастыру. Алдымен үлгі бойынша және кейіннен өз бетінше жазуға мүмкіндік беру.	Қазақ тілі Балалардың түрлі әрекеттерінде бір-бірімен еркін диалог құруға мүмкіндігін беру. Топтағы көліктер тақырыбында өзара әңгімелесуді ұйымдастыру.
	Қоршаған ортамен таныстыру Арнайы көлік құралдарының түрлерін, белгілі бір жұмыс түрін орындау үшін олардың жабдықталуын түсінуді жетілдіру	Сурет салу Мүсіндеу Жапсыру, құрастыру Балалардың дербес әрекеті. Түрлі өлшемді өрнектерді біріктіру, ақ және түрлі-түсті фондарды қолдана отырып, түсті таңдауды жетілдіру.	Математика негіздері Берілген бағытта, оны белгі бойынша өзгерте отырып, бағдарлауын қалыптастыру. Поезд немесе кеме капитаны болып ойнап, бағыттарды анықтауды дамыту.	Қоршаған ортамен таныстыру Балаларды жеңіл көлік, трамвай, автобус аялдамасы» жол жүру белгілерімен таныстыруды жалғастыру. Ойындар ойнату.	

		Заттардың ұзын және қысқа, жуан және жіңішке белгілерін көрсете біліп ұшақты мүсіндеуді үйрету Көлік тұрағы тақырыбында ұжымдық жұмыс жасау. Композиция ережелеріне сәйкес бейнелерді құрастыруды үйрету. Қайшы мен желімді дұрыс қолдану дағдыларын жетілдіру Құрдастарымен бірлесіп, шығармашылықпен құрастыруға баулу.		Белгіні тану, суретін салуын ұйымдастыру	
Серуенге дайындық	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, серуенге алып шығатын кітаптар мен заттарды дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Табиғи материалдар туралы не білетіндерін сұрау. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	Балабақша ауласында көліктердің қар бетіндегі іздерін анықтау. Ұшақтың кеменің іздері қандай болады? сұрау. Адам іздерімен салыстыруды ұйымдастыру. (танымдық іс әрекеті)	Балабақшаның ауласының тазалығын бақылау. Қыс мезгілінде қандай тазалық жұмыстарын жүргізуге болатынын сұрау. Бірлескен әрекеттер жасату.	Ауа райын бақылау, қыста көліктерден неге бу шығады зерттеу. Қардан көліктерге гараж құрастыру (Танымдық, зерттеу іс-әрекеті)	Ауа райын бақылау. Желдің бағытын анықтауды үйрету. (Танымдық, іс-әрекеті) Спорттық ойын элементтері:	Кітаптардан көліктегі қауіпсіздік ережелері туралы ақпарат беру. Ауладағы тәртіп ережелерін еске түсіріп орындауын бақылау. (Қарым-қатынас іс-

	Қарда дөңгелектер салу. (Бейнелеу іс-әрекеті) Қимылды ойын «Арқан тарту» Көңілді әнге би билеу. (музыка)	Тазалау көліктерінің түрлерімен таныстыру. (Танымдық, зерттеу, қарым қатынас іс-әрекеті) Қимылды, еркін ойындар Спорттық жаттығулар: Шанамен сырғанау. Бір-бірін шанамен сырғанату, төбешіктен бір-бірлеп және екі-екіден шанамен сырғанауды меңгерту.	Қимылды ойын «Арқан тарту» Будың бейнесін қарда салу. (Бейнелеу іс-әрекеті)	Бадминтон. Воланды ракеткамен белгілі бір жаққа бағыттай отырып Лақтыруды үйрету. Қимылды ойын «Орамал тастамақ»	әрекеті) Балалардың дербес әрекеттері, ойындары Қимылды ойын «Мысық пен тышқан»
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау (көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою) Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану , сөйлеспеу, алғыс айту) (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті) Ереже айту. (сөйлеуді дамыту)				
Күндізгі ұйқы	Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру. Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы баяу музыка тыңдау. (музыка)				

Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары	Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. Ригалық әдіс бойынша сауықтыру. (дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар).				
Бесін ас	Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау) Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	Көліктерді қиып жапсыру. Топтағы көліктермен салыстыру. (Танымдық іс-әрекеті) Көлік дөңгелектерінің мүсінін ермексаздан жасау (Шығармашылық іс-әрекеті) Кітаптардан балалардың сұранысы бойынша ертегі, тақпақтар, әңгімелер оқып беру. Сюжеттік бірізділікті сақтай отырып, балаларға мазмұндауды үйрету. (Қарым-қатынас іс-әрекеті)	Машина Машинамын - көлікпін, Мамандарға көніктім. Үйренген соң білімді Білерсіңдер тілімді. <i>Ә.Табылдиев</i> Тақпағын жаттату. (Танымдық іс-әрекеті) Өз өмірінің қауіпсіздігін сақтауды пысықтау Адамдармен сөйлеспеу, ойнамау, бөтен машиналарға отырмау, бейтаныс адамдардың өтініштерін орындамау, олардың соңынан ермеу)жайлы әңгімелер тыңдату. (Қарым-қатынас іс-әрекеті)	Суда жүзетін көлік түрлерін кітаптан қарап танысу. Су көліктеріне мініп көрді ме? Кәдімгі көліктен айырмашылығы қандай? Ортақ белгілері бар ма? Зерттеу. Сурет немесе мүсін арқылы өз ойын жеткізуін үйрету. (Танымдық, шығармашылық іс-әрекеті)	Әуежайдағы ұшақтар ұжымдық жапсыру жұмысын жасату. (шығармашылық іс-әрекет) Кітаптардан ұшақтарды қарау, оларға арнап конструкторлардан тұрақ жасату. (Қарым-қатынас, танымдық іс-әрекеті)	Апта бойы жасалған іс әрекеттерді естеріне түсіріп, ерекше әсер алған сәттермен бөлісу. Жаңа сөздерді пысықтау (Қарым-қатынас іс-әрекеті) Топтағы, үйдегі ережелерді орындау жайлы, өзін өзі басқару тәртібі туралы әңгімелесу. Өз ойларын айтқызу. (Танымдық, зерттеу іс-әрекеті)

Балалармен жеке жұмыс					
Серуенге дайындық	Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	Қимылды ойын «Ақсерек көксерек» Көңілді музыкаға би билету. (музыка) Балалардың еркін ойындары	Қимылды ойын «Поезд» Балалардың еркін ойындары Қардан көліктің дөңгелегін жасату.	Қимылды ойын «Кетті кетті» Балалардың еркін ойындары Қағаздан кеме жасату, суға жүздірту және қардың бетіне қойып көру	Қимылды ойын «Ақ серек көк серек» Қардан ұялар жасату.	Қимылды ойындар «Түйілген орамал» Балалардың еркін ойындары Қарды мүсіндеуге арналған пішіндерге салып әр түрлі заттар жасату.
Балалардың үйге қайтуы	Үйде көліктер туралы мультфильм көруді ұсыну Апталық жұмыстан не ұнағанын сұрау.				

Тексерген әдіскер:

Тәрбиеші:

ТАҢЕРТЕҢГІ ЖАТТЫҒУЛАР

Қаңтар

1. Жұптасып тізбекте жүру, жүгіру.
 2. Звеноға бөлініп тұру.
 3. Б.қ. аяқ ұшын ашып, өкшені қосып тұру. Қолды жанынан жоғары оң қолға кішкентай допты ұстап тұру. Қолды жанынан жоғары көтеру, оң қолдан сол қолға допты алмастыру. Қолды жанынан төмен түсіру. 6-8 р.қ.
 4. Б.қ. аяқ арасын алшақ ашып тұру, доп оң қолда. Оң аяқты тізеден бүгіп көтеру, аяқ астынан допты оң қолдан сол қолға алмастыру. Б.қ. келу, сол жақта орындау 6 р.қ.
 5. Б.қ. аяқты алшақ ашып тұру, доп оң қолда, қолды алға созып отыру, бір қолдан екінші қолға алмастыру, 5-6 р.қ.
 6. Б.қ. тізерлеп өкшеге отыру, доп оң қолда. Допты жермен өзінен ары қарай домалату, б. қ.келу, 6-8 р.қ.
 7. Б.қ. аяқты қосып созып жіберіп отыру. Доп аяқ арасында қысылып ұсталған, қолды артқа тіреп ұстау, түзу аяқта допты түсіріп алмай жоғары көтеру, б.қ. келу, 6-8 р.қ.
 8. Аяқты қосып, допты қос қолмен төмен ұстап тұру, жоғары лақтырып қағып алу. 6-8 р.қ.
 9. Б.қ. доп оң қолда. Аяқты қосып тұру. Оң және сол аяқпен секіру оңға солға тәрбиешінің санауымен бұрылып секіру.
 10. Жүру. Майда қадамдап жүру.
- Бір айдың 1-2 аптасында демалыс берілетіндігінен гимнастика комплексінің біреуі ғана жоспарланады.

Зерттеу жұмысы

№1 картотека

Сұйықтықтардың қатуы.

Мақсаты. Балаларды әртүрлі сұйықтықтармен таныстыру, олардың қату процестеріндегі айырмашылықтарын анықтау.

Материалдар: Кәдімгі су және тұзды су, сүттің, шырынның, өсімдік майының бірдей мөлшері бар қалыптар немесе ыдыстар.

Барысы: Балалар сұйықтықтарды қарастырады, олармен тәжірибе жасайды және сұйықтықтардың айырмашылықтары мен жалпы қасиеттерін анықтайды (ауырлығы, сыйымдығы және пішінін алу қабілетін қалыптастыру). Балалар әртүрлі сұйықтықтары бар қалыптарды суыққа шығарады. Серуендеуден кейін балалар қандай сұйықтықтардың қатып қалғанын және қайсысы қатпағанын қарастырады және анықтайды.

Қорытынды. Сұйықтықтар әртүрлі жылдамдықпен қатып қалады, кейбіреулері мүлдем қатпайды. Сұйықтық неғұрлым қою болса, мұздату уақыты соғұрлым ұзақ болады.

№2 картотека

Қар қалай жылытады?

Мақсаты. Балаларға қардың жерді аяздан жылытатынын түсінуге көмектесу.

Материалдар: Күрекшелер, екі бөтелке жылы су.

Барысы: Балаларды балабақшадағы, үйдегі өсімдіктерді ата-аналары аяздан қалай қорғайтынын еске түсіруге шақыру. (Оларды қармен жабуын).

Балалардан ағаштардың жанына қарды жауып қою керек пе деп сұраңыз? (Жок). Ал неге? (Борпылдақ қарда ауа көп және ол жылуды жақсы сақтайды).

Мұны тексеруге болады. Серуенге шықпас бұрын екі бірдей бөтелкеге жылы су құйып, оларды бітеп тастаңыз. Балаларды оларға қол тигізуге шақырыңыз және екеуінде де судың жылы екеніне көз жеткізіңіз. Содан кейін сыртқа шыққанда бөтелкелердің бірі ашық жерге қойылады, екіншісі оны қатты тығыздамай қарға көміледі. Серуендеу соңында екі бөтелке де қатар қойылып, қай судың салқындағанын салыстырады, мұздың қай бөтелкеде пайда болғанын анықтайды.

Қорытынды. Қар астындағы бөтелкеде су аз салқындады, демек қар жылуды сақтайды.

№3 Картотека

Қырау қалай пайда болады?

Мақсаты. Балаларға жауын-шашынның шығу тегі туралы қол жетімді түсініктеме беру

Материал. Ыстық су термосы, табак.

Барысы: Ыстық су құйылған термосты серуендеуге алып шығу. Оны ашқаннан кейін балалар буды көреді. Будың үстінде суық табақты ұстау керек. Балалар будың су тамшыларына айналғанын көреді. Содан кейін бұл су болған табақты серуеннің соңына дейін қалдырылады. Серуендеу соңында балалар ондағы қыраудың пайда болуын көреді. Тәжірибе жердегі жауын-шашынның қалай пайда болатындығы туралы әңгімемен толықтырылуы керек. Қорытынды. Қыздырған кезде су буға, бу салқындаған кезде ол суға, су қырауға айналады.

Картотека №4

Қар мен мұздың ерекшеліктері

Қар, ылғал қар және мұзды топқа алып келу ыдысқа салып қайсысы бірінші ериді бақылау.

Содан соң алып келген қар мұзды суға салу, қайсысы бірінші батады анықтау.

Ертегі

Қу түлкі

Жолбарыс бір түлкіні ұстап алады. Түлкі құйрығын бұлаңдатып, тұмсығын жоғары көтеріп:

- Мені жей алмайсың! Мен осы орманға қожалық етуге келгенмін,—дейді.

Жолбарыс түлкіге олай бір, былай бір қарап, сенбей:

- Мүмкін емес,—дейді.

- Сенбесең, менімен бірге орманға жүр. Ондағы барлық аңдардың менен қалай қорқатынын өз көзіңмен көр, — дейді түлкі.

Жолбарыс бұған келіседі. Түлкі жолбарыстың алдына түсіп, паңдана жүріп отырады. Жолбарысты көріп аңдар мен құстар зәресі ұшып, тым- тырағай қашады, ұялары мен індеріне тығылады, аспанға ұшады. Ал қу түлкі басын онан сайын көтере түсіп:

- Ал, енді көзің жеткен шығар! Менен қорықпайтын жан бар ма тірі?— деп мақтанады.

- Я, сен шынында да айбарлы екенсің,— деп алданған жолбарыс жайына кетеді.

Дидактикалық ойын

«Бұл не қылған дыбыс»

Мақсаты: Баланы бір дыбысты бір дыбыстан және сөздің басындағы дыбысты ажыратып үйрету.

Құрал: Бірдей дыбыстан басталатын суреттердің аттары.

Ойын барысы: Ойынға 3-5 балаға қатысуға болады. Ойыншылар үстел басына отырады, тәрбиеші балаларға суреттерді көрсетіп атайды.

Балалар зейінді тыңдап сөздегі бірдей дыбыстарды танып білу қажет. Табылған дыбыс нақты айтылу қажет. Мысалы: а-а-апа, а-а-ана, а-а-айна, а-а-алма.

«Тізбек»

Мақсаты: Сөздің бірінші және соңғы дыбысын ажыратып үйрету.

Құралдар: Заттық суреттер

Ойын барысы: Бірінші суретті орналастырады, содан кейін сол оның соңғы дыбысынан басталатын суретті қояды т.с.с.жалғастырады.

Ара- алма- автобус-сабын- нан

Қызықты құрылымдар

Дидактикалық міндеті: балаларды сөзді дыбыстық құрамына талдауға жаттықтыру.

Құралдар: сөздердің құрылымдары, жетондар.

Мазмұны. Тақтада үш сөздің құрылымдары, мысалы: *доп, шана, қоян, әке және* т. б. Балалар берілген құрылымдар бойынша сөздерді тауып айтады. Жеңімпаз балаларға жетондар беріледі.

ҚИМЫЛДЫ ОЙЫНДАР

Балаларға арналған ұлттық ойындар

Айгөлек

Айгөлек – халқымыздың ұлттық ойындарының бірі. Ойын шарты бойынша ойнаушылар екі топқа бөлінеді. Олардың сандары да, жас шамалары да бірдей болулары керек. Екі топтың екеуінің де ойынды бастаушысы болады. Аралары 10-15 метрдей жерде қол ұстасып, қатарласатұрған осы екі топ біріне-бірі сөз тастап, күш көрсетіп, өнер жарыстыра бастайды. Екі жақтың ойын бастаушылары орталарынан бір қыз бен бір баланы шығарып, олардың қолына бір ақ тас, бір қара тас береді. Олар екі тасты ешкімге көрсетпей, уысына қысып тұрады да:

-Сен қай қолдағы тасты қалайсың? - деп сұрайды. Бастаушылардың біреуі мен: «Оң қолдағы тасты қалаймын», - дейді, екіншісі сол жақ қолдағы тасты алады. Қайсысында ақ тас болса, сол ойын бастайды.

Бірінші топ:

Айгөлек-ау, айгөлек, Айдың жүзі дөңгелек. Күші мығым, қуатты, Екпіні желдей өршігенШепті бұзар ер керек.

Екінші топ:

Айгөлек-ау, айгөлек, Айдың жүзі дөңгелек, Күші мығым, қуатты, Екпіні желдей өршіген
Саған қандай ер керек? - дейді.

Алдыңғы топ:

Айгөлек-ау, айгөлек, Айдың жүзі дөңгелек, Күші мығым, қуатты, Екпіні желдей өршіген

Бізге ... (Ерсін) ер керек,

- деп бір ойнаушының атын атайды.

Ол тобынан шығып, бір-екі адым ілгері басып:Айгөлек-ау, айгөлек,

Айдың жүзі дөңгелек. Сайысқанда саспайтын,

Самала күнге бастайтын,

... деген ер шыққан,

Топ бұзуға мен шықсам, деп сол жүгірген бойы қарсы топты жарып өтпек болады. Ол екпінді,күшті болса, топты жары өтіп, өзі қалаған бір қызды, не бір ер баланы жетектеп өз тобына алып келеді. Егер ол топты жарып алмаса, сол топтаөзі қалып қояды. Ендігі шақыруды екінші топ бастайды. Сөйтіп, ойынжалғаса береді. Ойында дәрекілік көрсетуге, жұптасқан жұдырықтыжүгіріп келе жатқан ойыншыға қарсы қоюға болмайды. Жүгірген ойнаушыда ойын ережесін сақтауға тиіс.

Асық ойыны

Асық ойыны - қазақ халқының дәстүрлі ойыны. Асық ойыны күндізде, түнде де ойналады. Күндізгісі – мергендікке, түнгісі – ептілікке баулиды. Иіргенде түскен қалпына қарай асық – алшы, тәйке, бүк, шік деп, ал атуға арнап арнайы қорғасын құйылып жасалғаны – сақа, жақсылары – оңқай аталады. Асық ойынының мынадай түрлері бар: құмар, тәйке, омпы, алшы, хан (хан ату), т.б.

Алшы ойыны

Бұл ойында тігілген асықтарды атуға жарамды сақа таңдап алынады. Сақа болатын асық салмақты, ірі болуға тиіс. Ол көбінесе еркек қойлардың, не қошқарлардың асығы болып келеді. «Алшы ойыны» сақаның салмақты да алшы тұруына байланысты. Бұл ұту үшін өте қажет.

«Алшы ойынын» ойнаушыларға шек қойылмайды. Ойын басталар алдында, ойын жүргізуші, барлығының сақаларын жинап алып, ойында әркімнің кезегін белгілеу үшін, яғни, кімнен кейін кім асық ату керектігін анықтау үшін, сақаларды иіреді. Иірген кезде кімнің сақасы алшы түссе, сол бірінші, тәйке түссе екінші, бүк түссе үшінші, шік түссе одан кейін асық ататын болады. Атқан кезде сақасы мен асығы бір жақты түссе, атқан асығын алып, әрі қарай ата береді. Енді бірде асық атқан кезде сақасы алшы түсіп, асық кез келген жағында жатса да асықты алады, тағы атады, ал сақа мен асық екеуі екі түрлі түссе, онда алмайды. Ол аруды тоқтатып, кезекті келесі ойыншыға береді. Екінші ойыншы өз кезегінде сақасын иірген кезде тәйке түссе, онда өзінен кейін кезекте тұрған ойыншы көмбеде тұрып оның тәйке түскен сақасын атады, тигізсе, сақа иесі ойыннан шығып қалады, тигізе алмаса, өзі ойыннан шығады. Кезек алу үшін сақаларын иірген кезде бүк, шік түскен ойыншылар өз кезектерімен көнге тігілген асықты ата береді. Осы ретпен көндегі асықты атып тауысқанға дейін ойнайды да, асықтарын қайта тігіп, ойынды жалғастыра береді.

Алшы – асықтың иірілгенде тегіс табаны жерге тиіп түсуі. Ойын кезінде оған бірінші дәрежелі мән беріледі.

Тәйке (таба) – асықтың иірілгенде шұңқырлау табаны жерге тиіп, тұрық түсуі. Ол екінші дәрежелі мәнге ие.

Бүк (бүге) – асықтың иірілгенде дөңес жоны үстіне қарап, етпетінен жатық түсуі. Ол үшінші дәрежелі мәнге ие.

Шік (шіге) – асықтың иірілгенде шұңқыр құрсақ жағы үстіне қарап, шалқасынан жатық түсуі. Ол төртінші дәрежелі мәнге ие.

Үш табан

Үш табан ойнау үшін тақыр жерге көлденең сызық сызылады да, оған әр ойыншы бір бірден арасын сиректеу етіп кеней тігеді. Содан соң ойнаушы балалардың барлығының сақаларын біреуі жиып иіреді. Кімнің сақасы шықса сол бірінші болып сақасын көннен алысырақ жерге иіреді. Сақасымен тігулі кенейді атып, үштабаннан артықтау жерге жіберуі керек үш табаннан кем, я болмаса сақасы кенейге тимей кетсе, ойынды сақасы шыққан келесі ойыншы бастайды. Ойын көндегі кенейді ұтып біткенше созылады.

Омпы

Асық ойынының бір түрін «Омпы» деп атайды. Омпы – асықтың тұмсығымен жер тіреп, тік шаншылып түсуі. Бұл ойынды көбінесе бозбалалар ойнайды. Оны таза ауада жазық алаңда, не үлкен бөлмелерде ойнауға болады. Ойнаушылардың санына шек қойылмайды. Ойынның мақсаты - асық ұту. Ойнаушылар арасы 20 қадам екі көн сызады да біріншісіне төрт бұрыш жасайды (оның көлемі өзара келісіледі) дәл ортасындағы сызыққа әрбір ойыншы өздерінің асықтарын тігеді. Тігілген асықтардың ортасына бір асық мұртынан «Омпы» тұрғызады. Ойнаушылар екінші белгіленген жерден бірінің артына бірі тұрып әркімнің өз кезектері бойынша,

қолдарындағы сақаларымен «омпыны» ата бастайды. Егер кімде-кім омпға тигізсе және оны төрт бұрыштың шетіне шығарса, онда көндегі асықты түгел алады. Ал омпға тимей, жанындағы асықтарға тисе, оны да төрт бұрыштың шетіне шығара алса, онда сол атқанасығын ғана алады. Асық таусылған сайын, көнге асық қайтадан тігіліп отырылады. Ойын жалғаса береді.

Асықты тігіп ойнау

Бір топ бала, жастар жиылып келіп, тегіс жерді таңдап алады да оны тазартып, ортадан төрт бұрышты сызық сызады. Сол төрт бұрышты ортасынан тең етіп екіге бөледі. Әр жағының қашықтығы балалардың жас мөлшеріне қарай белгіленеді. Сонда 1-1,20 см немесе 1,5 метрге дейін болады. Мұны «көн» деп атайды. Сонда ойнаушылардың өзара келісімі бойынша көннен 4-5 метр не одан да көп мөлшерде асық ататын орын белгіленеді. Оны сызықпен белгілейді. Ойыншылар осы жерден тұрып көндегі асықты ататын болады. Ойынды кім бірінші болып бастайтынын сақа иіру арқылы анықтайды. Сақасы алшы түскен ойыншы бірінші болып ату кезегін алады.

Ойыншы асыққа дәл тигізіп, оны көнбе сызығынан шығарса, оны алады да, сақасы түскен жерден қайта атады. Сөйтіп көннен шығарғандарын ала береді. Егер оның сақасы көндегі асыққа тимей кетсе, асықты келесі ойыншы атады. Ал тігілген асықтарды бұзып, бірақ көннен шығара алмаса, қалған ойыншылар асықтарды сол жатқан қалыбында атып, көннен шығарып алуға тиіс. Ойын көндегі асықтар бойынша біткенше ойнала береді. Көндегі асық біткен соң, ойынға қатынасушылар бір-бірден көнге қайта асық тігіп, ойын қайта басталып, жалғаса береді.

Алтыатар ойыны

Көндегі кенейлердің бір шетіне түпте қалған (сақасы шықпаған) баланың сақасы тігіледі. Кенейдің арасында саңлау болмай тіркестіріле қойылады. Көннің екі жағына 1м жерден су (сызық) ал 5-6 м жерден қарақшы белгілейді. Кімде кім түптегі сақаны жұлып кетсе (судан шығарса) бүкіл кенейді сол алады. Ал сақаға тимей кенейді ұшырса, оның судан шыққаны ғана соныкі болып табылады. Ату саны — 6 рет. Алғаш сақасы шыққан бала, қалғандары одан кейінгі кезекте атады. Алты рет атыстан қалған кенейдің бәрі түпте қалған баланікі болып есептеледі.

Атбақыл

Асықпен ойналатын ойындардың бірі — «Атбақыл» немесе «Көтеріспек» деп аталады. Ойынға екі-екі баладан қатысады, қалғандары көрушілер болады. Ойынға қатынасушылар кез келген жерді таңдап алады да, өздері тұрған жерлеріне белгі соғады. Сол белгі соққан жерден біреуі қолындағы асығын (не топайын, сиыр асығын, «топай» деп атайды) алыстата иіріп тастайды. Екінші ойыншы қолындағы асығымен оны атады. Егер де ол тигізсе, бірінші ойыншы оны сақасы барып түскен жерге дейін арқалап барады. Енді екінші ойыншы сақасы түскен жерде тұрып, асығын алыстата иіріп тастайды. Бірінші ойыншы оны атады. Тигізсе, сақасы жатқан жерге дейін екінші ойыншы арқалап апарады. Егер асыққа тимей кетсе, келесі ойыншы атады. Ойын осылайша жалғаса береді де, ойыншылардың өзара келісімі бойынша тоқталады.

Ханталапай

Бұл отырып ойналатын ойын. Оған төрт-бес үміткерден қатысады. Ойын үшін он асық таңдап алынады. Он бірінші асықтың ерекше өзге түске (қызыл, не көк) боялған болуы шарт. Бір-бірден асық иіріледі де, қорытынды бойынша ойыншылардың кезектері анықталады. Бұдан соң алғашқы ойыншы қос уыстай ұстаған бар асықты ортаға иіруі керек. Қалған ойыншылар өзге асықтардан ерекшеленген «ханға» көз салады. Себебі, хан алшы түссе, барлығы тарпа бас салып, ортадағы асықтарды, хан талапай жасауы тиіс. Хан кімнің қолында кетсе, келесі үйірі кезегі соған беріледі екен, хан мен бірге қолына ілінген асықтардың санына қарай ұпай жазылады.

Хан алшы түспеген жағдайда иірген ойыншы шашылған асықтардың бүгі мен бүгін, шігі мен шігін, алшысы мен алшысын, тәйкесі мен тәйкесін бір-біріне соғып, бір-біріне тимей қалғанша ұпай жинайды. Көздеген асығы үшінші бір асыққа тиіп кетсе немесе бөгде асықты қозғап қалса да, ойынның бұзылғаны. Онда кезек келесі ойыншыға беріледі. Осы ретпен әр ойыншы жинаған асығының санына қарай ұпай жинайды. Межелі ұпай санын (100, 40) ойын жүргізуші алдын-ала белгілейді. Межеге бұрын жеткен ойыншы жеңімпаз болып саналады.

Ескерту: Асықтарды бір-біріне тигізу кезінде қолмен сүйретіп апаруға, орнынан қозғап түзетуге болмайды. Ойынның соңына дейін ханға бірде-бір асық тимеуі керек. Себебі ол – хан.

Хан алшы

«Хан алшы» — қазақ халқының ұлттық ойындарының бірі асық ойынының бір түрі. Ойынға 5 немесе 10 бала қатысады. Көп асықтың ең ірісі қызыл түске боялады. Бұл асық «Хан асығы» болып саналады. Асықтар тізіп қойған соң, ойын бастаушы «Хан асығымен» оларды көздеп, құлатады. Құлаған асықтарды жинап алады. Егер «Хан асығы» бүк, шік, тайқы қалыптарымен түссе, ойын бастаушы жақын құлаған асықтарды ата береді.

Егер ойын бастаушы асықтарды қолымен құлатып алса немесе басқа асықтарымен атса, онда ойынды келесі бала жалғастырады. Ең соңында, «Хан асығы» кімнің қасында қалса, сол бала жеңіске жетеді. Келесі ойынды жеңіске жеткен бала жалғастырады.

Ақсерек - көксерек

Бұл ойынды ойнау үшін балалар екі топқа бөлінеді, қолдарынан ұстап тұрады. Ара қашықтық 20-30 қадам.

1-ші топ.

Ойынды бастайды Ақсерек-ау, ақ серек,

Бізден сізге кім керек. 2-ші топ.

Ақсерек-ау, ақ серек,

Сізден бізге ... (бала аты) керек.

Аты аталған бала келесі топқа дейін жүгіріп барып ортасынан ұстасқан қолдарды ажыратып кету керек. Егер өтіп кетсе сол топтан бір баланы тобына алып қайтады, өте алмаса сол топта қалады. Ойын осылай жалғаса береді.

Соқыр теке

Балалар дөңгелене тұрады. Топ ішінен бір баланың көзі байланады. Балалар: Бота, бұзау, қозы, лақ,

Қайда кеткен құлыншақ.Соқыр теке бақ-бақ,

Мені ізден тап-тап - деп өлеңмен айтады.

Содан кейін Соқыр теке (көзі байлаулы бала) балаларды қуалайды немесе балалар оның жанына келіп түртіп қашады. Соқыр теке ұстап алғанбаланың көзі байланады да ол «соқыр теке» рөлін атқарады. Ойын осылай жалғаса береді.

Тақия тастамақ

Ойынға бірнеше бала қатысады. Балалар шеңбер жасап отырады. Жүргізуші шеңбердің сыртын айнала жүгіріп жүріп, біреуінің артына білдіртпей тақияны тастап кетеді. Егер біреу сезіп қойса, жүргізушіні қуып жетуі керек. Ал, жүргізуші қуған баланың орнына тұра қалуға тырысады.

Жүргізушіге жете алмаған бала айыбын төлейді, өнер көрсетеді.

Күш сынаспақ

Бұл ойын стол үстінде екі баланың білек сынасуымен орындалады. 2 бала шынтақтарын столға тіреп, қол бастарын айкстырады. Кім білекті столға жықса, сол бала жеңіске жетеді. Ағаш аттың үстінде аттың басын ұстап тұрып 2 білектен тартысып сынасуға да болады. Бірақ баланың қауіпсіздігі қатаң бақыланады.

Арқан тарту

Бұл екі топқа бөлінген балалармен немесе екі баламен ойналады. Арқанның екі жағынан екі бала немесе екі топқа бөлінген балалар тартысады.

Қай топ арқанды өз жағына тартып алып келсе, сол топ жеңіске жетеді.

Екі бала тартысқанда қай бала өзіне қарай арқанды тартып екінші баланы құлатса, құламаған бала жеңіске жетеді.

Сақина жасыру

Ойынды бастаушы және сақина жасырушы бала белгіленеді. Қалған ойыншылар жерге отырып тізелерінің үстіне алақандарын жаяды. Бастаушы жабулы қолын әрбір ойыншының алақанына салысымен, ол бала

алақанын жаба қояды. Бастаушы бір баланың алақанына сақина салысымен, ойыншылардың біреуінен «Сақина кімде» - деп сұрайды. Ол сақинаның кімде екенін білсе, сол баламен орнын ауыстырады. Ал білмесе, ол өз өнерін көрсетеді. Ойын басқарушы ойынды осылай жалғастыра береді.

Қуыр-қуыр қуырмаш

Оң қолдың бес саусағын бір жерге түйістіреді де, сол қолымен оны бүрмелеп қапсыра ұстайды. Содан соң екінші балаға:

- Ортаңғы саусағымды тапшы, - дейді. Екінші балаға қарап байқап отырады да, міне, - деп бір саусақтың басынан шымшып ұстап тұрады. Егер екінші бала жасырушының ортаңғы саусағын дәл тапса, ұпайды бірінші бала тартады. Ұтқан бала ұпай алу үшін мына ережелермен сөздерді жақсы білуі керек.

Бас бармақтан бастап шынашаққа дейін, саусақтардың атын түгел атап береді: бас бармақ, балан үйрек, ортан терек, шылдыр

шүмек, кішкентай бөбек. Бес саусағын түгел жұмады. Тағы да бас бармағыннан бастап, былай деп 5 саусақты түгел жазады.

Сен тұр қойыңа бар.Сен тұр түйеңе бар

Сен тұр жылқыңа барСен тұр сиырыңа бар

Сен кішкентай әлі жас екенсің

Қазанның қаспағын қырып же де, жыламай отыра тұр.

Енді осы шынашақтың өзін алақан шұңқырына бүгіп тұқырта ұстайды

Қуыр-қуыр, қуырмашБалапанға бидай шашӘжең келсе есік аш

Қасқыр келсе мықтап бас

Шынашақты шыр айналдырып, баланың алақанын қытықтайды.

Осыдан соң:

Мына жерде қой бар Мына жерде жылқы барМына жерде түлкі бар

- деп баланың білегінен қолтығына дейін түртіп, ең соңында мынажерде күлкі бар – деп қытықтайды.

Аударыспақ

«Аударыспақ» — өте көне дәуірден келе жатқан қазақ халқының ұлттық спорт ойыны. «Аударыспақ» – қазақ халқының арасында кеңінен таралған ойын. Балалар екі жақ басы берік тұғырға бекітілген биіктігі бір-бір жарым метрдей (балалардың жасына қарай), ұзындығы 70-80 сантиметрдей ағаш аттарға мінеді. Бір-біріне қапталдас орналасқан ағаш аттардың ара қашықтығы екі жақтан созылған қол жететіндей болса жеткілікті. Оларға мінген шабандоз балалар бір-біріне қарама-қарсыотырып қол ұстасады. Төрешінің белгісімен бірін-бірі тартып, не итеріп, әйтеуір қай айласын, не күшін асырғаны қарсыласын ағаш аттан аударып түсуі шарт. Аяқты жерге ағаш атқа тіреуге болмайды. Онда ойын шарты бұзылады. Ойын алаңының айналасына құм немесе жұмсақ кілем төселуі керек. Қай топ жеңсе сол топ жеңімпаз атанады.

Теңге ілу

Ойынға қатысушылар тепе-тең екі топқа бөлінеді. Әр қайсысы жеке- жеке шыбықтан ат мінеді. Ойын кезгі басталатын жерге сызық сызылады. Одан әрі 20-30 метрдей жерден тереңдігі бір қарыстай екі шұңқыр қазылады. Шұңқырға он-оннан теңге салынады. Содан соң екі топтан екі сайыскер шығады. Сызыққа келіп қатарласып тұрады. Бастаушының белгісі бойынша шыбық аттарын құйғытып, шаба жөнеледі. Сол беттерімен әлгі шұңқырға жетіп қол соғып жібереді де, теңгені іліп алып, әрі қарай шауып кете барады, шұңқыр тұсында бөгелуге болмайды. Ұпай әр сайыскердің іліп алған теңгелерінің санына қарай есептеледі. Қай топ көп ұпай жинаса, сол топ жеңеді.

Көтермек

Ортаға екі ойыншы бала шығады. Бір-біріне арқаларын беріп тұрады.Белгі бойынша кім бірін-бірі арқада көтеріп алса, сол бала жеңіске жетеді.

Жеңіске жеткен бала ойында қала береді де басқа балалармен бірге күш сынасады.

Қыз қуу

Балалар арасынан бір ер бала, бір қызды ағаш атқа мініп қуады. Бала қызға жетіп қолынан ұстаса ол жеңіске жеткені. Кейде қызды 2 бала да қуады, қай бала бұрын жетіп қыз қолын ұстаса, сол бала жеңіске жетеді. Ал қуып жете алмаған жағдайда өлең айтып немесе би билеп өнерін көрсетеді.

Түйілген орамал

Ойын жүргізуші ойынды өзі бастайды. Ең алдымен балалардыайналасына жинап алады да «1, 2, 3» - деп дауыстайды. Осы кезде балалар жан-жаққа бытырай қашады. Ал ойын жүргізушісі қолында түйілген орамалы бар баланы қуалайды. Ол орамалды басқа біреуге лақтырады, қағып алған бала қаша жөнеледі. Осылайша ойын жүргізіледі, түйулі орамалды алғанша қуалай береді. Ұсталған ойыншы көпшілік ұйғарымымен ортада тұрып өнер көрсетеді. Одан кейін ойын жүргізуші ауыстырылады. Ойын ойнап болған соң балалар шеңбер жасап тұрады.

Әуе таяқ

Балалар екі топқа бөлінеді. Әр топта 5-тен 10-ға дейін ойыншы болады. Екі топқа екі таяқша (жұмсақ таяқша) беріледі, жерге түзу сызық сызылады. Ойыншының біреуі ортаға шығады да бір алақанына зат жасырып, екінші қолының жұдырығын бірдей жұмады.

Екінші ойыншы зат жасырылған қолды тапса, ойынды бастаушы сол болады. Сөйтіп қолындағы таяғын жоғары лақтырады. Осы кезде қасындағы ойыншы да таяғын лақтырады, қасындағы баланың таяғын қағып түсіруі шарт. Таяқты қағып түсірген бала өз тобына ұпай әкеледі.

Қара құлақ

Ойынға 5-10 бала қатысады. Олар оңаша жерге топталып өз араларынан бір баланы қазық етіп белгілейді. Қазық тұрған жерінде қозғалмай тұрады. Басқалары әрі кетеді. Содан кейін ойынға қатысушылар қазықты алыстан қоршап бірте-бірте жақындай түседі.

Таяп келіп мынау кім? – деп бір-бірінен сұрасады. Біреуі ой бұл қара құлақ қой! - деп қаша жөнеледі. Қалғандары да – қара құлақ, қара құлақ! - деп бытырай қашады. Қарақұлақ біреуін ұстау үшін тұра қуады. Ұсталған бала қара құлақ болып, ойын әрі қарай жалғасады.

Санамақ

Көпшілік қатысады. Ойынның шарты: ойын бастаушы қатысушы бір адамды ортаға алып шығады. Ол адам бір тектес атау сөзден жаңылмай, кідірмей аттап жүріп айтуы керек. Тоқтамай қателеспей айтып шықса, жүлде алады. Егер қателессе ойыннан шығады. Мысалы: жаңылмай 10ақынның немесе 10 өзеннің атын атауы керек.

Ақшамшық (сақина салу)

Бұл – қазақ халқының ерте заманнан келе жатқан дәстүрлі ойыны. Оны сақина салу, сақина тастау деп те айтады. Ойынға он-он бес адам қатысып, ортаға бір баланы немесе бір қызды шығарып, қолына сақина ұстатады. Ойын ережесі бойынша қыз-жігіттер үйде

дөңгелене отырып, екі алақанын бір-біріне қабыстырып алға созады. Ойынды жүргізушінің алақанындағы сақинаны кімге салса да өз еркі. Ол барлық адамдардың алақанына сақина салған болады, «Тұр сақинам, тұр», - деп, немесе «Ақшамшығымды бер!» деп дауыстайды. Сол сәт сақина тасталған адам орнынан атып тұруға тиісті, «Сақина менде», - деп. Оны көршісі ұстайалмай қалса, жұрт алдында өз өнерін көрсетеді.

Ақсүйек

Ең алдымен, ойнаушылар өзара келісіп, жеңген топ үшін жүлде тағайындайды да, екі топқа бөлінеді. Топ басқарушылар ақсүйекті қайсысының лақтыратынын шешіп алу үшін кезектесіп таяқ ұстайды, таяқтың басына кімнің қолы бұрын шықса, сол ақсүйекті құлашы жеткенше лақтырады. Ақсүйек жерге түскеннен кейін ғана ойыншылар іздеуге шығады. Көмбеде топ басқарушылардан басқа ешкім қалмайды. Ақсүйекті тапқан ойыншы ешкімге білдірмей, көмбеге қашуға әрекет жасайды да, ал қарсыластары біліп қалса, қолма-қол тартып алуғатырысады. Сондықтан ақсүйекті алдымен тауып алған топтың ойыншылары біріне-бірі лақтырып, көмбеге қай топтың адамы бұрын жеткізсе, сол топ жеңіске жетіп, жүлдегер атанады. Келесі жолы ақсүйекті екінші топ лақтырады, сөйтіп ойын жалғаса береді.

Сиқырлы таяқ

Ойнаушылар қол ұстасып, дөңгелене шеңбер жасап тұрады. Қолында таяғы бар ойын жүргізуші шеңбердің ортасына келеді де, ойынның тәртібін түсіндіреді. Ойнаушыларды бірден бастап түгел нөмірлеп шығады. Ойынның шарты бойынша ойын жүргізуші қолындағы таяғын шеңбердің ортасында тік ұстап тұрады да, бір нөмірді атап, таяқты қоя береді. Аталған нөмір таяқты жерге құлатпай ұстап қалуы керек, ал таяқты ұстай алмай құлатып алса, онда айып тартады, яғни көптің ұйғаруымен ортаға шығып, өнер көрсетеді. Ойынға қатысушылардың бәрі бір-бір реттен міндетті түрде ойнап шығулары керек. Ал одан әрі ойынды жалғастыру-жалғастырмау ойнаушылардың өз еркінде. Ойнаушылардың саны көп болса, ойын қызықты өтеді.

Арқан тартыс

Бұл ойынның екі түрі бар. Біріншісі жазда көгал үстінде, екіншісі қыста қар үстінде ойналады. Жазда ойыншылардың саны 10 баладан кем болмаса, ойын қызықты болады. Ойынға ұзындығы 8-10 метрлік екі ұшы түйілген арқан әзірленеді. Оның тең ортасына белгі ретінде қызыл матаны байлап қояды. Ойынға қатысушы екі топтағылар өз жағында бойларына қарай сап түзеп, ойын бастауға белгі берілгенде арқанды өз жағына қарай тартады. Қыста он-он бес бала тартқанда үзілмейтін арқан тандап алынып, үлкен адамның алақанының көлеміндей екі тақтайдың ортасынан өткізіліп, ортасына аққала үйіліп, екі жақ оны өзіне қарай құлату үшін тартады.

Тымпи

Тымпи – ойынға қатынасушылар шеңбер жасап, дөңгелене отырады. Бір баланы ойынды жүргізуге белгілейді. Ол: «Ал, ойынды бастаймыз, бәрің түгел тым-тырыс тымпи!» - деп бұйырады. Бұдан кейін бірде-бір ойыншы дыбыс шығармауы, үн қатпауы керек. Алайда бастаушы ғана сөйлеуге ерікті. Ол адам күлерлік қимыл-қозғалыспен әзіл-қалжың сөздерді айтып, қалай да біреуді күлдірудің амалын іздейді. Қалжың жыр да айтады. Ешқайсы шамданбайды. Өйткені ойынға қатынасушылардың аты қалжың өлеңге қосылмауы керек. Әзілі де, сықағы да өтпесе, бет-аузын тыржындатып, әр түрлі құбылтады. Қолайсыз қимылдармен құбылыстар жасап қозғалады. Жаңылыстыру үшін неше алуан сұрақтар қояды. Біреу абайсыз жаңылып сөйлесе не күліп жіберсе, айып тартады. Өлең айтады, ән салады не би билейді. Сондықтан ойынды жүргізуші тілмәр, әзілкеш, күлдіргі бала болуы керек.

Көрші ойыны

Көрші ойынын үлкен бөлмеде немесе таза ауада көгалды жерде өткізуге болады. Ойыншылар саны 10-нан 30-ға дейін болуы керек. Яғни екі топтың балаларын қосып ойнатуға да болады. Ойыншылар дөңгеленіп, екі-екіден шеңбер құрып отырады. Тағы бір бала ортаға шығып, жұп болып отырған ойыншылардың бір жұбына келіп, «Көршіңмен татусың ба?» - деп сұрайды.

Егер сұрақ қойған жұптың біреуі «Көршіммен аразбын» десе, онда сұрақ қоюшы бала оның қасындағы көршісін орнынан тұрғызып, соның орнына өзі отырады. Орнынан тұрған адам ортаға шығып басқа бір жұптан «Көршіңмен татусың ба?» деп сұрап, ойынды соза береді.

Ал егер ойыншы көршісімен «татумын» деп, қасында жұп болып отырған баланы жібергісі келмесе, онда сұрақ қоюшы адам оны жазалайды. Ол ән салады, би билейді, болмаса әңгіме, ертегі, жаңылтпаш айтып береді. Осылай ол көршісін алып қалады. Егер ойыншы бұл тапсырманы орындай алмаса, өз орнын сұрақ қоюшы адамға береді де өзі соның міндетін атқаруға кірісіп ойынды қайтадан бастайды. Сөйтіп, ойын жалғаса береді.

Жаңылма

Бір топ бала көгалды алаңға жиналып, қол ұстасып, дөңгелене тұрады да, ортасынан санамақ айтып бір баланы ортаға шығарады. Шыққан бала өлең, тақпақ, әңгіме айтып тұрып кез-келген жерінде жата қалады, не болмаса құлағын ұстайды, басын сипайды, тағы сол сияқты іс-әрекеттерді жасайды. Оның өлең, тақпақ, әңгіме айтып тұрып істеген қимылдарын

қайталай алмай қалған бала айыпты болып, өлең айтады, билейді, әңгіме айтып күлдіреді.

Ойын балаларды шығармашылыққа, ынтымақтастыққа, аңғарымпаздыққа үйретеді.

Білектесу

Бір столдың шетіне қарама-қарсы отырған екі бала оң қолдарының шынтағын столға тіреп қояды да, бірінің қолын бірі алақандастыра мықтап ұстайды. Сол жақтағы қолдарын әркім өзінің оң жақ қолтығына тығып алады. Осылай ұстасып алған екі палуан бала, ойын бастаушы команда берісімен, шынтақтарын сол орнынан қозғамай, қарсыласының тіреулі қолын шалқасынан түсіруге ұмтылады. Білегі тайып жантайған бала жеңіледі. Бұл білек күшінің жетілуіне көмектеседі.

Шалма

«Шалма» ойынына екі бала қатысады да, қалғандары көріп, тыңдап отырады. Ойын үйде, аулада өте береді. Ойыншылар біріне-бірі қарсы қарап отырады да, дайын болған шалманы бірінің қолынан бірі алады. Алғашында екі ұшын біріктіріп түйеді де, екі қолға, яғни төрт саусаққа кигізеді, ортаңғы саусақпен кезекпен іліп алады, сонда «ыңыршаң» шығады.

Екінші жағдайда, келесі ойнаушы басбармақ және сұқ қолымен ыңыршақтың екі жақ керегесінің үстінен астына қарай алып, «кереге» шығарады. Үшінші жағдайда керегені үстінен астына қарай алып, «шаңырақ» шығарады. Төртінші жағдайда шаңырақты екі шынашақпен айкастыра іліп алып, «астауша» шығарады. Бесіншіде «кереге» қайталанады, алтыншыда «шынтақ» шығады. Енді әрі қарай жалғастырып ойнай берсе - «астау», «кереге», «шынтақ», «астау», «кереге», «шынтақ» болып қайталана береді.

Ойлы ойыншылар бұл бейнелердің жаңа көріністерін өзінше өрнектепкеңейте беруге тырысады.

Бұл жас өспірімдердің тұрмыстағы үй жабдықтарын қалай пайдаланатындықтарын көз алдына елестетіп, соларды өзі жасағандай әсерлендіре түседі. Балалардың қиялын қозғап, шығармашылық ізденіске, ой-жүйелерін дамытуға үлкен көмек береді.

Сақ құлақ

Сақ құлақ — ұлттық ойын. Бұл ойынның әрбір қимылы сөйлеп жүріп орындалады. «Сақ құлақ» ойынын қазір көбінесе «Телефон» деп атап жүр. Біз оның ескі атауымен аталуын жөн көрдік. Қатысушылардың арасынан бір бала ойын жүргізуші болады. Ойнаушылар қаз-қатар түрегеліп тұрады

немесе қатарласа отырады. Бірақ бір ойыншы мен екінші ойыншының арасы бір метрдей алшақ болуға тиіс. Ойынды бастаушы (I-ойнаушы) естілер-естілмес дауыспен бір-екі сөзді бірақ рет айтып қалады. Сол сөзді қағып алған екінші ойнаушы үшіншіге, үшінші төртіншіге, төртінші одан әрі тез-тез айтып, онан әрі жеткізе береді. Олардың бәрі сөздерді бір рет қана айтып, тым-тырыс отырады.

Айтылатын сөйлем екі не үш сөзден құралған шағын болуы керек. Оның бір мүшесі өз құрамындағы дауысты немесе сөз басындағы ұяң дыбыстардың естілу жөнінен екі ұшты, яғни басқа бір дыбысқа ұқсас сөз болуы қажет. Мысалы, тарғақ көрдім - жарғақ көрдім, борсық көрдім, т.б.

Ең соңғы ойнаушы ойын бастаушыға сыбырлап өзіне жеткен сөзді айтады. Егер сөз дұрыс жеткен болса, ойын тағы да үш рет басқа сөздермен қайталанады. Егер сөз бұзылып жеткен болса, бастаушы соңғы ойнаушыдан бастап I-ойыншыға қарай сыбырмен ғана тындап, сөзді бұзушы кім екендігін анықтайды. Сөз бұзған ойнаушы ең аяққа барып тұрады да, екі-үш ауыз жаңылтпашты қайталап дұрыс айта алмаса, ұпай тартады. Ұпай келісім бойынша не өлең айту, жұмбақ шешу немесе бір өнер көрсету (мысалы, сурет салу, үлгі кию, есеп шығару т. б.) арқылы орындалады.

Ойын жас өспірім балалардың зердесін дамытып, өнерге деген құштарлығын арттырады.

Кім жылдам?

Ежелгі ойындардың бірі - *Кім жылдам?* Ойын аулада, спорт залында, бөлмеде ойнала береді. Ойыншылар ойынға екі-екіден қатысады. Ортаға шыққан екі бала бір-біріне арқасын беріп, екі жаққа қарап тұрады. Аяқтарының арасын иықтарының деңгейімен бірдей етіп ұстайды. Сонан соң ойын жүргізуші екеуінің аяғының арасына ұзыннан-ұзақ белбеу тастайды да «бір, екі, үш» деп санайды. «Үш дегенде кім еңкейіп белбеуді бұрын алса, соның жеңгені. Бұл адамның өз денесін еркін меңгеріп, тез қимылдауының нәтижесінде жүзеге асады. Ойынға басқа ойыншылар шығады. Ойын жалғаса береді. Екінші кезекте әр жұптың жеңімпаздарымен арадағы жарыс болады. Ең соңында жеңген екі ойыншы қалады. Сол екеуінің қайсысы жеңіп шықса, сол жеңімпаз атанады.

Үш орындық ойыны

Үш орындық ойының кең бөлмеде, спорт залдарында ойнауға болады. Ол үшін ортаға үш орындық қойылады. Ойынға қатысушылардың санына байланысты орындықтың көбейе түсуі мүмкін. Ойын жүргізушінің берген белгісі бойынша ойыншылар ортада тұрған орындықтарды айнала жүгіреді. Ойын қыза бастағанда жүргізуші отырындар деген белгі береді. Сол кезде ойыншылар орындықтарға отырыса қалады. Ал орындыққа

отырып үлгере алмағандар, ойыннан шығады. Енді орындықтың бірі алынып қойылады да, ойыншылар қалған орындықты айнала жүгіреді. Ойын бір орындық пен екі ойыншы қалғанға дейін, олардың бірі жеңіп шыққанға дейін жүргізіле береді. Сонан соң ойын қайта басталады да, артынан жеңімпаздар арасында өзара тартыс басталады. Жеңіп шыққан ойыншы ең жылдам ойыншы деп аталады. Әр топтың жеңімпаздарынамақтау сөздер айтылып, сыйлықтар беріледі.

Жүйріктер жеңеді

«Жүйріктер жеңеді» — ұлттық ойын. Ойынға қатысушылар көк және сары топ болып екі топқа бөлінеді. Бір төбенің үстіне ойыншыларға түгелдей жетерлік мөлшерде көк және сары таяқшалар тасталады.

Ойынды жүргізуші ретінде басқарушы тағайындалады. Ол төрешілік міндетті қоса атқарады. Төрешінің белгісі бойынша ойынға қатысушылар белгіленген көмбеге қарай тұра жүгіреді. Жеткен ойыншы өз командасының түсіне сай бір-бір таяқшаны алып кері жүгіреді де, сөре сызыққа әкеп қояды.

Қай түсті топтың ойыншылары өз командасының бояуына сәйкес таяқты белгілеген мерзімге көбірек алып келсе, сол топ жеңеді. Ойын балаларды белгілі бір мақсатта ұжымдық әрекет жасауға, шапшаңдыққа үйретеді.

Шүлдік ойыны

Жазық алаңда ойналатын жас өспірімдер ойынының бірі - «Шүлдік» ойыны. Ойынға екі басы үшкірленген ұзындығы бір қарыс шүлдік (ағаш) керек. «Шүлдікті» ойнау үшін үлкен шеңбер сызылады, ортасына шүлдік қойылатын шұңқыр қазылады, шүлдік шұңқырдың ішіне емес, үстінде жатуы керек. Әр ойыншының қолында ұзындығы бір метрдей таяғы болуы керек. Ойынға қатынасушылардың санына шек қойылмайды. Ойнаушылардың санына қарай екі топқа бөлінеді.

Бірінші болып кезек алған топтың ойыншысы «шүлдікті» қолындағы таяғымен жерден көтеріп алып, жерге түсірмей соғады да, таяғын шеңбердің үстіне тастайды. Ал екінші болып кезек алған ойыншы шүлдікті түскен жерінен алып, қайтадан соққан ойыншының таяғын көздеп, шеңберге қарай лақтырады. Лақтырған кезде таяққа тигізсе, я болмаса, шеңбердің ішіне түсірсе, онда соғушы ойыншы ойыннан шығып қалады. Шүлдікті бірінші болып жерден көтеріп, жерге түсірмей соққан кезде ойыншы тигізе алмаса, ол да ойыннан шығып қалады. Ал лақтырған ойыншы не таяққа тигізе алмай не болмаса дөңгелек сызықтың ішіне түсіре алмаса, онда бірінші ойыншы енді «шүлдікті» шекіп соғады, әр соққанда үш реттен соғады. Сөйтіп, «шүлдік» қай жерге барып түссе, сол жерден дөңгелек сызыққа дейінгі қашықтықты таяғымен өлшеп шығады да, екінші ойыншыға ұпай мөлшерін белгілейді. Бірінші ойыншы әлгі

Мад «Ботақан» тобы

себептермен ойыннан шығып қалса, онда екінші ойыншы соғушы болады, ол шығып қалса, үшінші ойыншы соғушы болады. Ойын осылайша барлық ойыншы ойнап болғанша, жалғаса береді.

Ойынның шарты бойынша шекіген кезде «шүлдікке» тимей, таяғы жер қауып қалса, ұпайы күйіп кетеді. Шүлдікті екінші рет шекіген ойыншы, оны қолымен ұстап қойса, онда да оның ұпайы күйіп кетеді. Сондықтан «шүлдікті» тек үшінші рет шекігеннен кейін ғана ұстауға болады.

«Шүлдік» ойыны ойнаушылардың қолдарының бұлшық етін жетілдіріп, жылдамдыққа үйретеді, «Шүлдікті» сызықтың үстіне түсіруге ұмтылу арқылы көз мөлшері, дәлділік пен мергендік қабілеттері жетіледі.

Жапалақтар мен қарлығаштар

Жапалақтар мен қарлығаштар - ұлттық ойын. Ойын кең, жазық алаңда өтеді. Ойынға қатынасушыларға шек қойылмайды. Ойнаушылар екі топқа бөлінеді де бірінің арқасына бірі арқасын қаратып, екі сан құрып тұрады. Бір қатардағыларды жапалақтар, екіншісін қарлығаштар деп атайды. Орталарынан біреуін ойын жүргізуші етіп сайлап алады. Ол ойыншылардың арасынан жүріп отырып, сөзін үзіп-үзіп, созып сөйлейді: қар (үзіліс) - лы - ғаш немесе жа..., ал сөз аяғын айтпайды. Сонда аты аталған топ бытырап қаша жөнеледі де, аты толық аталмаған топ оларды қуады. Ұсталған ойыншы ұстаған топтың ойыншыларының қатарына қосылады.

Ойын тәртібі: қашушылар мен ұстаушылар алдын ала келісілген белгі бойынша ұсталғанын мойындайды. Ол үшін қашушы ойыншы қолын тигізсе болды. Қай топтың жеңгенін ойын соңында қайсысының саны көп болса, соған қарай шешеді.

ТӘРБИЕ-БІЛІМ БЕРУ ҮДЕРІСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы: МКҚК №4 «Айгүл» бөбекжай бақшасы

Топ: «Ботақан» мектепалды тобы

Балалардың жасы: 5 жастағы балалар

Жоспар жасалған кезең: 30.01–03.02.2023ж (I – апта)

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 30.01.2023	Сейсенбі 31.01.2023	Сәрсенбі 01.02.2023	Бейсенбі 02.02.2023	Жұма 03.02.2023
Балаларды қабылдау	Балаларды денсаулығын бақылау, оларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау (Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, танымдық әрекет)				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында ата-анамен әңгімелесу. Ақпан айында болатын тәрбие шаралары туралы ақпарат беру.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Топта тазалық сақтауға, ойыншықтарды сүртуге, табиғат бұрышындағы тіршілік иелеріне күтім жасауға, кезекшілік міндеттерін жауапкершілікпен атқаруға баулу (танымдық, еңбек іс-әрекеттері)	«Автобус аялдамасы», «Тройллубус аялдамасы» жол белгілерімен таныстыруды жалғастыру. (танымдық іс-әрекеттер)	Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояуда түстерді өз қалауы бойынша таңдауын дамыту (бейнелеу іс-әрекеті)	Құрастыру материалдарымен, табиғи заттармен құрастыру ойындарын ойнау. (танымдық, зерттеу іс-әрекеттері)	Табиғат бұрышындағы еңбекті жетілдіру (бөлме өсімдіктеріне күтім жасау) (танымдық іс-әрекет)
Таңертенгі жаттығу	Жаттығулар кешені Таңертеңгілік жаттығу №11 Комплекс: «Орындықта» 1. Ұшақтар 2. Ұшақтар ұшады 3. Аяқ ұшына көтерілу 4. «Кеудені бұру» (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін жетілдіру. Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын пысықтау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) Асханада кезекшілердің міндеттерін орындау. Шамасы келетін, бірлескен еңбек әрекетіне қатысуға, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, дербестік пен жауапкершілікке баулу. (танымдық іс әрекет)				

	Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Шаттық шеңбері Достарым көп бақшада (шеңберге тұру) Көңілдіміз бақшада (қолдарын жайып) Достықты біз сүйеміз (бір-біріне қарап, жымию) Бірге күліп жүреміз Өзін мәдениетті ұстау, әдепті және сабырлы болуды үйрету. (Қарым-қатынас іс-әрекеті)	Саусақ жаттығуы: «Піл досым» Оң қол алақаны жайылып тұрады. Сол қол саусақтары бас бармақ пен кішкене бөбек артқы аяғы болса, балан үйрек саусақ пен шылдыр шүмек саусақ алдыңғы аяқтар, ал ортаңғы саусақ пілдің тұмсығы. (сөйлеуді дамыту, математика негіздері-танымдық, қарым-қатынас іс-әрекеті)	Ойын: «Сәлемдесу» Балалар екі - үш жұптан бір - біріне қарап, әр түрлі елдің, адамдардың сәлемдесу рәсімін көрсетеді. Мақсаты: Достық туралы өз ойын ата алады. Достар арасында сыйластық достық, сүйіспеншілік қарым-қатынастарын түсінеді. (Қарым-қатынас іс-әрекеті-сөйлеуді дамыту)	Саусақ жаттығуы» Қолдар, саусақтар жоғары қарайды. Алақандар айшанақпен қосыла түптері өзара жанасады, Саусақтар ашылады Осы жаттығуларды орындай отырып, мына өлең жолдарын айтады: Саусақтар шынжыр болады, Үзілмейді тартсаңда. Ал, піл келіп шынжырды, Үзіп кетті басқанда. Тұмсығымен доп іздеп, Ойнағысы келіп тұр. Достық үшін пілге мен, Гүл сыйлағым келіп тұр. (математика негіздері, сөйлеуді дамыту-танымдық, қарым-қатынас іс-әрекеті)	«Достық» жаттығуы Біздің топта ұлдар мен қыздар өзара дос. (қолдың саусақтары өзара бірігеді) Кішкентай саусақтар біз сенімен достасамыз, (екі қолдың саусақтарын бір-біріне тигізу) Бір, екі, үш, төрт, бес, (шынашақтан бастап, саусақтарды кезекпен бір-біріне тигізу) Қайтадан санауды бастаймыз. Бір, екі, үш, төрт, бес, Енді санауды аяқтадық. (қолды төмен түсіреміз, демалтамыз). (сөйлеуді дамыту, математика негіздері - қарым-қатынас, танымдық іс-әрекеті)
Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	Денешынықтыру Міндеті: Іштің бұлшық еттеріне арналған жаттығулар Физикалық дағды Ойын: «Бірге ойнаймыз» Мақсаты: екі бала	Денешынықтыру Міндеті: Іштің бұлшық еттеріне арналған жаттығулар. Физикалық дағды Ойын: «Жұптасып жасаймыз»	Сауат ашу негіздері Міндеті: Сөйлемді ауызша талдау: жай сөйлемдерді сөздерге бөлу, сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтау	Денешынықтыру Міндеті: Іштің бұлшық еттеріне арналған жаттығулар. Физикалық дағды Ойын: «Жұптасып жасаймыз»	Музыка пән мұғалімінің жоспары бойынша Сөйлеуді дамыту Міндеті: Сөйлемдердегі

жұптасып жасайды: бірінші бала қолын желкесіне қойып, шалқасынан жатып, денесін көтереді, екінші бала оның аяғына отырады (5-6 рет); гимнастикалық қабырғада қолдарымен тартылып тұрып, аяқтарын көтеру (5-6 рет) Сөйлеуді дамыту Міндеті: Сөйлемдердегі сөздерді: зат есімдерді сан есімдермен үйлестіре білуді жетілдіру Коммуникатив дағдыларды дамыту Ойын: «Қызықты құрылымдар» Мақсаты: Фонематикалық естуді дамыту, суретке қарап әңгіме құрастыру. Сөйлем құрау барысында зат есімдерді сан есімдермен үйлестіруге үйрету. Математика негіздері Міндеті: танымдық-зерттеушілік қызығушылықты, ойлауды, алдына қойылған міндетті шешуде не істеу, қалай істеу керек екенін түсіну	Мақсаты: екі бала жұптасып жасайды: бірінші бала қолын желкесіне қойып, шалқасынан жатып, денесін көтереді, екінші бала оның аяғына отырады (5-6 рет); гимнастикалық қабырғада қолдарымен тартылып тұрып, аяқтарын көтеру (5-6 рет) Сауат ашу негіздері Міндеті: Сөйлемді ауызша талдау: жай сөйлемдерді сөздерге бөлу, сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтау Коммуникатив дағдыларды дамыту Ойын: «Менің құралдарым» Мақсаты: Техника құралдарының суреттерімен жұмыс жүргізе айтылған сөйлемді ауызша талдау: жай сөйлемдерді сөздерге бөлу. «С» дыбысымен таныстыру, сөз, сөйлем құруды үйрету	Коммуникатив дағдыларды дамыту Ойын: «Сөйлемдер» Мақсаты: Сөйлемді ауызша талдау: жай сөйлемдерді сөздерге бөлу. Тамшы тәрізді пішіндерді олардың арасындағы арақашықтықты сақтап жазуға мүмкіндік беру Музыка пән мұғалімінің жоспары бойынша Математика негіздері Міндеті: Танымдық-зерттеушілік қызығушылықты, ойлауды, алдына қойылған міндетті шешуде не істеу, қалай істеу керек екенін түсіну Танымдық дағдыларды дамыту Ойын: «Бағдарлау» Мақсаты: Заттар мен құбылыстардың математикалық мәнін тануға қызығушылық пен эмоционалды көзқарасты қалыптастыруға баулу. Қағаз парағын бағдарлай білуді бекіту. Тік және	Мақсаты: екі бала жұптасып жасайды: бірінші бала қолын желкесіне қойып, шалқасынан жатып, денесін көтереді, екінші бала оның аяғына отырады (5-6 рет); гимнастикалық қабырғада қолдарымен тартылып тұрып, аяқтарын көтеру (5-6 рет) Сауат ашу негіздері Міндеті: Сөйлемді ауызша талдау: жай сөйлемдерді сөздерге бөлу, сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтау Коммуникатив дағдыларды дамыту Ойын: «С дыбысы» Мақсаты: Сөздерден сөйлем құрастыруды үйрету, буынға бөлуді дамыту. Дыбыстық талдау жасату. Артикуляция бойынша дұрыс айтуды үйрету Көркем әдебиет Міндеті: Сахналық қойылымдарға қатысуға	сөздерді: сын есімдерді зат есімдермен үйлестіре білуді жетілдіру Коммуникатив дағдыларды дамыту Ойын: «Қысқы көрініс» Мақсаты: Балалардың қыс мезгілі және оның ерекшеліктері туралы білімдерін кеңейту; "Жыл мезгілдері" атты ертегіні оқып беріп, сұрақ жауап ұйымдастыру, сын есімдерді зат есімдермен үйлестіре білуді жетілдіру Қоршаған ортамен танысу міндеті: «Өлі табиғат» ұғымымен таныстыру (су, ауа, мұз сүңгілері, күн, бұлт, қар, тастар, жел, жаңбыр) Әлеуметтік дағдыларды қалыптастыру Ойын: «Табиғат әлемі» Мақсаты: Балаларды қоршаған ортамен таныстыру, табиғат аясындағы жанды және жансыз заттырға
---	--	---	---	---

	Танымдық дағдыларды дамыту Ойын: «Ойыншықтар» Мақсаты: Топтағы әр түрлі ойыншық түрлерінен жиын жасату. Қисық және қиғаш сызықтарды дәптердің тор көзінде сызуға үйрету. Сурет салу міндеті: қазақ ою-өрнектерінің түрлері туралы түсінігін кеңейту; өзіне тән элементтерді пайдалана отырып, оларды құрастыра білуін дамыту Шығармашылық дағдыларын дамыту Ойын: «Аяздың қырау оюлары» Мақсаты: Балаларға қылқалам түгінің ұшымен шаршы немесе тіктөртбұрыш пішініне жіңішке немесе жуан келген, иректелген, бұрмаланған, нүктеленген ою элементтерін салу техникасын игерту	Көркем әдебиет Міндеті: Сахналық қойылымдарға қатысуға баулу Коммуникатив дағдыларды дамыту Ойын: «Алдар көсе Ханды қалай емдейді» Мақсаты: Ертегіні мұқият тыңдауды, ертегі мен әңгімені ажыратуды үйрету. Өз ойын толық айтуға үйрету. Ертегіні оқып, мазмұнын түсіндіріп, оны балалардың өздеріне сахналау арқылы сөздік қорларын көбейту, ауызекі сөйлеулерін дамыту Қазақ тілі Міндеті: таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуға мүмкіндік беру Коммуникатив дағдыларды дамыту «Қаңтар мен Ақпан» ертегіс	көлбеу таяқшаларды дәптердің тор көзінде сызуға үйрету Қоршаған ортамен танысу Міндеті: тірі және өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін кеңейту. Әлеуметтік дағдыларды қалыптастыру Ойын: «Тірі және өлі табиғат» Мақсаты: Балаларды табиғат аясындағы жанды және жансыз заттырға қамқорлық жасауға баулу. оның қажеттілігін түсіндіру.	баулу Коммуникатив дағдыларды дамыту Ойын: «Алдар көсе Ханды қалай емдейді» Мақсаты: Ертегіні мұқият тыңдауды, ертегі мен әңгімені ажыратуды үйрету. Өз ойын толық айтуға үйрету. Ертегіні оқып, мазмұнын түсіндіріп, оны балалардың өздеріне сахналау арқылы сөздік қорларын көбейту, ауызекі сөйлеулерін дамыту Математика негіздері Міндеті: танымдық-зерттеушілік қызығушылықты, ойлауды, алдына қойылған міндетті шешуде не істеу, қалай істеу керек екенін түсіну Танымдық дағдыларды дамыту Ойын: «Достық үйінің құрылысы» Мақсаты: Балаларға әртүрлі оқиғалар мен ертегілердің мысалында, іс-тәжірибеде тұтас бөлікті тең екі және төрт	қамқорлық жасауға баулу. оның қажеттілігін түсіндіру. Қазақ тілі Міндеті: таныс немесе бейтаныс ертегілер; шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуға Коммуникатив дағдыларды дамыту «Түлкі мен сұр қасқыр ертегісі» Мақсаты: Балаларға «Түлкі мен сұр қасқыр» ертегісін таныстыру; айла, алдау, ашкөздік, ақымақтық, мейірімділік және жанашырлық сияқты қасиеттер туралы түсініктер қалыптастыру; маусымдық өзгерістер туралы; құстар мен жануарлардың жаз, қыс мезгіліндегі тіршілігі
--	---	--	--	--	---

		Мақсаты: ертегіні мұқият тыңдауды, ертегі мен әңгімені ажыратуды үйрету.		бөлікке бөлу тәсілін үйрету; шынайы құрылыстар мен сызбаларды тұтас бөлік көріп, құрамындағы ұсақ бөліктерді ажыратып, сан құрамын көрсетуге дағдыландыру	
Серуенге дайындық	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ауладағы ойын құрылғыларын дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Балаларды ретімен (ауа-райы жағдайына байланысты) дұрыс киінуін бақылау (Қарым-қатынас және еңбек әрекеті, ірі және ұсақ моториканы дамыту). Серуенге шықанда қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды пысықтау.				
Серуен	Картотека №4 «Аспанды бақылау» (танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті) Мақсаты: Балалардың жансыз табиғат жөніндегі пікірлерін ұлғайту. Аспан туралы түсінік беру. Еңбек: Бақшаның қатарларын қармен толтыру Мақсаты: жүйекте өсетін өсімдікке құрметпен қарауға және нақты қызығушылыққа тәрбиелеу. Еңбек мәнділігін түсіндіру Қимылды ойын: «Ит	Картотека №5 «Күннің көзін бақылау» (танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті) Мақсаты: Қадағалауды, әуесқойлықты, көңіл бөлуді дамыту, жансыз табиғат құбылысы жөніндегі білімін нығайту Еңбек: Гүлді суару, жапырақты жуу Мақсаты: Балаларды өз бетінше тәрбиешінің берген тапсырмасын орындауға үйрету. Өсімдікке ұқыптылықпен қарап,	Картотека №6 «Қар жамылғысының тереңдігін бақылау» (танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті) Мақсаты: Қар туралы түсінік беру, қардың қалыңдығын қалай көруге болатынын көрсету. Қардың пайдасы мен зиян жақтарын айтып өту. Еңбек: Табиғат бұрышына жуа отырғызу. Мақсаты: Балаларға табиғат бұрышына жуа отырғызып үйрету. Жуаның құрамында	Картотека №7 «Тайғанақты бақылау» (танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті) Мақсаты: Тайғанақтың пайда болу жолдарын түсіндіру. Тайғанақ кезінде өзін дұрыс ұстай білуді үйрету. Еңбек: Жолға құмды төгу Мақсаты: Жолға құмды төгуде еңбектің мәнділігін балаларға түсіндіру. Қимылды ойын: «Аюлар мен аралар» Мақсаты:	Картотека №8 «Ағаштардағы қырауларды бақылау» (танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті) Мақсаты: Қыраудың пайда болу процессі туралы түсінік беру. Еңбек: Тайғанақ мұз жасау Мақсаты: Жолға су төгу үшін қарды нығыздату, қарды өздігінен күрекпен белгілі орынға алып бару. Ұжымдық еңбекке қатысуға үйрету Қимылды ойын: «Қу

	пен қоян» Мақсаты: Шапшаңдыққа, ептілікке баулу. Өзіндік іс – әрекет: Еркін ойын	уақытында күте білуге бағыттау Қимылды ойын: «Қарағайлы орманды аю» Мақсаты: Жылдамдыққа, ептілікке тәрбиелеу Өзіндік іс – әрекет: Еркін ойын	ағзаға пайдалы дәрумендердің барын білу Қимылды ойын: «Аңшылар мен қояндар» Мақсаты: балаларды қоян болып секіруге, аңшыдан қорғануға үйрету Өзіндік іс – әрекет: Еркін ойын	Шапшаңдыққа тәрбиелеу, өз ісіне жауапкершілік сезімін ояту Өзіндік іс – әрекет: Еркін ойын	түлкі» Мақсаты: Ептілікке және аңғарымпаздыққа үйрету. Өзіндік іс – әрекет: Еркін ойын
Серуеннен оралу	Жүйелі түрде шешіну, шкафтарға бүктеу, қолды жуу. Шешіну кезінде балалардың шкафқа колготки,сырт киімді салу дағдысын пысықтау. Балалардың достарынан көмек сұрауды сыпайы түрде білдіруді үйрету. Сабын ыдысынан сабын алуға, ересектердің көмегімен қолды сабындауға үйрету. Суреттерді қарау: "Балалар қолдарын жуады". Олар бойынша әңгіме. (көркем әрекет, дербес, еңбек әрекеті).				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау: қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу. Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою) Тамақтану (өз орнын білу,дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану , тамақтану кезінде сөйлеспеу, алғыс айту) (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті) Тамақтанғаннан кейін ауызды шаю.				
Күндізгі ұйқы	Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану дағдыларын жетілдіру. Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін баяу музыка қою, әлем ертегілерін оқып беру. (көркем әдебиет)				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. Ригалық әдіс бойынша сауықтыру. (дене жаттығулар мен белсенді қимылдар) Адам ағзасы және оның қызметінің ерекшеліктері туралы түсініктерді кеңейту. Балалардың назарын ағзасы мен денсаулығының ерекшеліктеріне аудару. Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз				

	балалардың шаштарын тарауға, өруге үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Гигиеналық шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну. Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар).				
Бесін ас	Кезекшілердің жұмысын (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау) Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын орындауды жетілдіру. Таза және ұқыпты тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. Асты тауысып жеуге үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Кітаптардан техника құралдарымен таныстыру. Жұмбақтар жасыру Арқырап бұлағы, Гүрілдеп тұрады. Сырты – жаз, іші – қыс, Кеппейді қырауы. (Тоңазытқыш) Жай да үнсіз тұрады, Біреу келсе тез жат деп, Қоңырауын ұрады, Дабыл қағып безектеп. (Телефон) Токқа тисе мұрты ұзын, Табанымен жазық Киімдердің қыртысын, Береді тез жазып. (Үтік) (Қарым-қатынас іс-әрекеті)	Дидактикалық ойын «Сымсыз телефон» Балаларға техника жайында мультфильм көрсету. Балалардан үй тұрмысында қандай техникалар бар екенін сұрау. Осындай техниканың бірі кір жуғыш машинаны мүсіндеудің үлгісін көрсету. Балаларды жеке жұмыс жасауға бөлу. (Шығармашылық, танымдық іс-әрекет)	Кітапқа қарап сурет мазмұны бойынша тақпақтар жаттату. (Қарым-қатынас іс-әрекеті) Лего құрастыру бөлшектері арқылы техника құралдарын құрастыру, өз бетінше ойдан құрастыруға баулу (танымдық іс-әрекеті)	«Ұр топқпақ» ертегісін естеріне түсіру. Үстел үсті театры арқылы бір біріне айтып беруін ұйымдастыру. (Қарым-қатынас іс-әрекеті)	Жақын адамдарға қалай қамқорлық жасау керектігі туралы сұрау. Суреттер арқылы науқасқа күтім жасау дағдыларын қалыптастыру: оған қамқорлық жасау, шуламау, оның өтініштері мен тапсырмаларын орындау. Науқастарға жанашырлық танытуға тәрбиелеу (Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті)

Балалармен жеке жұмыс	Балалардың қалауы бойынша орталықтарға бөлініп техника құралдарының суретін салу немесе мүсінін жасату. (Шығармашылық, бейнелеу іс-әрекеті)	Балалардың қалауы бойынша орталықтарға бөлініп ермексазбен қардан ,мұздан жасалатын мүсінді жасату (Шығармашылық, бейнелеу іс-әрекеті)	Балалардың қалауы бойынша дербес әрекеттер, кию үшін қайшыны қолдану дағдысын дамыту. (Шығармашылық, бейнелеу іс-әрекеті)	Балалардың қалауы бойынша орталықтарға бөлініп дербес шығармашылық әрекет жасауға мүмкіндік беру. (бейнелеу іс-әрекеті)	Әлеуметтік оқиғаларды, балалар өміріндегі оқиғаларды жапсыруды үйрету. (Шығармашылық, танымдық іс-әрекет)
Серуенге дайындық	Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	Картотека №4 «Аспанды бақылау» (танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті) Мақсаты: Балалардың жансыз табиғат жөніндегі пікірлерін ұлғайту. Аспан туралы түсінік беру. Еңбек: Бақшаның қатарларын қармен толтыру Мақсаты: жүйекте өсетін өсімдікке құрметпен қарауға және нақты қызығушылыққа тәрбиелеу. Еңбек мәнділігін түсіндіру Қимылды ойын: «Ит пен қоян»	Картотека №5 «Күннің көзін бақылау» (танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті) Мақсаты:Қадағалауды, әуесқойлықты, көңіл бөлуді дамыту, жансыз табиғат құбылысы жөніндегі білімін нығайту Еңбек: Гүлді суару, жапырақты жуу Мақсаты: Балаларды өз бетінше тәрбиешінің берген тапсырмасын орындауға үйрету. Өсімдікке ұқыптылықпен қарап, уақытында күте білуге	Картотека №6 «Қар жамылғысының тереңдігін бақылау» (танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті) Мақсаты:Қар туралы түсінік беру, қардың қалыңдығын қалай көруге болатынын көрсету. Қардың пайдасы мен зиян жақтарын айтып өту. Еңбек: Табиғат бұрышына жуа отырғызу. Мақсаты: Балаларға табиғат бұрышына жуа отырғызып үйрету. Жуаның құрамында ағзаға пайдалы	Картотека №7 «Тайғанақты бақылау» (танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті) Мақсаты:Тайғанақтың пайда болу жолдарын түсіндіру. Тайнанақ кезінде өзін дұрыс ұстай білуді үйрету. Еңбек: Жолға құмды төгу Мақсаты: Жолға құмды төгуде еңбектің мәнділігін балаларға түсіндіру. Қимылды ойын: «Аюлар мен аралар» Мақсаты: Шапшаңдыққа	Картотека №8 «Ағаштардағы қырауларды бақылау» (танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті) Мақсаты:Қыраудың пайда болу процессі туралы түсінік беру. Еңбек: Тайғанақ мұз жасау Мақсаты: Жолға су төгу үшін қарды нығыздату, қарды өздігінен күрекпен белгілі орынға алып бару. Ұжымдық еңбекке қатысуға үйрету Қимылды ойын: «Қу түлкі»

	Мақсаты: Шапшаңдыққа, ептілікке баулу. Өзіндік іс – әрекет: Еркін ойын	бағыттау Қимылды ойын: «Қарағайлы орманды аю» Мақсаты: Жылдамдыққа, ептілікке тәрбиелеу Өзіндік іс – әрекет: Еркін ойын	дәрумендердің барын білу Қимылды ойын: «Аңшылар мен қояндар» Мақсаты: балаларды қоян болып секіруге, аңшыдан қорғануға үйрету Өзіндік іс – әрекет: Еркін ойын	тәрбиелеу, өз ісіне жауапкершілік сезімін ояту Өзіндік іс – әрекет: Еркін ойын	Мақсаты: Ептілікке және аңғарымпаздыққа үйрету. Өзіндік іс – әрекет: Еркін ойын
Балалардың үйге қайтуы	Ата-аналармен баланың балабақшада не үйренгенін күнделікті сұрап тұруын ескерту. Ата-аналар баланың үйдегі техника құралдарының қызметі туралы не білетінін сұрауды ұсыну. Ертегі ойындарды үйде қайталауды ұсыну.				

Тексерген әдіскер:

Тәрбиеші:

ТӘРБИЕ-БІЛІМ БЕРУ ҮДЕРІСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы: МКҚК №4 «Айгүл» бөбекжай бақшасы

Топ: «Ботақан» мектепалды тобы

Балалардың жасы: 5 жастағы балалар

Жоспар жасалған кезең: 06.02–10.02.2023ж (II – апта)

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 06.02.2023	Сейсенбі 07.02.2023	Сәрсенбі 08.02.2023	Бейсенбі 09.02.2023	Жұма 10.02.2023
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен келуіне жағдай жасау. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді пысықтау. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, баланы жеке пікірін білдіруге тарту (сөйлеуді дамыту) .				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында ата-анамен әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	"Комплимент" сәлемдесу Мақсаты: өзіне деген сенімділікті арттыруға ықпал ету. Балалар допты шеңберге өткізіп, бір – біріне мақтау айтады-бұл адамға айтқысы келетін жағымды, жылы сөздер. (қоршаған ортамен танысу) Құрастыру материалдарымен, табиғи заттармен құрастыру ойындарын ойнату. (танымдық іс әрекет)	Топта балалар арасында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу. Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары, логикалық ойындар. Қазақстанның карталарын қарау. (жануарлар құстар, өсімдіктері бар) (танымдық іс әрекет)	Жеке ойындар. Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояуда түстерді өз қалауы бойынша таңдауын дамыту (танымдық, бейнелеу іс-әрекеті) Үйде отбасы мүшелеріне қамқорлық жасау, үлкендерді сыйлау, кішіге ізет көрсетуді суреттер арқылы үйрету (Қарым-қатынас іс-әрекеті)	Кітаптарды қарау, балалардың назарын кітаптың безендірілуіне, иллюстрацияларына аудару. (көркем әдебиет) Өсімдіктерге қажеттіліктеріне сәйкес күтім жасау әдістерін білуді үйрету: оларды суару, түбін қопсыту, жапырақтың шаңын сүрту. Балалармен жеке жұмыс.	Құрастыру материалдарымен, табиғи заттармен құрастыру ойындарын ойнату. Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояуда түстерді өз қалауы бойынша таңдауын дамыту (бейнелеу іс-әрекеті)
Таңертенгі жаттығу	Жаттығулар кешені				
	Таңертеңгілік жаттығу №11 Комплекс: «Орындықта»				

	1. Ұшақтар 2. Ұшақтар ұшады 3. Аяқ ұшына көтерілу 4. «Кеудені бұру» (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) Өз орнына отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру.				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	«Артығын тап» дидактикалық ойыны Мақсаты: Балалардың логикалық ойлау қабілетін дамыту мен заттардың жалпылама түрін білуге үйренуге арналған бұл ойында әр топқа үш суреттен беріледі Қоршаған ортамен таныстыру	«Сыңғыр –сыңғыр» дидактикалық ойыны Мақсаты: Кеңістікте бағдарлану, дыбыс бағытын анықтай білу, есту қабілеттерін бағыттауды дамыту. Математика негіздері Музыка	«Достық» шеңбері. Біз қандаймыз, қандаймыз, Шұғылалы таңдаймыз, Жарқыраған күндейміз, Табиғатты қорғаймыз. Шеңберге тұрады, бір-біріне жылы сөздер айтады. Көркем әдебиет	«Қарама – қарсы сөзді тап» дидактикалық ойыны Мақсаты: Ойын жүргізушісі бір сөзді атап допты бір ойыншыға лақтырады. Ойыншы допты ұстап алып, сол сөзге қарама – қарсы сөз айтып, допты кері лақтырады Сөйлеуді дамыту	«Сикырлы қапшық» дидактикалық ойыны Мақсаты: Балалар қапшықтың ішіндегі затты ұстап көріп, пішінін анықтайды ойыншықты алған соң атын атап, түсін айтады. Қоршаған ортамен танысу
Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	Денешынықтыру Міндеті: Арқаға арналған жаттығулар Физикалық дағды Ойын: «Шынығайық, шымыр болайық» Мақсаты: отырып алға, артқа еңкею (5–6 рет), стретчинг элементтері бар жаттығуларды орындау, қолдың көмегімен етпетінен жатып еңбектеу (3 метр),	Денешынықтыру Міндеті: Арқаға арналған жаттығулар Физикалық дағды Ойын: «Бір, екі, үш...» Мақсаты: отырып алға, артқа еңкею (5–6 рет), стретчинг элементтері бар жаттығуларды орындау, қолдың көмегімен етпетінен жатып еңбектеу (3 метр), аяқтың ұшына көтерілу,	Сауат ашу негіздері Міндеті: берілген сөзге сөйлем құрастыру Коммуникатив дағдыларды дамыту Ойын: «Сөзден сөйлем құрайық» Мақсаты: «Д» әрпін ауада жазып көрсету. Артикуляция бойынша дыбыстарды дұрыс айтуды үйрету. Сөз ішіндегі дыбыстардың	Денешынықтыру Міндеті: Арқаға арналған жаттығулар Физикалық дағды Ойын: «Достарыңа көмектес» Мақсаты: отырып алға, артқа еңкею (5–6 рет), стретчинг элементтері бар жаттығуларды орындау, қолдың көмегімен етпетінен жатып еңбектеу (3	Музыка міндеті: балалар шығармашылығын дамыту Шығармашылық дағдыларын дамыту Ойын: «Бұл қай кезде болады?» Мақсаты: Жыл мезгілдері туралы ән, әуендерді тыңдап, ерекшеліктерін сипаттай білуге баулу

аяқтың ұшына көтерілу, қолды алға созып, жартылай отырып-тұру (2-3 рет); қолды тізеге қойып отырып-тұру; аяқтың ұшымен ұсақ заттарды жылжыту Сөйлеуді дамыту Міндеті: сөйлеу әдебін, жай және жайылма сөйлемдерді қолдану дағдыларын қалыптастыру Коммуникатив дағдыларды дамыту Ойын: «Қысқы ойындар» суреті бойынша әңгіме құрастыру Мақсаты: Сөйлем түрлерін ажырата білуге үйрету. Қорытынды жасай білуге дағдыландыру. Сөйлемді құрату арқылы тіл байлықтарын дамыту Математика негіздері Міндеті: күрделі формадағы заттарды өзбетінше зерттеуге мүмкіндік беру Танымдық	қолды алға созып, жартылай отырып-тұру (2-3 рет); қолды тізеге қойып отырып-тұру; аяқтың ұшымен ұсақ заттарды жылжыту Сауат ашу негіздері Міндеті: жазу парағында бағдарлай білу Коммуникатив дағдыларды дамыту Ойын: «Балапанмен бірге жазайық» Мақсаты: Балаларды дыбысы таныстыру, дыбыстық талдау жасауды үйрету, сөздерді буынға бөлуді үйрету. Сөзден сөйлем құрастыруға дағдыландыру. Көркем әдебиет Міндеті: рөлді, сюжетті таңдауда бастамашылықпен дербестік танытуға ынталандыру Коммуникатив дағдыларды дамыту Ойын: «Қолғап» украин халқының ертегісі Мақсаты: Балаларды ертегінің айқын	жуан, жіңішке, дауысты, дауыссызға бөлінетінін ұғындыру. «Д» дыбысы бар сөз, сөйлем ойлатып, оны ойын жаттығулар арқылы бекіту. Музыка міндеті: балалар музыкалық аспаптарында қарапайым; таныс әуендерді жеке және шағын топпен орындауға үйрету Шығармашылық дағдыларын дамыту Ойын: «Ғажайып үйшік» Мақсаты: Баспалдақпен жоғары шығу және төмен түсу арқылы әуеннің бағытын дауыспен айтуға үйрету. Жануарлардың суретін қолдана отырып, балаларды олардың жүрісін, қимылын, дыбыстауын көрсете білуге, шығармашылыққа баулу	метр), аяқтың ұшына көтерілу, қолды алға созып, жартылай отырып-тұру (2-3 рет); қолды тізеге қойып отырып-тұру; аяқтың ұшымен ұсақ заттарды жылжыту Сауат ашу негіздері Міндеті: берілген сөзге сөйлем құрастыру Коммуникатив дағдыларды дамыту Ойын: «Сөйлем» Мақсаты: Терезеге қарап ауа райына байланысты әңгімелесу. Сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтауды дамыту. Әртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең, қысқа, ұзын сызықтарды жазуға мүмкіндік беру Көркем әдебиет Міндеті: рөлді, сюжетті таңдауда бастамашылықпен дербестік танытуға ынталандыру	Сөйлеуді дамыту Міндеті: сөйлеу әдебін, жай және жайылма сөйлемдерді қолдану дағдыларын қалыптастыру Коммуникатив дағдыларды дамыту Ойын: «Сиқырлы сандық» Мақсаты: Сиқырлы сандықты ашып ішінен әр түрлі заттарды алып балаларға таратып беру. Балалардан не зат екенін сұрау. Сөйлеу әдебін, жай және жайылма сөйлемдерді қолдану дағдыларын қалыптастыру. Қоршаған ортамен танысу міндеті: Тірі және өлі табиғат, табиғат құбылыстары (маусым, өсімдік, адам еңбегі) арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және түсіну Әлеуметтік дағдыларды қалыптастыру Ойын: «Қардың
---	--	---	--	---

	дағдыларды дамыту Ойын: «Уақытты бағдарлау» Мақсаты: Әртүрлі оқиғалардың, апта күндерінің, тәулік бөліктерінің реті туралы білімді бекіту. Мүсіндеу міндеті: Ойдан өзбетінше мүсіндеуге, ұжымдық жұмыстарды орындауға баулу. Мүсіндеген заттарымен түрлі ойындар ойнау Шығармашылық дағдыларын дамыту Ойын: «Суықторғайды мүсіндейміз» Мақсаты: Балаларды қыстап қалатын құс: суықторғайды домалақтау, жалпайту, созу, қырнауышпен тырнау әдістерін пайдалана отырып ермексаздан мүсіндеуді үйрету; қыстап қалатын құстарды естеріне түсіріп, суықторғай жайлы білімдерін кеңейту	образын көрсете білуге, ертегі туралы түсініктерін бекіте отырып, сөйлеу мәдениетін, еркін сөйлеп өз ойларын дұрыс жеткізу арқылы ауыз әдебиетіне деген қызығушылықтарын арттыру. Ертегіні сахналау арқылы балалардың тіл байлығын, сөздік қорын байыту Қазақ тілі Міндеті: тыңдалған көркем шығарма мазмұнын ретімен жүйелі түрде жеткізуге Коммуникатив дағдыларды дамыту Ойын: «Қыстайтын құстар» Мақсаты: Балалардың ұғымындағы қыстайтын құстар туралы түсініктерін, оларға қамқорлық көрсету тәсілдері туралы білімдерін кеңейту; қыстайтын құстардың дыбыстарының ерекшеліктері туралы	Математика негіздері Міндеті: күрделі формадағы заттарды өзбетінше зерттеуге мүмкіндік беру Танымдық дағдыларды дамыту Ойын: «Уақытты бағдарлау» Мақсаты: Айлар, жыл мезгілдері туралы түсініктерді қалыптастыру, олардың ретін білу және атау, циферблат бойынша уақытты анықтау. Қоршаған ортамен танысу Міндеті: Тірі және өлі табиғат, табиғат құбылыстары (маусым, өсімдік, адам еңбегі) арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және түсіну Әлеуметтік дағдыларды қалыптастыру Ойын: «Қардың қасиеттері» Мақсаты: Балаларға қардың құрылымы, оның суға айналуы	Коммуникатив дағдыларды дамыту Ойын: «Қаңтар мен Ақпан» ертегісі Мақсаты: Ертегіні мұқият тыңдауды, ертегі мен әңгімені ажыратуды үйрету. Өз ойын толық айтуға үйрету. Ертегіні оқып, мазмұнын түсіндіріп, оны балалардың өздеріне сахналау арқылы сөздік қорларын көбейту, ауызекі сөйлеулерін дамыту. Адамгершілікке тәрбиелеу Математика негіздері Міндеті: күрделі формадағы заттарды өзбетінше зерттеуге мүмкіндік беру Танымдық дағдыларды дамыту Ойын: «Сандар әлемі» Мақсаты: алға және артқа қарай санау қабілеттерін қалыптастыру; жолдастарын тыңдай білуге тәрбиелеу.	қасиеттері» Мақсаты: Балаларға қардың құрылымы, оның суға айналуы туралы қарапайым білімдерді пысықтау; үш кезеңдік зерттеу жұмыстарын жүргізуді, талдау, салыстыру, қорытынды жасау біліктерін дамыту Қазақ тілі Міндеті: тыңдалған көркем шығарма мазмұнын ретімен жүйелі түрде жеткізуге; кейіпкерлердің диалогын мәнерлі интонациямен беруге баулу Коммуникатив дағдыларды дамыту «Ақылды егінші ертегісі» Мақсаты: Балаларды «Ақылды егінші» ертегісінің мазмұнымен таныстыру; ертегіде кездесетін сөздердің мағынасын түсіну, ертегі желісі бойынша сұрақтарға жауап беру
--	---	--	---	---	--

		түсіндіру	туралы қарапайым білімдерді пысықтау; үш кезеңдік зерттеу жұмыстарын жүргізуді, талдау, салыстыру, қорытынды жасау біліктерін дамыту		дағдыларын дамыту
Серуенге дайындық	Балалардың дербес кимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Балалардың ретімен киінуін, ауа-райы жағдайына байланысты жылы киінуін бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	Картотека № 9 «Шыныдағы қарды өрнектерін бақылау, қадағалау» (танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті) Мақсаты: Шыныдағы өрнектердің пайда болуы туралы түсінік беру. Табиғаттың қысқы құбылыстарын байқауға және құбылыстарды атауға әрі қарай үйрету. Еңбек: Жолға су қою Мақсаты: Тәрбиешімен бірге жауапкершілікпен жолға су құюды үйрету, еңбек етуге тәрбиелеу Қимылды ойын: «Қармақ» Мақсаты: Балаларды ептілікке, мұқият болуға тәрбиелеу. Өзіндік іс – әрекет:	Картотека №10 «Бұрқасынды бақылау» (танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті) Мақсаты: Бұрқасын туралы түсінік қалыптастыру. Табиғат құбылыстарындағы ерекшеліктерді ажырата білуді үйрету. Еңбек: Бақшаны тазалау Мақсаты: Балаларды балабақша ауласындағы жолдарды сыпыруға және тазалауға үйрету. Телімдегі тәртіп пен тазалықтан разылық сезімін қалыптастыру. Қимылды ойын: «Қуғыншы» Мақсаты: Аңғарымпаздық пен мықтылыққа тәрбиелеу.	Картотека №11 «Әр түрлі күн райына қарай қардың өзгеруін байқау» (танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті) Мақсаты: Ауа қысымының өзгеруіне байланысты қардың қасиеті өзгеретінін байқап отыру, қардың өзгеру себептерін түсіндіру. Еңбек: Қармен жұмыс Мақсаты: Ауа райына байланысты қардың өзгеруіне көңіл бөлуді жалғастыру. Қимылды ойын: «Өрмекші мен шыбындар» Мақсаты: Шыбынның дыбысын салып драмалық қасиеттерін	Картотека №12 «Күннің ұзақтығын байқау» (танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті) Мақсаты: Балалардың сөздік құрамын өзінше дұрыс құру, кеңейту, табиғатқа қызығушылығын арттыру. Таңның кеш атып, күннің ерте батуына көңіл аударту. Қыста күн әуелі қысқарады, одан соң ұзарады. Еңбек: Ағаштан түскен тұқымды жинау Мақсаты: Еңбек түрін арттыру, әр баланың еңбекке жүйелі қатысуын қамтамасыз ету Қимылды ойын:	Картотека №13 «Қар жауғаннан кейінгі ағаштардың жағдайы қандай» (танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті) Мақсаты: Қар жауғаннан кейінгі ағаштың қалпы қандай әдемі екеніне балалардың көңілін аудару. Балаларды табиғатты сүйуге үйрету. Олардың өз сөзінен алған әсерлерін айтуға үйрету Еңбек: Бұтақтарды қардан сілкіп тазарту. Мақсаты: Қай ағашта жасырынды соны тап, балаларға ағаштардың әр түрлі екендігін ажыратуды үйрету.

	Еркін ойын	Өзіндік іс – әрекет: Еркін ойын	дамыту, шапшаң болуға тәрбиелеу. Өзіндік іс – әрекет: Еркін ойын	«Жіп үстімен доп лақтыру» Мақсаты: Балаларды күшті болуға, шыдаммен ойын ережесін бұзбауға тәрбиелеу. Өзіндік іс – әрекет: Еркін ойын	Қимылды ойын: «Масаны ұста» Мақсаты: Әр түрлі бағытта балаларды жүгіруге, жылдам қозғалысқа үйрету Өзіндік іс – әрекет: Еркін ойын
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау (көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою) Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану , сөйлеспеу, алғыс айту) (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті) Тамақтан соң ас қайыру, бата беру.				
	Қимылды ойын Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға баулу «Мәреге кім бұрын жетеді?» жарыс ойынын ойнату «Наурыз» тақпағын қайталап жаттату. (Қарым-қатынас іс-әрекеті)				Еркін ойындар Қимылды ойын «Аюлар мен аралар» Құмда таяқпен еркін тақырыпта суреттер салу. (бейнелеу іс-әрекеті)
Серуеннен оралу	Жүйелі түрде шешіну, шкафтарға бүктеу, қолды жуу. Шешіну кезінде балалардың шкафқа колготки,сырт киімді салу дағдысын пысықтау. Балалардың достарынан көмек сұрауды сыпайы түрде білдіруді үйрету. Сабын ыдысынан сабын алуға, ересектердің көмегімен қолды сабындауға үйрету. (көркем әдебиет , дербес, еңбек әрекеті).				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық шараларды т: қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу. Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою) Тамақтану (өз орнын білу,дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану , тамақтану кезінде сөйлеспеу, алғыс айту) (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті) Тамақтанғаннан кейін ауызды шаю.				
Күндізгі ұйқы	Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану дағдыларын жетілдіру.				



	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін баяу музыка тыңдату. (көркем әдебиет)				
Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары	Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. Ригалық әдіс бойынша сауықтыру. (дене жаттығулар мен белсенді қимылдар) Адам ағзасы және оның қызметінің ерекшеліктері туралы түсініктерді кеңейту. Балалардың назарын ағзасы мен денсаулығының ерекшеліктеріне аудару. Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға, өруге үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Гигиеналық шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсінуін қолдау. Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар).				
Бесін ас	Кезекшілердің жұмысын (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау) Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын орындауды жетілдіру. Таза және ұқыпты тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. Асты тауысып жеуге үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Балалардың қалауы бойынша орталықтарға бөлініп дербес шығармашылық әрекет жасауға мүмкіндік беру. Жаңа реңктерді (көк, қызғылт, қою жасыл) бояуды араластыру арқылы шығаруды үйрету (гуашпен сурет салу кезінде).				Әлеуметтік оқиғаларды, балалар өміріндегі оқиғаларды жапсыруды үйрету. (Шығармашылық, танымдық іс-әрекет) Жақын адамдарға қалай қамқорлық жасау керектігі туралы сұрау. Суреттер арқылы науқасқа күтім жасау дағдыларын

	(бейнелеу іс-әрекеті) «Жыл басына таласқан жануарлар» ертегісін естеріне түсіру. Қазір қандай жануардың жылы екенін сұрау. Үстел үсті театры арқылы бір біріне айтып беруін ұйымдастыру. (Қарым-қатынас іс-әрекеті)				қалыптастыру: оған қамқорлық жасау, шуламау, оның өтініштері мен тапсырмаларын орындау. Науқастарға жанашырлық танытуға тәрбиелеу
Балалармен жеке жұмыс					
Серуенге дайындық	Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	«Мен не білемін» ойыны. «Бүгін не үйренгенін» әр түрлі заттарды пайдаланып айтуды ұйымдастыру. Наурыз алаңын лего құрастыру бөлшектері				Дидактикалық ойын «Бүгін мен үйрендім» Қимылды ойын «Атбақыл»

	арқылы құрастыру, өз бетінше ойдан құрастыруға баулу (танымдық іс-әрекеті) Қимылды ойындар. Ұлттық қимылды ойындарды ойнату. Қимылды ойын «Үш табан»				
Балалардың үйге қайтуы	Ата-аналармен баланың балабақшада не үйренгенін күнделікті сұрап тұруын ескерту. Ата-аналарға баланың наурыз мерекесі туралы не білетінін сұрауын ұсыну. Ертегі ойындарды үйде қайталауды ұсыну.				

Тексерген әдіскер:

Тәрбиеші:

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Наурыз 2023 жыл 5 апта

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 26.12.2022	Сейсенбі 27.12.2022	Сәрсенбі 28.12.2022	Бейсенбі 29.12.2022	Жұма 30.12.2022
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Стикерлер арқылы көңіл күйлерін көрсете білуін жетілдіру. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, сәлемдесуді пысықтау, баладан топтағы безендірулерге назар аударып, ұнаған заттары туралы айтуын жетілдіру. (қарым қатынас мәдениеті).				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Жолда қауіпсіздік сақтық шаралары туралы әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары (пазлдар, интеллектум құралдары, шашка ойындары) Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу, ермексазбен жұмыстар жасау. Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптарды қарау, Табиғат бұрышындағы еңбек (бөлме өсімдіктеріне және жануарларына күтім жасату) Балармен жеке жұмыстар.				
Таңертенгі жаттығу	Наурыз айына арналған таңертенгі жаттығуларды орындау (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) Өз орнын тауып отыру. Ас болсын сөзін айтуды қалыптастыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру. (сөйлеуді дамыту)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Таңғы жиын. Балаларға жаңалықтарымен бөлісуді, жақсы тілектер тілеуді жасату. «Жаңбыр туралы біз не білеміз?» тақырыбында әңгімелесу. «Жаңбырменен жер көгерер» деген сөздің мағынасын түсіндіру. Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылату, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдату, ережелер туралы келісу және т. б. (сөйлеуді дамыту)				

Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	Сөйлеуді дамыту Жаңбырлы көктем бейнесін бойынша әңгіме жүргізу. Ойыншықтарды, заттарды, сюжеттік суреттер, табиғат құбылыстарын сипаттауда заттар мен нысандардың ерекшеліктерін білдіретін сөздерді дұрыс таңдауды пысықтау. «Не жоқ» дидактикалық ойыны, Суреттің бірнеше элементтерін алып тастап, не жоқ екенін тапқызу.	Көркем әдебиет Сахналық қойылымдарға қатысуға баулу. Өз бетінші киімдерді таңдап киіп, ертегі құрастырғызу. Білетін ертегіні сахналату.	Сауат ашу негіздері Алтын сандықтан бір зат таңдап, сол затқа сөйлем құра ойынын ойнату. Сөйлем туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру (грамматикалық анықтамасыз) тамшы тәрізді пішіндерді олардың арасындағы арақашықтықты сақтап жазуға мүмкіндік беру.	Сөйлеуді дамыту Ойыншықтарды, сюжеттік суреттер, табиғат құбылыстарын сипаттауда заттар мен нысандардың ерекшеліктерін білдіретін сөздерді дұрыс таңдауды пысықтау	Көркем әдебиет Сахналық қойылымдарда рөлді орындауға ынталандыру. Өздері ұнататын ертегіні сахналату.
	Дене шынықтыру маманының жоспары бойынша Математика негіздері Айлар, жыл мезгілдері туралы түсініктерді қалыптастыру, Олардың ретін білу және атау, циферблат бойынша уақытты анықтауды үйрету. қисық және қиғаш сызықтарды дәптердің тор көзінде сызуға үйрету.	Музыка маманының жоспары бойынша Сауат ашу негіздері Сөйлем туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру (грамматикалық анықтамасыз). Алтын сандықтан бір зат таңдап, сол затқа «Сөйлем құра» ойынын ойнату. Тамшы тәрізді пішіндерді олардың арасындағы арақашықтықты сақтап жазуға мүмкіндік беру.	Дене шынықтыру маманының жоспары бойынша Қазақ тілі Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуді, интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді жетілдіру. Суреттерге қарап сөйлем құрап, оларды дауыс интонациясы арқылы бере білуді	Музыка маманының жоспары бойынша Сауат ашу негіздері Алтын сандықтан бір зат таңдап, сол затқа сөйлем құра ойынын ойнату. Сөйлем туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру (грамматикалық анықтамасыз) Тамшы тәрізді пішіндерді олардың арасындағы арақашықтықты сақтап жазуға мүмкіндік беру.	Математика негіздері Айлар, жыл мезгілдері туралы түсініктерді қалыптастыру, Олардың ретін білу және атау, циферблат бойынша уақытты анықтауды үйрету. Қисық және қиғаш сызықтарды дәптердің тор көзінде сызуға үйрету.
		Сурет салу Мүсіндеу Жапсыру, құрастыру Ұжымдық жұмыстарға, өз бетінше ойдан сурет		Қоршаған ортамен	Дене шынықтыру маманының жоспары бойынша Қазақ тілі Өз ойын жайылма сөйлемдермен

	Қоршаған ортамен таныстыру Өзінің болашағына, біліміне, денсаулығына, қызметіне, жетістіктеріне сенімді болуға, қоғамға пайдасын тигізуге баулу. «Менің арманым» тақырыбында балалардың сурет салуын және сол бойынша әңгімелесуді ұйымдастыру.	салуға мүмкіндік беру. ою-өрнектермен және қосымша заттармен (моншак, дән) безендіруді қалыптастыру. Заттардан қалауы бойынша қиып жапсыру, оларды ою-өрнектермен безендіруді жетілдіру. Қағаз цилиндрлерден қазақ халқының ұлттық бас киімдерін (тақия, сәукеле, кимешек) құрастыруды дамыту	дамыту. Математика негіздері Айлар, жыл мезгілдері туралы түсініктерді қалыптастыру, Олардың ретін білу және атау, циферблат бойынша уақытты анықтауды үйрету Қисық және қиғаш сызықтарды дәптердің тор көзінде сызуға үйрету.	таныстыру Үй-жайларда, балабақша ауласында, жақын маңдағы шағын ауданды еркін бағдарлай білуді үйрету. Балабақша ауласының картасын салуға үйрету.	жеткізуге мүмкіндік беру. Кітаптар қарату, әңгімелесу.
Серуенге дайындық	Балалардың дербес кимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, серуенге алып шығатын кітаптар мен заттарды дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Табиғи материалдар туралы не білетіндерін сұрау. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	Жаңбырдың дыбысын анықтау. Жаңбырдың суы қайда жиналады. Қайда кетіп қалады анықтату. Арықтар не үшін қажет екенін түсіндіру. Жаңбыр суын шелектерге жинату. (танымдық іс әрекеті)	Балабақшаның ауласының тазалығын бақылау. Көктем мезгілінде қандай тазалық жұмыстарын жүргізуге болатынын сұрау. Бірлескен әрекеттер жасату.	Жиналған жаңбырдың суларын аңаштарға гүлдерге құйғызу. Олардың қанша өскенін сызғыш арқылы өлшеп анықтап, дәптерге жазып қоюды пысықтау.	Ауа райын бақылату. Желдің бағытын анықтату. (Танымдық, іс-әрекеті) Қимылды ойын «Орамал тастамақ»	Кітаптардан жаңбыр туралы ақпарат беру. (Қарым-қатынас іс-әрекеті) Жаңбыр суына бояу қосу арқылы оның түсінің


	Қимылды ойын «Арқан тарту»	Балабақша ауласына ата аналармен бірлесіп ағаш немесе гүл отырғызу. (Танымдық, зерттеу, қарым қатынас іс-әрекеті) Көңілді музыка қойып, денелерін шынықтыру. (музыка) Қимылды, еркін ойындар	(Танымдық, зерттеу іс-әрекеті) Қимылды ойын «Арқан тарту» Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға баулу.		өзгеретінін, құм, тұз, кант салу арқылы эксперимент жасату. Бояу қосылған сумен сурет салуды ұйымдастыру. (Бейнелеу іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті) Балалардың дербес әрекеттері, ойындары Қимылды ойын «Мысық пен тышқан»
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. (көркем әдебиет , дербес ойын әрекеті).				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану. Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою) Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану , сөйлеспеу, алғыс айту) (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті) Ереже айту. (сөйлеуді дамыту) Адамның денсаулығы дұрыс тамақтануға байланысты екені туралы түсініктерді жетілдіру. Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру.				
Күндізгі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды				

	үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы баяу музыка тыңдау. «Жыл басына таласқан жануарлар», «тасша бала» және т.б ертегілер оқып беру (көркем әдебиет)				
Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары	Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. Ригалық әдіс бойынша сауықтыру. (дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар).				
Бесін ас	Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау) Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті) Салауатты өмір салтының маңызды компоненттері: дұрыс тамақтану, белсенді қимылдар, ұйқы және күн, ауа мен су және денсаулыққа зиян келтіретін факторлар туралы түсініктерді кеңейту.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Қағазды қиып жаңбыр тамшыларын жасату. Оларды терезелерге жапсырғызу. (Танымдық іс-әрекеті) Жасаған тамышыларды бояулармен сәндеу (Бейнелеу іс-әрекеті) Жаңбыр тамшыларының мүсінін ермексаздан жасату (Шығармашылық іс-әрекеті) Кітаптардан балалардың сұранысы бойынша	Өз өмірінің қауіпсіздігін сақтауды пысықтау (бейтаныс адамдармен сөйлеспеу, ойнамау, бөтен машиналарға отырмау, бейтаныс адамдардың өтініштерін орындамау, олардың соңынан ермеу). (Танымдық іс-әрекеті) Отырғызған ағаштар мен гүлдердің қалай өсіп шығатынын суреттерден көріп,	Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен, киім-кешегімен, азық-түлік өндірудегі тұрмыстық кәсібімен, тұрмыста, аң аулауда, мал өсіруде және егіншілікке қажетті құрал жабдықтарымен жабдықталған орта құруды үйрету. Заттардың мүсінін жасату немесе суретін салуын ұйымдастыру. (Танымдық,	Спорттық ойын құралдарының суретін салу, мүсінін жасау, ұжымдық жапсыру жұмысын жасату. (зерттеу, танымдық іс-әрекет) Спорттық ойын құралдарын тану, салыстыру, қолдану әдістерін зерттеуді менгерту (Танымдық, іс-	Апта бойы жасалған іс әрекеттерді естеріне түсіріп, ерекше әсер алған сәттермен бөлісу. Жаңа сөздерді пысықтау (Қарым-қатынас іс-әрекеті) Топтағы, үйдегі ережелерді орындау жайлы, өзін өзі басқару тәртібі туралы

	ертегі, тақпақтар, әңгімелер оқып беру. Олардың сюжеттік бірізділігін сақтай отырып, мазмұндауын балаларға үйрету. (Қарым-қатынас іс-әрекеті)	қағаздан қиып жапсырғызу. Қайшы мен желімді дұрыс қолдану дағдыларын жетілдіру, еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін сақтауын қадағалау. (жапсыру) Наурыз мерекесіне арнап жаттаған тақпақтарын қайталау.	шығармашылық іс-әрекеті)	әрекеті) «Тасша бала» ертегісін айту. өз бетінше сахналату. (Қарым-қатынас іс-әрекеті)	әңгімелесу. Өз ойларын айтқызу. (Танымдық, зерттеу іс-әрекеті)
Балалармен жеке жұмыс					
Серуенге дайындық	Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	Қимылды ойын «Ақсерек көксерек» Көңілді музыкаға би билету. (музыка)	Қимылды ойын «Бүрге» Балалардың еркін ойындары Құмда таяқшамен	Қимылды ойын «Кетті кетті» Балалардың еркін ойындары	Қимылды ойын «Ақ серек көк серек» Табиғи заттардан әр түрлі құрылымдар құрастыру.	Қимылды ойындар «Түйілген орамал» Балалардың еркін ойындары

	Балалардың еркін ойындары	жаңбырдың бейнесін салу.	Бормен жаңбырды, отырғызған гүл мен ағаштардың суретін салу.		Мен не үйрендім? Дидактикалық ойын
Балалардың үйге қайтуы	Үйде бірге мультфильм көруді ұсыну Апталық жұмыстан не ұнағанын сұрау.				

Тексерген әдіскер: 

Тәрбиеші: 

ТАҢЕРТЕҢГІ ЖАТТЫҒУЛАР

Наурыз (1- кешен)

1. Бір қатарда жүру, шашырап жүгіру.
 2. Звеноға бөлініп орындық үстіне отыру.
 3. Б.қ. тізені бүгіп орындық үстінде, қолды белге қойып отыру. Қолды жанға созу, жоғары көтеру, қолды жанға, б.қ. келу 6-8 р.қ.
 4. Б.қ.3-тегідей қолды жанға созу оң жанға иілу, қолмен еденге аяқ ұшын ұстау, б.қ. келу, сол жақта қайталау 6-8 р.қ.
 5. Б.қ. орындық үстіне отырып, аяқты алға созып, қолды желкеде ұстап отыру, қолды жанға созу, оңға, жанға, алға еңкею б.қ. келу сол жақта орындау 6-8 р.қ.
 6. Б.қ. орындық алдында тұру. Оң аяқты орындық үстіне қою, сол аяқты скамейка үстіне қою. Оң аяқпен орындықтан түсу, 6-8 рет қайталау.
 7. Орындыққа арқасын беріп отыру. Орындықтың үстінгі жағынан ұстап отыру, аяқты тік алға, жоғары көтеру. Б.қ. келу.
 8. Орындыққа жанымен тұру, қолды жанға түсіріп тұру. Орындық жанында секіру. Алға жүріп секіру, артқа жүріп секіру.
 9. Бір қатарда орындықты айналып жүру, жүгіру.
- Бұл айдың соңында демалыс берілетіндігінен гимнастика комплексі біреу ғана жоспарланады.

Ертегі әңгімелер

Бақша ағаштары

Жаздың әдемі бір күнінде, таңертең бір төре өзінің баласымен бақшаға барып, екеуі де егілген ағаштары мен гүл жапырақтарын көріп жүрді.

- Мынау ағаш неліктен тіп-тік, ана біреуі неге қисық біткен? - деп сұрады баласы.
- Оның себебі, балам, анау ағашты бағу-қағумен өсірген, қисық бұтақтары болса өсіп. Мынау ағаш бағусыз, өз шығу қалыбымен өскен,- деді атасы.
- Олай болса, бағу-қағуда көп мағына бар екен ғой, -деді баласы.
- Бағу-қағуда көп мағына барында шек жоқ, шырағым; мұнан сен де өзіңе әбірет алсаң болады; сен жас ағашсың саған да күтім керек; мен сенің қате істерінді түзеп, пайдалы іске үйретсем, сен менің айтқанымды ұғып, орнына келтірсең, жақсы түзік кісі болып өсерсің, бағусыз бетіңмен кетсең, сен де мынау қисық біткен ағаштай қисық өсерсің,- деді.

Ыбырай Алтынсарин

Асыл шөп

Злиха мен Бәтима деген біреудің қызметінде тұрған екі қыз бала төбесине бір-бір жәшік жеміс көтеріп қалаға келе жатыпты-мыс. Злихаахлап-ухлеп шаршадым деп, Бәтима күліп, әзілдесіп келе жатады.

Сонда Злиха айтты:

- Сен неге мәз болып қуанып келесің, төбеңдегі жәшіктің ауырлығыдаменің басымдағыдан кем емес, өзінде менен күшті емессің?
- Мен жәшігім ішіне ауырды жеңілдететін бір шөп салдым дедіБәтима.
- Ай, ондай болса шөбіңнің атын айтшы, менде ауырымдыжеңілдетейін деді

Злиха

- Ол шөп сенің қолыңа түспейме деп қорқамын аты: сабыр деген деді.

Ыбырай Алтынсарин

Тәртіпсіз лақ

Кеш. Аулада, терек саясында кітап оқып отырғанмын. Кенет тарс –тұрс дыбыс шығып, басымды көтердім.

Қарасам, көршімнің біріншіде оқитын баласы кішкентай ақжағаллақты қуалап жүр.

Бір кезде жетті-ау лаққа. Мүйізінен ұстап алып, басқа төпелепжатыр.Үйден әжесі шығып, оның қылығын көрді де:

- Әй, Тәлтай! Ұрма лақты!

Айқайға алаңдаймын деп, Тәлтай лақтан айырылып қалды. Төніпкелген әжесінен қашпай тымыраяды.

- Неге ұрасың ой, тәртіпсіз?!

- Лақ тәртіпті ме? Неге еккен ағашымды құлатады?

Қараймын, әлгінде ғана терезе алдына еккен өрімталы қисайыпжатыр. Оны көрген әжесі:

- Жә, екеуің де оңып тұрған жоқсыңдар, - деп қолын бір сілтеп, жөнінекетті.
- Маған ұрсады, лаққа ұрыспайды, - деп бұртаңдаған Тәлтай құлағанталын тұрғызып жатты.

Н. Сералиев

Торғай мен көбелек

Балабақша ауласында қызыл, сары, ақ гүлдер өскен әп-әдемі гүлзар бар еді.

Сонда бір теңбіл қанат ақ көбелек гүлден-гүлге қонып, шырын сорып жүрген.

Оны бір қу торғай көре қалды да, ұстап жегісі келіп, қуа жөнелді.

Көбелек гүлзар үстінде жоғары-төмен, оңға-солға бұлттарып қаша берді, қаша берді.

Торғай да қыр соңынан қалмай, қанаты пыр-пырлап қуа берді, қуа берді.

Жанталасқан көбелек бір гүлге барып қорғалып еді, қу торғай оны қақшып кете жаздады. Одан тағы да қайта ұшып, әрлі-берлі бұлтақтай қашып жөнелді.

Біреуі аз болғандай, енді оған екінші торғай келіп шүйілді. Екеуі пыр-пыр етіп таласа кеп қуды. Бір торғайдың қанаты қағып, біреуінің тұмсығы да тиіп өтті.

Міне, осы қиын сәтте ақ көбелек сонда жүрген бір кішкентай қыздың көйлегіндегі гүлге барып қона қалды. Содан мысы құрыған екі торғай енді оған жуый алмай, жай-жайынакетісті.

Ақ көбелек болса қайтадан гүлзарға барып, гүлден-гүлге қонып, тағы да шырын сора бастады.

Т. Жексенбай

ҚИМЫЛДЫ ОЙЫНДАР

Балаларға арналған ұлттық ойындар

Айгөлек

Айгөлек – халқымыздың ұлттық ойындарының бірі. Ойын шарты бойынша ойнаушылар екі топқа бөлінеді. Олардың сандары да, жас шамалары да бірдей болулары керек. Екі топтың екеуінің де ойынды бастаушысы болады. Аралары 10-15 метрдей жерде қол ұстасып, қатарласатұрған осы екі топ біріне-бірі сөз тастап, күш көрсетіп, өнер жарыстыра бастайды. Екі жақтың ойын бастаушылары орталарынан бір қыз бен бір баланы шығарып, олардың қолына бір ақ тас, бір қара тас береді. Олар екі тасты ешкімге көрсетпей, уысына қысып тұрады да:

-Сен қай қолдағы тасты қалайсың? - деп сұрайды. Бастаушылардың біреуі мен: «Оң қолдағы тасты қалаймын», - дейді, екіншісі сол жақ қолдағы тасты алады. Қайсысында ақ тас болса, сол ойын бастайды.

Бірінші топ:

Айгөлек-ау, айгөлек, Айдың жүзі дөңгелек. Күші мығым, қуатты,
Екпіні желдей өршігенШепті бұзар ер керек.

Екінші топ:

Айгөлек-ау, айгөлек, Айдың жүзі дөңгелек, Күші мығым, қуатты,
Екпіні желдей өршіген
Саған қандай ер керек? - дейді.

Алдыңғы топ:

Айгөлек-ау, айгөлек, Айдың жүзі дөңгелек, Күші мығым, қуатты,
Екпіні желдей өршіген
Бізге ... (Ерсін) ер керек,
- деп бір ойнаушының атын атайды.

Ол тобынан шығып, бір-екі адым ілгері басып:Айгөлек-ау, айгөлек,
Айдың жүзі дөңгелек. Сайысқанда саспайтын,
Самала күнге бастайтын,

... деген ер шыққан,

Топ бұзуға мен шықсам, деп сол жүгірген бойы қарсы топты жарып өтпек болады. Ол екпінді, күшті болса, топты жары өтіп, өзі қалаған бір қызды, не бір ер баланы жетектеп өз тобына алып келеді. Егер ол топты жарып алмаса, сол топта өзі қалып қояды. Ендігі шақыруды екінші топ бастайды. Сөйтіп, ойын жалғаса береді. Ойында дәрежелік көрсетуге, жұптасқан жұдырықты жүгіріп келе жатқан ойыншыға қарсы қоюға болмайды. Жүгірген ойнаушыда ойын ережесін сақтауға тиіс.

Асық ойыны

Асық ойыны - қазақ халқының дәстүрлі ойыны. Асық ойыны күндіз де, түнде де ойналады. Күндізгісі – мергендікке, түнгісі – ептілікке баулиды. Иіргенде түскен қалпына қарай асық – алшы, тәйке, бүк, шік деп, ал атуға арнап арнайы қорғасын құйылып жасалғаны – сақа, жақсылары – оңқай аталады. Асық ойынының мынадай түрлері бар: құмар, тәйке, омпы, алшы, хан (хан ату), т.б.

Алшы ойыны

Бұл ойында тігілген асықтарды атуға жарамды сақа таңдап алынады. Сақа болатын асық салмақты, ірі болуға тиіс. Ол көбінесе еркек қойлардың, не қошқарлардың асығы болып келеді. «Алшы ойыны» сақаның салмақты да алшы тұруына байланысты. Бұл ұту үшін өте қажет.

«Алшы ойынын» ойнаушыларға шек қойылмайды. Ойын басталар алдында, ойын жүргізуші, барлығының сақаларын жинап алып, ойында әркімнің кезегін белгілеу үшін, яғни, кімнен кейін кім асық ату керектігін анықтау үшін, сақаларды иіреді. Иірген кезде кімнің сақасы алшы түссе, сол бірінші, тәйке түссе екінші, бүк түссе үшінші, шік түссе одан кейін асық ататын болады. Атқан кезде сақасы мен асығы бір жақты түссе, атқан асығын алып, әрі қарай ата береді. Енді бірде асық атқан кезде сақасы алшы түсіп, асық кез келген жағында жатса да асықты алады, тағы атады, ал сақа мен асық екеуі екі түрлі түссе, онда алмайды. Ол аруды тоқтатып, кезекті келесі ойыншыға береді. Екінші ойыншы өз кезегінде сақасын иірген кезде тәйке түссе, онда өзінен кейін кезекте тұрған ойыншы көмбеде тұрып оның тәйке түскен сақасын атады, тигізсе, сақа иесі ойыннан шығып қалады, тигізе алмаса, өзі ойыннан шығады. Кезек алу үшін сақаларын иірген кезде бүк, шік түскен ойыншылар өз кезектерімен көнге тігілген асықты ата береді. Осы ретпен көндегі асықты атып тауысқанға дейін ойнайды да, асықтарын қайта тігіп, ойынды жалғастыра береді.

Алшы – асықтың иірілгенде тегіс табаны жерге тиіп түсуі. Ойын кезінде оған бірінші дәрежелі мән беріледі.

Тәйке (таба) – асықтың иірілгенде шұңқырлау табаны жерге тиіп, тұрық түсуі. Ол екінші дәрежелі мәнге ие.

Бүк (бүге) – асықтың иірілгенде дөңес жоны үстіне қарап, етпетінен жатық түсуі. Ол үшінші дәрежелі мәнге ие.

Шік (шіге) – асықтың иірілгенде шұңқыр құрсақ жағы үстіне қарап, шалқасынан жатық түсуі. Ол төртінші дәрежелі мәнге ие.

Үш табан

Үш табан ойнау үшін тақыр жерге көлденең сызық сызылады да, оған әр ойыншы бір бірден арасын сиректеу етіп кенейтігеді. Содан соң ойнаушы балалардың барлығының сақаларын біреуі жиып иіреді. Кімнің сақасы шықса сол бірінші болып сақасын көннен алысырақ жерге иіреді. Сақасымен тігулі кенейді атып, үштабаннан артықтау жерге жіберуі керек үш табаннан кем, я болмаса сақасы кенейге тимей кетсе, ойынды сақасы шыққан келесі ойыншы бастайды. Ойын көндегі кенейді ұтып біткенше созылады.

Омпы

Асық ойынының бір түрін «Омпы» деп атайды. Омпы – асықтың тұмсығымен жер тіреп, тік шаншылып түсуі. Бұл ойынды көбінесе бозбалалар ойнайды. Оны таза ауада жазық алаңда, не үлкен бөлмелерде ойнауға болады. Ойнаушылардың санына шек қойылмайды. Ойынның мақсаты - асық ұту. Ойнаушылар арасы 20 қадам екі көн сызады да біріншісіне төрт бұрыш жасайды (оның көлемі өзара келісіледі) дәл ортасындағы сызыққа әрбір ойыншы өздерінің асықтарын тігеді. Тігілген асықтардың ортасына бір асық мұртынан «Омпы» тұрғызады. Ойнаушылар екінші белгіленген жерден бірінші артына бірі тұрып әркімнің өз кезектері бойынша, қолдарындағы сақаларымен «омпыны» ата бастайды. Егер кімде-кім омпаға тигізсе және оны төрт бұрыштың шетіне шығарса, онда көндегі асықты түгел алады. Ал омпыға тимей, жанындағы асықтарға тисе, оны да төрт бұрыштың шетіне шығара алса, онда сол атқанасығын ғана алады. Асық таусылған сайын, көнге асық қайтадан тігіліп отырылады. Ойын жалғаса береді.

Асықты тігіп ойнау

Бір топ бала, жастар жиылып келіп, тегіс жерді таңдап алады да оны тазартып, ортадан төрт бұрышты сызық сызады. Сол төрт бұрышты ортасынан тең етіп екіге бөледі. Әр жағының қашықтығы балалардың жас мөлшеріне қарай белгіленеді. Сонда 1-1,20 см немесе 1,5 метрге дейін болады. Мұны «көн» деп атайды. Сонда ойнаушылардың өзара келісімі бойынша көннен 4-5 метр не одан да көп мөлшерде асық ататын орын белгіленеді. Оны сызықпен белгілейді. Ойыншылар осы жерден тұрып көндегі асықты ататын болады. Ойынды кім бірінші болып бастайтынын сақа иіру арқылы анықтайды. Сақасы алшы түскен ойыншы бірінші болып ату кезегін алады.

Ойыншы асыққа дәл тигізіп, оны көнбе сызығынан шығарса, оны алады да, сақасы түскен жерден қайта атады. Сөйтіп көннен шығарғандарын ала береді. Егер оның сақасы көндегі асыққа тимей кетсе, асықты келесі ойыншы атады. Ал тігілген асықтарды бұзып, бірақ көннен шығара алмаса, қалған ойыншылар асықтарды сол жатқан қалыбында атып, көннен шығарып алуға тиіс. Ойын көндегі асықтар бойынша біткенше ойнала береді. Көндегі асық біткен соң, ойынға қатынасушылар бір-бірден көнге қайта асық тігіп, ойын қайта басталып, жалғаса береді.

Алтыатар ойыны

Көндегі кенейлердің бір шетіне түпте қалған (сақасы шықпаған)баланың сақасы тігіледі. Кенейдің арасында саңлау

болмай тіркестіріле қойылады. Көннің екі жағына 1м жерден су (сызық) ал 5-6 м жерден қарақшы белгілейді. Кімде кім түптегі сақаны жұлып кетсе (судан шығарса) бүкіл кенейді сол алады. Ал сақаға тимей кенейді ұшырса, оның судан шыққаны ғана соныкі болып табылады. Ату саны — 6 рет. Алғаш сақасы шыққан бала, қалғандары одан кейінгі кезекте атады. Алты рет атыстан қалған кенейдің бәрі түпте қалған баланікі болып есептеледі.

Атбақыл

Асықпен ойналатын ойындардыңбірі — «Атбақыл» немесе «Көтеріспек» деп аталады. Ойынға екі-екі баладан қатысады, қалғандары көрушілер болады. Ойынға қатынасушылар кез келген жерді таңдап алады да, өздері тұрған жерлеріне белгі соғады. Сол белгі соққан жерден біреуі қолындағы асығын (не топайын, сиыр асығын, «топай» деп атайды) алыстата иіріп тастайды. Екінші ойыншы қолындағы асығымен оны атады. Егер де ол тигізсе, бірінші ойыншы оны сақасы барып түскен жерге дейін арқалап барады. Енді екінші ойыншы сақасы түскен жерде тұрып, асығын алыстата иіріп тастайды. Бірінші ойыншы оны атады. Тигізсе, сақасы жатқан жерге дейін екінші ойыншы арқалап апарады. Егер асыққа тимей кетсе, келесі ойыншы атады. Ойын осылайша жалғаса береді де, ойыншылардың өзара келісімі бойынша тоқталады.

Ханталапай

Бұл отырып ойналатын ойын. Оған төрт-бес үміткерден қатысады. Ойын үшін он асық таңдап алынады. Он бірінші асықтың ерекше өзге түске (қызыл, не көк) боялған болуы шарт. Бір-бірден асық иіріледі де, қорытынды бойынша ойыншылардың кезектері анықталады. Бұдан соң алғашқы ойыншы қос уыстай ұстаған бар асықты ортаға иіруі керек. Қалған ойыншылар өзге асықтардан ерекшеленген «ханға» көз салады. Себебі, хан алшы түссе, барлығы тарпа бас салып, ортадағы асықтарды, хан талапай жасауы тиіс. Хан кімнің қолында кетсе, келесі үйірі кезегі соған беріледі екен, хан мен бірге қолына ілінген асықтардың санына қарай ұпай жазылады.

Хан алшы түспеген жағдайда иірген ойыншы шашылған асықтардың бүгі мен бүгін, шігі мен шігін, алшысы мен алшысын, тәйкесі мен тәйкесін бір-біріне соғып, бір-біріне тимей қалғанша ұпай жинайды. Көздеген асығы үшінші бір асыққа тиіп кетсе немесе бөгде асықты қозғап қалса да, ойынның бұзылғаны. Онда кезек келесі ойыншыға беріледі. Осы ретпен әр ойыншы жинаған асығының санына қарай ұпай жинайды. Межелі ұпай санын (100, 40) ойын жүргізуші алдын-ала белгілейді. Межеге бұрын жеткен ойыншы жеңімпаз болып саналады.

Ескерту: Асықтарды бір-біріне тигізу кезінде қолмен сүйретіп апаруға, орнынан қозғап түзетуге болмайды. Ойынның соңына дейін ханға бірде-бір асық тимеуі керек. Себебі ол – хан.

Хан алшы

«Хан алшы» — қазақ халқының ұлттық ойындарының бірі асық ойынының бір түрі. Ойынға 5 немесе 10 бала қатысады. Көп асықтың ең ірісі қызыл түске боялады. Бұл асық «Хан асығы» болып саналады. Асықтар тізіп қойған соң, ойын бастаушы

«Хан асығымен» оларды көздеп, құлатады. Құлаған асықтарды жинап алады. Егер «Хан асығы» бүк, шік, тайқы қалыптарымен түссе, ойын бастаушы жақын құлаған асықтарды ата береді.

Егер ойын бастаушы асықтарды қолымен құлатып алса немесе басқа асықтарымен атса, онда ойынды келесі бала жалғастырады. Ең соңында, «Хан асығы» кімнің қасында қалса, сол бала жеңіске жетеді. Келесі ойынды жеңіске жеткен бала жалғастырады.

Ақсерек - көксерек

Бұл ойынды ойнау үшін балалар екі топқа бөлінеді, қолдарынан ұстап тұрады. Ара қашықтық 20-30 қадам.

1-ші топ.

Ойынды бастайды Ақсерек-ау, ақ серек,

Бізден сізге кім керек. 2-ші топ.

Ақсерек-ау, ақ серек,

Сізден бізге ... (бала аты) керек.

Аты аталған бала келесі топқа дейін жүгіріп барып ортасынан ұстасқан қолдарды ажыратып кету керек. Егер өтіп кетсе сол топтан бір баланы тобына алып қайтады, өте алмаса сол топта қалады. Ойын осылай жалғаса береді.

Соқыр теке

Балалар дөңгелене тұрады. Топ ішінен бір баланың көзі байланады. Балалар: Бота, бұзау, қозы, лақ,

Қайда кеткен құлыншақ. Соқыр теке бақ-бақ,

Мені ізден тап-тап - деп өлеңмен айтады.

Содан кейін Соқыр теке (көзі байлаулы бала) балаларды қуалайды немесе балалар оның жанына келіп түртіп қашады. Соқыр теке ұстап алған баланың көзі байланады да ол «соқыр теке» рөлін атқарады. Ойын осылай жалғаса береді.

Тақия тастамақ

Ойынға бірнеше бала қатысады. Балалар шеңбер жасап отырады. Жүргізуші шеңбердің сыртын айнала жүгіріп жүріп, біреуінің артына білдіртпей тақияны тастап кетеді. Егер біреу сезіп қойса, жүргізушіні қуып жетуі керек. Ал, жүргізуші қуған баланың орнына тұра қалуға тырысады.

Жүргізушіге жете алмаған бала айыбын төлейді, өнер көрсетеді.

Күш сынаспақ

Бұл ойын стол үстінде екі баланың білек сынасуымен орындалады. 2 бала шынтактарын столға тіреп, қол бастарын айқстырады. Кім білектістолға жықса, сол бала жеңіске жетеді. Ағаш аттың үстінде аттың басын ұстап тұрып 2 білектен тартысып сынасуға да болады. Бірақ баланың қауіпсіздігі қатаң бақыланады.

Арқан тарту

Бұл екі топқа бөлінген балалармен немесе екі баламен ойналады. Арқанның екі жағынан екі бала немесе екі топқа бөлінген балалар тартысады.

Қай топ арқанды өз жағына тартып алып келсе, сол топ жеңіске жетеді.

Екі бала тартысқанда қай бала өзіне қарай арқанды тартып екінші баланы құлатса, құламаған бала жеңіске жетеді.

Сақина жасыру

Ойынды бастаушы және сақина жасырушы бала белгіленеді. Қалған ойыншылар жерге отырып тізелерінің үстіне алақандарын жаяды. Бастаушы жабулы қолын әрбір ойыншының алақанына салысымен, ол бала алақанын жаба қояды. Бастаушы бір баланың алақанына сақина салысымен, ойыншылардың біреуінен «Сақина кімде» - деп сұрайды. Ол сақинаның кімде екенін білсе, сол баламен орнын ауыстырады. Ал білмесе, ол өз өнерін көрсетеді. Ойын басқарушы ойынды осылай жалғастыра береді.

Қуыр-қуыр қуырмаш

Оң қолдың бес саусағын бір жерге түйістіреді де, сол қолымен оны бүрмелеп қапсыра ұстайды. Содан соң екінші балаға:

- Ортаңғы саусағымды тапшы, - дейді. Екінші балаға қарап байқап отырады да, міне, - деп бір саусақтың басынан шымшып ұстап тұрады. Егер екінші бала жасырушының ортаңғы саусағын дәл тапса, ұпайды бірінші бала тартады. Ұтқан бала ұпай алу үшін мына ережелермен сөздерді жақсы білуі керек.

Бас бармақтан бастап шынашаққа дейін, саусақтардың атын түгел атап береді: бас бармақ, балан үйрек, ортан терек, шылдыр шүмек, кішкентай бөбек. Бес саусағын түгел жұмады. Тағы да бас бармағыннан бастап, былай деп 5 саусақты түгел жазады.

Сен тұр қойыңа бар.Сен тұр түйеңе бар

Сен тұр жылқыңа барСен тұр сиырыңа бар

Сен кішкентай әлі жас екенсің

Қазанның қаспағын қырып же де, жыламай отыра тұр.

Енді осы шынашақтың өзін алақан шұңқырына бүгіп тұқырта ұстайды

Қуыр-қуыр, қуырмашБалапанға бидай шашӘжең келсе есік аш

Қасқыр келсе мықтап бас

Шынашақты шыр айналдырып, баланың алақанын қытықтайды.

Осыдан соң:

Мына жерде қой бар Мына жерде жылқы бар Мына жерде түлкі бар

- деп баланың білегінен қолтығына дейін түртіп, ең соңында мына жерде күлкі бар – деп қытықтайды.

Аударыспақ

«Аударыспақ» — өте көне дәуірден келе жатқан қазақ халқының ұлттық спорт ойыны. «Аударыспақ» – қазақ халқының арасында кеңінен таралған ойын. Балалар екі жақ басы берік тұғырға бекітілген биіктігі бір-бір жарым метрдей (балалардың жасына қарай), ұзындығы 70-80 сантиметрдей ағаш аттарға мінеді. Бір-біріне қапталдас орналасқан ағаш аттардың ара қашықтығы екі жақтан созылған қол жететіндей болса жеткілікті. Оларға мінген шабандоз балалар бір-біріне қарама-қарсы отырып қол ұстасады. Төрешінің белгісімен бірін-бірі тартып, не итеріп, әйтеуір қай айласын, не күшін асырғаны қарсыласын ағаш аттан аударып түсуі шарт. Аяқты жерге ағаш атқа тіреуге болмайды. Онда ойын шарты бұзылады. Ойын алаңының айналасына құм немесе жұмсақ кілем төселуі керек. Қай топ жеңсе сол топ жеңімпаз атанады.

Теңге ілу

Ойынға қатысушылар тепе-тең екі топқа бөлінеді. Әр қайсысы жеке- жеке шыбықтан ат мінеді. Ойын кезгі басталатын жерге сызық сызылады. Одан әрі 20-30 метрдей жерден тереңдігі бір қарыстай екі шұңқыр қазылады. Шұңқырға он-оннан теңге салынады. Содан соң екі топтан екі сайыскер шығады. Сызыққа келіп қатарласып тұрады. Бастаушының белгісі бойынша шыбық аттарын құйғытып, шаба жөнеледі. Сол беттерімен әлгі шұңқырға жетіп қол соғып жібереді де, теңгені іліп алып, әрі қарай шауып кете барады, шұңқыр тұсында бөгелуге болмайды. Ұпай әр сайыскердің іліп алған теңгелерінің санына қарай есептеледі. Қай топ көп ұпай жинаса, сол топ жеңеді.

Көтермек

Ортаға екі ойыншы бала шығады. Бір-біріне арқаларын беріп тұрады. Белгі бойынша кім бірін-бірі арқада көтеріп алса, сол бала жеңіске жетеді.

Жеңіске жеткен бала ойында қала береді де басқа балалармен бірге күш сынасады.

Қыз қуу

Балалар арасынан бір ер бала, бір қызды ағаш атқа мініп қуады. Бала қызға жетіп қолынан ұстаса ол жеңіске жеткені. Кейде қызды 2 бала да қуады, қай бала бұрын жетіп қыз қолын ұстаса, сол бала жеңіске жетеді. Ал қуып жете алмаған жағдайда өлең айтып немесе би билеп өнерін көрсетеді.

Түйілген ормал

Ойын жүргізуші ойынды өзі бастайды. Ең алдымен балаларды айналасына жинап алады да «1, 2, 3» - деп дауыстайды. Осы кезде балалар жан-жаққа бытырай қашады. Ал ойын жүргізушісі қолында түйілген орамалы бар баланы қуалайды. Ол орамалды басқа біреуге лақтырады, қағып алған бала қаша жөнеледі. Осылайша ойын жүргізіледі, түйулі орамалды алғанша қуалай береді. Ұсталған ойыншы көпшілік ұйғарымымен ортада тұрып өнер көрсетеді. Одан кейін ойын жүргізуші ауыстырылады. Ойын ойнап болған соң балалар шеңбер жасап тұрады.

Әуе таяқ

Балалар екі топқа бөлінеді. Әр топта 5-тен 10-ға дейін ойыншы болады. Екі топқа екі таяқша (жұмсақ таяқша) беріледі, жерге түзу сызық сызылады. Ойыншының біреуі ортаға шығады да бір алақанына зат жасырып, екінші қолының жұдырығын бірдей жұмады.

Екінші ойыншы зат жасырылған қолды тапса, ойынды бастаушы сол болады. Сөйтіп қолындағы таяғын жоғары лақтырады. Осы кезде қасындағы ойыншы да таяғын лақтырады, қасындағы баланың таяғын қағып түсіруі шарт. Таяқты қағып түсірген бала өз тобына ұпай әкеледі.

Қара құлақ

Ойынға 5-10 бала қатысады. Олар оңаша жерге топталып өз араларынан бір баланы қазық етіп белгілейді. Қазық тұрған жерінде қозғалмай тұрады. Басқалары әрі кетеді. Содан кейін ойынға қатысушылар қазықты алыстан қоршап бірте-бірте жақындай түседі.

Таяп келіп мынау кім? – деп бір-бірінен сұрасады. Біреуі ой бұл қара құлақ қой! - деп қаша жөнеледі. Қалғандары да – қара құлақ, қара құлақ! - деп бытырай қашады. Қарақұлақ біреуін ұстау үшін тұра қуады. Ұсталған бала қара құлақ болып, ойын әрі қарай жалғасады.

Санамақ

Көпшілік қатысады. Ойынның шарты: ойын бастаушы қатысушы бір адамды ортаға алып шығады. Ол адам бір тектес атау сөзден жаңылмай, кідірмей аттап жүріп айтуы керек. Тоқтамай қателеспей айтып шықса, жұлде алады. Егер қателессе ойыннан шығады. Мысалы: жаңылмай 10 ақынның немесе 10 өзеннің атын атауы керек.

Ақшамшық (сақина салу)

Бұл – қазақ халқының ерте заманнан келе жатқан дәстүрлі ойыны. Оны сақина салу, сақина тастау деп те айтады. Ойынға он-он бес адам қатысып, ортаға бір баланы немесе бір қызды шығарып, қолына сақина ұстатады. Ойын ережесі бойынша қыз-

жігіттер үйде дөңгелене отырып, екі алақанын бір-біріне қабыстырып алға созады. Ойынды жүргізушінің алақанындағы сақинаны кімге салса да өз еркі. Ол барлық адамдардың алақанына сақина салған болады, «Тұр сақинам, тұр», - деп, немесе

«Ақшамшығымды бер!» деп дауыстайды. Сол сәт сақина тасталған адам орнынан атып тұруға тиісті, «Сақина менде», - деп. Оны көршісі ұстайалмай қалса, жұрт алдында өз өнерін көрсетеді.

Ақсүйек

Ең алдымен, ойнаушылар өзара келісіп, жеңген топ үшін жүлде тағайындайды да, екі топқа бөлінеді. Топ басқарушылар ақсүйекті қайсысының лақтыратынын шешіп алу үшін кезектесіп таяқ ұстайды, таяқтың басына кімнің қолы бұрын шықса, сол ақсүйекті құлашы жеткенше лақтырады. Ақсүйек жерге түскеннен кейін ғана ойыншылар іздеуге шығады. Көмбеде топ басқарушылардан басқа ешкім қалмайды. Ақсүйекті тапқан ойыншы ешкімге білдірмей, көмбеге қашуға әрекет жасайды да, ал қарсыластары біліп қалса, қолма-қол тартып алуғатырысады. Сондықтан ақсүйекті алдымен тауып алған топтың ойыншылары біріне-бірі лақтырып, көмбеге қай топтың адамы бұрын жеткізсе, сол топ жеңіске жетіп, жүлдегер атанады. Келесі жолы ақсүйекті екінші топ лақтырады, сөйтіп ойын жалғаса береді.

Сиқырлы таяқ

Ойнаушылар қол ұстасып, дөңгелене шеңбер жасап тұрады. Қолында таяғы бар ойын жүргізуші шеңбердің ортасына келеді де, ойынның тәртібін түсіндіреді. Ойнаушыларды бірден бастап түгел нөмірлеп шығады. Ойынның шарты бойынша ойын жүргізуші қолындағы таяғын шеңбердің ортасында тік ұстап тұрады да, бір нөмірді атап, таяқты қоя береді. Аталған нөмір таяқты жерге құлатпай ұстап қалуы керек, ал таяқты ұстай алмай құлатып алса, онда айып тартады, яғни көптің ұйғаруымен ортаға шығып, өнер көрсетеді. Ойынға қатысушылардың бәрі бір-бір реттен міндетті түрде ойнап шығулары керек. Ал одан әрі ойынды жалғастыру-жалғастырмау ойнаушылардың өз еркінде. Ойнаушылардың саны көп болса, ойын қызықты өтеді.

Арқан тартыс

Бұл ойынның екі түрі бар. Біріншісі жазда көгал үстінде, екіншісі қыста қар үстінде ойналады. Жазда ойыншылардың саны 10 баладан кем болмаса, ойын қызықты болады. Ойынға ұзындығы 8-10 метрлік екі ұшы түйілген арқан әзірленеді. Оның тең ортасына белгі ретінде қызыл матаны байлап қояды. Ойынға қатысушы екі топтағылар өз жағында бойларына қарай сап түзеіп, ойын бастауға белгі берілгенде арқанды өз жағына қарай тартады. Қыста он-он бес бала тартқанда үзілмейтін арқан таңдап алынып, үлкен адамның алақанының көлеміндей екі тақтайдың ортасынан өткізіліп, ортасына аққала үйіліп, екі жақ оны өзіне қарай құлату үшін тартады.

Тымпи

Тымпи – ойынға қатынасушылар шеңбер жасап, дөңгелене отырады. Бір баланы ойынды жүргізуге белгілейді. Ол: «Ал, ойынды бастаймыз, бәрің түгел тым-тырыс тымпи!» - деп бұйырады. Бұдан кейін бірде-бір ойыншы дыбыс шығармауы, үн қатпауы керек. Алайда бастаушы ғана сөйлеуге ерікті. Ол адам күлерлік қимыл-қозғалыспен әзіл-қалжың сөздерді айтып, қалай да біреуді күлдірудің амалын іздейді. Қалжың жыр да айтады. Ешқайсы шамданбайды. Өйткені ойынға қатынасушылардың аты қалжың өлеңге қосылмауы керек. Әзілі де, сықағы да өтпесе, бет-аузын тыржындатып, әр түрлі құбылтады. Қолайсыз қимылдармен құбылыстар жасап қозғалады. Жаңылыстыру үшін неше алуан сұрақтар қояды. Біреу абайсыз жаңылып сөйлесе не күліп жіберсе, айып тартады. Өлең айтады, ән салады не би билейді. Сондықтан ойынды жүргізуші тілмәр, әзілкеш, күлдіргі бала болуы керек.

Көрші ойыны

Көрші ойынын үлкен бөлмеде немесе таза ауада көгалды жерде өткізуге болады. Ойыншылар саны 10-нан 30-ға дейін болуы керек. Яғни екі топтың балаларын қосып ойнатуға да болады. Ойыншылар дөңгеленіп, екі-екіден шеңбер құрып отырады. Тағы бір бала ортаға шығып, жұп болып отырған ойыншылардың бір жұбына келіп, «Көршіңмен татусың ба?» - деп сұрайды.

Егер сұрақ қойған жұптың біреуі «Көршіммен аразбын» десе, онда сұрақ қоюшы бала оның қасындағы көршісін орнынан тұрғызып, соның орнына өзі отырады. Орнынан тұрған адам ортаға шығып басқа бір жұптан «Көршіңмен татусың ба?» деп сұрап, ойынды соза береді.

Ал егер ойыншы көршісімен «татумын» деп, қасында жұп болып отырған баланы жібергісі келмесе, онда сұрақ қоюшы адам оны жазалайды. Ол ән салады, би билейді, болмаса әңгіме, ертегі, жаңылтпаш айтып береді. Осылай ол көршісін алып қалады. Егер ойыншы бұл тапсырманы орындай алмаса, өз орнын сұрақ қоюшы адамға береді де өзі соның міндетін атқаруға кірісіп ойынды қайтадан бастайды. Сөйтіп, ойын жалғаса береді.

Жаңылма

Бір топ бала көгалды алаңға жиналып, қол ұстасып, дөңгелене тұрады да, ортасынан санамақ айтып бір баланы ортаға шығарады. Шыққан бала өлең, тақпақ, әңгіме айтып тұрып кез-келген жерінде жата қалады, не болмаса құлағын ұстайды, басын сипайды, тағы сол сияқты іс-әрекеттерді жасайды. Оның өлең, тақпақ, әңгіме айтып тұрып істеген қимылдарын қайталай алмай қалған бала айыпты болып, өлең айтады, билейді, әңгіме айтып күлдіреді.

Ойын балаларды шығармашылыққа, ынтымақтастыққа, аңғарымпаздыққа үйретеді.

Білектесу

Бір столдың шетіне қарама-қарсы отырған екі бала оң қолдарының шынтағын столға тіреп қояды да, бірінің қолын бірі алақандастыра мықтап ұстайды. Сол жақтағы қолдарын әркім өзінің оң жақ қолтығына тығып алады. Осылай ұстасып алған екі палуан бала, ойын бастаушы команда берісімен, шынтақтарын сол орнынан қозғамай, қарсыласының тіреулі қолын шалқасынан түсіруге ұмтылады. Білегі тайып жантайған бала жеңіледі. Бұл білек күшінің жетілуіне көмектеседі.

Шалма

«Шалма» ойынына екі бала қатысады да, қалғандары көріп, тыңдап отырады. Ойын үйде, аулада өте береді. Ойыншылар біріне-бірі қарсы қарап отырады да, дайын болған шалманы бірінің қолынан бірі алады. Алғашында екі ұшын біріктіріп түйеді де, екі қолға, яғни төрт саусаққа кигізеді, ортаңғы саусақпен кезекпен іліп алады, сонда «ыңыршаң» шығады.

Екінші жағдайда, келесі ойнаушы басбармақ және сұқ қолымен ыңыршақтың екі жақ керегесінің үстінен астына қарай алып, «кереге» шығарады. Үшінші жағдайда керегені үстінен астына қарай алып, «шаңырақ» шығарады. Төртінші жағдайда шаңырақты екі шынашақпен айкастыра іліп алып, «астауша» шығарады. Бесіншіде «кереге» қайталанады, алтыншыда «шынтақ» шығады. Енді әрі қарай жалғастырып ойнай берсе - «астау», «кереге», «шынтақ», «астау», «кереге», «шынтақ» болып қайталана береді.

Ойлы ойыншылар бұл бейнелердің жаңа көріністерін өзінше өрнектепкеңейте беруге тырысады.

Бұл жас өспірімдердің тұрмыстағы үй жабдықтарын қалай пайдаланатындықтарын көз алдына елестетіп, соларды өзі жасағандай әсерлендіре түседі. Балалардың қиялын қозғап, шығармашылық ізденіске, ой-жүйелерін дамытуға үлкен көмек береді.

Сақ құлақ

Сақ құлақ — ұлттық ойын. Бұл ойынның әрбір қимылы сөйлеп жүріп орындалады. «Сақ құлақ» ойынын қазір көбінесе «Телефон» деп атап жүр. Біз оның ескі атауымен аталуын жөн көрдік. Қатысушылардың арасынан бір бала ойын жүргізуші болады. Ойнаушылар қаз-қатар түрегеліп тұрады

немесе қатарласа отырады. Бірақ бір ойыншы мен екінші ойыншының арасы бір метрдей алшақ болуға тиіс. Ойынды бастаушы (I-ойнаушы) естілер-естілмес дауыспен бір-екі сөзді бірақ рет айтып қалады. Сол сөзді қағып алған екінші ойнаушы үшіншіге, үшінші төртіншіге, төртінші одан әрі тез-тез айтып, онан әрі жеткізе береді. Олардың бәрі сөздерді бір рет қана айтып, тым-тырыс отырады.

Айтылатын сөйлем екі не үш сөзден құралған шағын болуы керек. Оның бір мүшесі өз құрамындағы дауысты немесе сөз басындағы ұяң дыбыстардың естілу жөнінен екі ұшты, яғни басқа бір дыбысқа ұқсас сөз болуы қажет. Мысалы, тарғақ көрдім - жарғақ көрдім, борсық көрдім, т.б.

Ең соңғы ойнаушы ойын бастаушыға сыбырлап өзіне жеткен сөзді айтады. Егер сөз дұрыс жеткен болса, ойын тағы да үш рет басқа сөздермен қайталанады. Егер сөз бұзылып жеткен болса, бастаушы соңғы ойнаушыдан бастап I-ойыншыға қарай сыбырмен ғана тыңдап, сөзді бұзушы кім екендігін анықтайды. Сөз бұзған ойнаушы ең аяққа барып тұрады да, екі-үш ауыз жаңылтпашты қайталап дұрыс айта алмаса, ұпай тартады. Ұпай келісім бойынша не өлең айту, жұмбақ шешу немесе бір өнер көрсету (мысалы, сурет салу, үлгі қию, есеп шығару т. б.) арқылы орындалады.

Ойын жас өспірім балалардың зердесін дамытып, өнерге деген құштарлығын арттырады.

Кім жылдам?

Ежелгі ойындардың бірі - *Кім жылдам?* Ойын аулада, спорт залында, бөлмеде ойнала береді. Ойыншылар ойынға екі-екіден қатысады. Ортаға шыққан екі бала бір-біріне арқасын беріп, екі жаққа қарап тұрады. Аяқтарының арасын иықтарының деңгейімен бірдей етіп ұстайды. Сонан соң ойын жүргізуші екеуінің аяғының арасына ұзыннан-ұзақ белбеу тастайды да «бір, екі, үш» деп санайды. «Үш дегенде кім еңкейіп белбеуді бұрын алса, соның жеңгені. Бұл адамның өз денесін еркін меңгеріп, тез қимылдауының нәтижесінде жүзеге асады. Ойынға басқа ойыншылар шығады. Ойын жалғаса береді. Екінші кезекте әр жұптың жеңімпаздарымен арадағы жарыс болады. Ең соңында жеңген екі ойыншы қалады. Сол екеуінің қайсысы жеңіп шықса, сол жеңімпаз атанады.

Үш орындық ойыны

Үш орындық ойының кең бөлмеде, спорт залдарында ойнауға болады. Ол үшін ортаға үш орындық қойылады. Ойынға қатысушылардың санына байланысты орындықтың көбейе түсуі мүмкін. Ойын жүргізушінің берген белгісі бойынша ойыншылар ортада тұрған орындықтарды айнала жүгіреді. Ойын қыза бастағанда жүргізуші отырыңдар деген белгі береді. Сол кезде ойыншылар орындықтарға отырыса қалады. Ал орындыққа

отырып үлгере алмағандар, ойыннан шығады. Енді орындықтың бірі алынып қойылады да, ойыншылар қалған орындықты айнала жүгіреді. Ойын бір орындық пен екі ойыншы қалғанға дейін, олардың бірі жеңіп шыққанға дейін жүргізіле береді. Сонан соң ойын қайта басталады да, артынан жеңімпаздар арасында өзара тартыс басталады. Жеңіп шыққан ойыншы ең жылдам ойыншы деп аталады. Әр топтың жеңімпаздарына мақтау сөздер айтылып, сыйлықтар беріледі.

Жүйріктер жеңеді

«Жүйріктер жеңеді» — ұлттық ойын. Ойынға қатысушылар көк және сары топ болып екі топқа бөлінеді. Бір төбенің үстіне ойыншыларға түгелдей жетерлік мөлшерде көк және сары таяқшалар тасталады.

Ойынды жүргізуші ретінде басқарушы тағайындалады. Ол төрешілік міндетті қоса атқарады. Төрешінің белгісі бойынша ойынға қатысушылар белгіленген көмбеге қарай тұра жүгіреді. Жеткен ойыншы өз командасының түсіне сай бір-бір таяқшаны алып кері жүгіреді де, сөре сызыққа әкеп қояды.

Қай түсті топтың ойыншылары өз командасының бояуына сәйкес таяқты белгілеген мерзімге көбірек алып келсе, сол топ жеңеді. Ойын балаларды белгілі бір мақсатта ұжымдық әрекет жасауға, шапшаңдыққа үйретеді.

Шүлдік ойыны

Жазық алаңда ойналатын жас өспірімдер ойынының бірі - «Шүлдік» ойыны. Ойынға екі басы үшкірленген ұзындығы бір қарыс шүлдік (ағаш) керек. «Шүлдікті» ойнау үшін үлкен шеңбер сызылады, ортасына шүлдік қойылатын шұңқыр қазылады, шүлдік шұңқырдың ішіне емес, үстінде жатуы керек. Әр ойыншының қолында ұзындығы бір метрдей таяғы болуы керек. Ойынға қатынасусылардың санына шек қойылмайды. Ойнаушылардың санына қарай екі топқа бөлінеді.

Бірінші болып кезек алған топтың ойыншысы «шүлдікті» қолындағы таяғымен жерден көтеріп алып, жерге түсірмей соғады да, таяғын шеңбердің үстіне тастайды. Ал екінші болып кезек алған ойыншы шүлдікті түскен жерінен алып, қайтадан соққан ойыншының таяғын көздеп, шеңберге қарай лақтырады. Лақтырған кезде таяққа тигізсе, я болмаса, шеңбердің ішіне түсірсе, онда соғушы ойыншы ойыннан шығып қалады. Шүлдікті бірінші болып жерден көтеріп, жерге түсірмей соққан кезде ойыншы тигізе алмаса, ол да ойыннан шығып қалады. Ал лақтырған ойыншы не таяққа тигізе алмай не болмаса дөңгелек сызықтың ішіне түсіре алмаса, онда бірінші ойыншы енді «шүлдікті» шекіп соғады, әр соққанда үш реттен соғады. Сөйтіп, «шүлдік» қай жерге барып түссе, сол жерден дөңгелек сызыққа дейінгі қашықтықты таяғымен өлшеп шығады да, екінші ойыншыға ұпай мөлшерін белгілейді. Бірінші ойыншы әлгі

себептермен ойыннан шығып қалса, онда екінші ойыншы соғушы болады, ол шығып қалса, үшінші ойыншы соғушы болады. Ойын осылайша барлық ойыншы ойнап болғанша, жалғаса береді.

Ойынның шарты бойынша шекіген кезде «шүлдікке» тимей, таяғы жер қауып қалса, ұпайы күйіп кетеді. Шүлдікті екінші рет шекіген ойыншы, оны қолымен ұстап қойса, онда да оның ұпайы күйіп кетеді. Сондықтан «шүлдікті» тек үшінші рет шекігеннен кейін ғана ұстауға болады.

«Шүлдік» ойыны ойнаушылардың қолдарының бұлшық етін жетілдіріп, жылдамдыққа үйретеді, «Шүлдікті» сызықтың үстіне түсіруге ұмтылу арқылы көз мөлшері, дәлділік пен мергендік қабілеттері жетіледі.

Жапалақтар мен қарлығаштар

Жапалақтар мен қарлығаштар - ұлттық ойын. Ойын кең, жазық алаңда өтеді. Ойынға қатынасушыларға шек қойылмайды. Ойнаушылар екі топқа бөлінеді де бірінің арқасына бірі арқасын қаратып, екі сан құрып тұрады. Бір қатардағыларды жапалақтар, екіншісін қарлығаштар деп атайды. Орталарынан біреуін ойын жүргізуші етіп сайлап алады. Ол ойыншылардың арасынан жүріп отырып, сөзін үзіп-үзіп, созып сөйлейді: қар (үзіліс) - лы - ғаш немесе жа..., ал сөз аяғын айтпайды. Сонда аты аталған топ бытырап қаша жөнеледі де, аты толық аталмаған топ оларды қуады. Ұсталған ойыншы ұстаған топтың ойыншыларының қатарына қосылады.

Ойын тәртібі: қашушылар мен ұстаушылар алдын ала келісілген белгі бойынша ұсталғанын мойындайды. Ол үшін қашушы ойыншы қолын тигізсе болды. Қай топтың жеңгенін ойын соңында қайсысының саны көп болса, соған қарай шешеді.

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы: МКҚК №4 «Айгүл» б/бақшасы

Топ: «Ботақан» мектепалды тобы

Балалардың жасы 5 – жастағы балалар

Жоспардың құрылу кезеңі 03.04 - 07.04.2023 ж (I – апта)

Күн тәртібі	<i>Дүйсенбі</i> <i>03.04.2023ж</i>	<i>Сейсенбі</i> <i>04.04.2023ж</i>	<i>Сәрсенбі</i> <i>05.04.2023ж</i>	<i>Бейсенбі</i> <i>06.04.2023ж</i>	<i>Жұма</i> <i>07.04.2023ж</i>
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (коммуникативтік дағды)				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балаларды тәрбиелеуде қиын мәселелері бар ата-аналарға арналған кеңестер беру.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	"Ботақандар әлемі" Мақсаты: өлі табиғаттың түрлі нысандарын бақылау; балаларға Ботақандар әлемі туралы жалпы түсінік беру.	Дидактикалық ойын. "Адасқан сандар". Мақсаты: Балалардың түсінігінде сандар тізбегі жайындағы білімдерін нығайту; реттік сандарды пысықтау; сандар тізбегінде аталған санның көршілерін немесе тізбектегі кез келген санның арасында жасырынған санды	"Зымыран ұшар ғарышқа" Мақсаты: балаларды есу, созу, тегістеу әдістерін қолдана отырып зымыранды мүсіндеуге үйрету. (шығармашылық іс-әрекет)	"Біздің ғарышқа саяхатымыз" Мақсаты: балаларды "ғарышқа саяхат" тақырыбы аясында қарапайым сюжетті құрастыруға баулу; өз қиялдарына, ғарыш кемелері мен денелері, ғарышкерлер туралы түсініктеріне сүйеніп қағаз бетіне жоспарлап,	"Скафандр киеміз" саусақ жаттығуы. Арманшыл баламыз, Ғарышкер боламыз. Бір аяқты өткізіп, Екіншіні саламыз. Қолды жеңге өткізіп, Қолды жеңге өткізіп, Сыдырманы жүргізіп, Киеміз скафандрды. Алақай! Алақай! Ғарышкерміз,

		тауып атауға жаттықтыру; зейінді, ойлау, елестету қабілеттерін дамыту; шапшаңдыққа, зеректікке тәрбиелеу. (таным іс-әрекеті)		орналастырып, салу дағдыларын жетілдіру. (шығармашылық іс-әрекет)	балақай! Алақай! Алақай! Ғарышкерміз, балақай! (қарым-қатынас іс-әрекеті)
Танертенгі жаттығу	Комплекс №12 «Қаздар» Бір – бірінің соңынан жүру. Жүгіру. Бастаушының және соңғы балалның соңынан жүру. Шеңбер бойына тұру 1. «Қаздар қанатын қағады» 2. «Қаздар сыбырлайды» 3. «Қаздар жем жеуде» 4. «Қаздар ұшып кетті» Тыныс алу жаттығуы 5. «Тук – тук»				
Таңғы ас	Гигиеналық дағдылар Мақсаты: Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртінуге. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну. <i>Көркем сөз</i> Ыстық құймақ пісірдім, Тәрелкеме түсірдім. Дәмді болды құймағым, Құйып жедім қаймағын (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Арайлап таң атты, Алтын сәуле таратты. Жарқырады күніміз.	Жарық болсын күніміз, Жарқын болсын	Шона Смаханұлы «Космосқа ұшамын».	Кел, балалар, күлейік, Күлкіменен түлейік!	«Көңіл - күйдің кездесуі» Мақсаты:

	Жарқырайды даламыз. Қайырлы таң, Қайырлы күн, балалар! (қарым-қатынас іс-әрекеті)	үніміз. Елін сүйіп ер жетер, Біз болашақ гүліміз. (қарым-қатынас іс-әрекеті)	«Сәт сапар!» деп, достар берген Гүлге толып құшағым, Асамын да асқар өрден, Космосқа ұшамын. Болса-дағы қанша көркем, Көкте қайтіп жай табам?! Ораламын асыл өлкем Отаныма қайтадан. (қарым-қатынас іс-әрекеті)	Қабак түйген не керек, Көңілді боп жүрейік! Кел, балалар, күлейік! Күлкіменен түлейік! Күлкі көңіл ашады, Күліп өмір сүрейік! (қарым-қатынас іс-әрекеті)	мейрімділікке, өзгенің көңіл-күйін түсінуге тәрбиелеу. (әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)
Ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру Еңбектеу, өрмелеу: Міндеті: гимнастикалық қабырғамен өрмелеу Физикалық дағды Ойын: «Гимнастикалық бөрене үстінде жаттығу жасау» Мақсаты: балаларды гимнастикалық бөрене үстінде тепе- теңдік сақтай отырып жаттығу жасауға үйрету.	Дене шынықтыру Лақтыру, қағып алу, домалату: Міндеті: допты лақтыру және алға қарай жылжып, екі қолымен қағып алу (арақашықтығы 4–5 метр). Физикалық дағды Ойын: «Тепе-теңдікті сақтаймыз» Мақсаты: балаларды допты бір қолымен жоғары лақтырып, бір қолымен қағып	Сауат ашу негіздері «Дыбыстар мен әріптер» Міндеті: Жазу кезінде арқаны дұрыс ұстау ережелерімен таныстыру. Жазу парағында бағдарлай білу, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажырата білуге Коммуникативтік дағдыларды дамыту «З» дыбысы	Дене шынықтыру Лақтыру, қағып алу, домалату: Міндеті: допты лақтыру және алға қарай жылжып, екі қолымен қағып алу (арақашықтығы 4–5 метр). Физикалық дағды Ойын «Тепе-теңдікті сақтаймыз» (пысықтау) Мақсаты: балаларды допты бір қолымен жоғары лақтырып,	Музыка пән мұғалімінің жоспары бойынша Сөйлеуді дамыту «Әлем ертегісі» Міндеті: бақылаулар мен суреттер бойынша сипаттау және хабарлау әңгімелерін құрастыру Коммуникативтік дағдыларды дамыту «Түлкі мен қоян» орыс халқының

Сөйлеуді дамыту «Әлем ертегісі» Міндеті: ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын және соңын ойдан шығару Коммуникативтік дағдыларды дамыту «Түлкі мен қоян» орыс халқының ертегісі Мақсаты: ертегіні оқу барысында оқиға желісі мен кейіпкерлерді белгілер арқылы сызып көрсетіп, әр белгінің нені бейнелейтінін түсіндіру. Математика негіздері Шама Міндеті: Шартты өлшемнің көмегімен заттардың ұзындығын, енін, биіктігін өлшеу Танымдық және зияткерлік	алуға үйрету. Сауат ашу негіздері «Дыбыстар мен әріптер» Міндеті: «З» дыбысы Жазу кезінде арқаны дұрыс ұстау ережелерімен таныстыру. Жазу парағында бағдарлай білу, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажырата білуге үйрету. Коммуникативтік дағдыларды дамыту Мақсаты: балаларды «З» дыбысы және әрпімен таныстыру. Ұсынылған әрбір сөзге дыбыстық талдау жасауға және жаза білу Көркем әдебиет «Менің сүйікті ертегім» Міндеті: Әдеби шығармаларды	(пысықтау) Мақсаты: балаларды «З» дыбысы және әрпімен таныстыру. Ұсынылған әрбір сөзге дыбыстық талдау жасауға және жаза білу Музыка пән мұғалімінің жоспары бойынша Математика негіздері Шама Міндеті: Беттестіру, тұтастыру және жұппен салыстыру тәсілдерін қолдана отырып, заттарды салыстыру Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту Ойын: «Өрістегі төлдерді санадың ба?» Мақсаты: балаларды заттарды салыстыру негізінде тең бөліктерге бөліп сандық мөлшерін	бір қолымен қағып алуға үйрету. Көркем әдебиет «Менің сүйікті ертегім» Міндеті: Әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдауына ықпал ету, олардың мазмұнын түсіну Коммуникативтік дағдыларды дамыту «Үш дос» украин халқының ертегісі Мақсаты: ертегінің мазмұнын түсіндіру, әңгімелеуге, театр арқылы сахналауға үйрету Сауат ашу негіздері Сөздер Міндеті: сөздің мағынасына қызығушылыққа баулу. Коммуникативтік дағдыларды дамыту	ертегісі» (пысықтау) Мақсаты: ертегіні оқу барысында оқиға желісі мен кейіпкерлерді белгілер арқылы сызып көрсетіп, әр белгінің нені бейнелейтінін түсіндіру. Қоршаған ортамен таныстыру «Төрт түлік мал» Міндеті: Қазақстан аумағын мекендейтін жануарлар мен олардың төлдерін атау және олардың өздеріне тән белгілері бойынша ажырату. Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру Ойын: «Төрт түлік мал» пысықтау Мақсаты: балалардың Қазақстанда қолда өсірілетін түлік түрлері, үй
--	--	---	--	--

дағдыларды дамыту Ойын: «Үй жануарларының өрістегі жолдарын салыстырайық» Мақсаты: балаларды заттардың шамасын салыстыруда шартты өлшемді пайдалануға баулу Сурет салу «Гүлдер» Міндеті: Суретті қарапайым қаламның көмегімен жеңіл ырғақпен үстінен қатты баспай бейненің сұлбасын салу шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту Ойын: «Інжу гүлдер» Мақсаты: балаларды қылқалам мен мақта таяқшасымен салу техникаларын үйлесімді пайдалану іскерлігін ұштау; көктем гүлі	эмоционалды қабылдауына ықпал ету, олардың мазмұнын түсіну Коммуникативтік дағдыларды дамыту «Құмырсқа» қазақ халқының ертегісі Мақсаты: ертегінің мазмұнын түсіндіру, әңгімелеуге, саусақ театры арқылы сахналауға үйрету. Қазақ тілі Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Міндеті: Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту Коммуникативтік дағдыларды дамыту «[И] дыбысы (артикуляциясы, тіл ұстарту, сөздердегі дыбыстардың орнын	теңестіруді меңгерту Қоршаған ортамен таныстыру «Төрт түлік мал» Міндеті: Қазақстан аумағын мекендейтін жануарлар мен олардың төлдерін атау және олардың өздеріне тән белгілері бойынша ажырату. Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру Ойын: «Төрт түлік мал» Мақсаты: балалардың Қазақстанда қолда өсірілетін түлік түрлері, үй жануарларына күтім жасау, олардың тіршілік қалпы туралы түсініктерін кеңейту.	Ойын: «Қарама-қарсы сөздер» Мақсаты: сөздерді салыстыру жолымен балалардың ой-өрісін кеңейту, ойлау қабілетін дамыту, сөздік қорын қарама-қарсы сөздермен молайту, зейінділігін арттыру. Математика негіздері Шама Міндеті: Беттестіру, тұстастыру және жұппен салыстыру тәсілдерін қолдана отырып, заттарды салыстыру Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту Ойын: «Өрістегі төлдерді санадың ба?» Мақсаты: балаларды заттарды салыстыру негізінде тең бөліктерге бөліп	жануарларына күтім жасау, олардың тіршілік қалпы туралы түсініктерін кеңейту. Қазақ тілі Байланыстырып сөйлеу. Міндеті: Балалардың түрлі әрекеттерінде бір-бірімен еркін диалог құруға мүмкіндік беру Коммуникативтік дағдыларды дамыту «Балықшы мен балық» туралы ертегісін әңгімелеу Мақсаты: «Отан оттан да ыстық» мақалы, суреттерге сүйене отырып, диалогтарда қарапайым сөйлемдер құруға жаттықтыру
---	---	---	--	---

	інжугүлдің құрылым және түс ерекшеліктерін байқап, қағаз бетінде көрсете білу.	табу) мен әрпі (атау негіздері)» Мақсаты: [И] дыбысын сөздің басында, ортасында кездесетінін ұғындыру, айтылуын дұрыс меңгерту, көру және есту қабілетін дамыту.		сандық мөлшерін теңестіруді меңгерту	
Серуенге дайындық	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. (мәдени-гигиеналық даңдылар, дербес әрекет)				
Серуен (қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, таным іс-әрекеті)	Картотека №1 «Ауа – райына бақылау жасау» Мақсаты: Көктемнің алғашқы айы мен соңғы айын салыстырабілуге үйрету. Ауа райының өзгерісін анықтап, оны ажырата білуді жалғастыру. Балалардың байқампаздығын, табиғат пен қарым – қатынасын дамыту.	Картотека №2 «Күнге бақылау жасау» Мақсаты: Тақырып бойынша белсенді сөздікті дамыту. Күн туралы мәлімет беру.	Картотека №3 «Желге бақылау жасау» Мақсаты: Балалардың көктем мезгіліндегі құбылыстар жайынша білімдерін кеңейту, желдің аспандағы бұлттарға олардың қозғалысына әсерін тигізетінін айту.	Картотека №4 «Аспанға бақылау жасау» Мақсаты: Бақылау барысында көркем сөзді қолдануға үйрету. Аспан туралы жалпы түсінік орнату.	Картотека №5 «Шоғырланған бұлтқа бақылау жасау» Мақсаты: Шоғырланған бұлтты аспаннан көріп, қайталанбас сұлулығын байқай білуге үйрету. Шығармашылық қабылдауын дамыту.
Серуеннен оралу	Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу.				

	Қоғамдық орындарда гигиена ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Түскі ас	Гигиеналық дағдылар Мақсаты: Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүрту. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну. <i>Көркем сөз</i> Ыстық құймақ пісірдім, Тәрелкеме түсірдім. Дәмді болды құймағым, Құйып жедім қаймағын. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай жасау.				
Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары	"Мысықтың ызалануы" жаттығуы (тіземен тұрып, белді бүкірейтіп, басты төмен түсіру). Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау. (дене шынықтыру)				
Бесін ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Картотека №1 Д/о: «Мені кім шақырды?» Мақсаты: Өз құрбы – құрдастарының даусын тани білуді дамыту.	Картотека №2 Д/о: «Айырмашылығын тап» Мақсаты: Зейіннің шоғырлануын байқағыштықты дамыту.	Картотека №3 Д/о: «Жұбынды таңда» Мақсаты: Қысқа мерзімді есте сақтауды жаттықтыру.	Картотека №4 Д/о: «Кім есінде көп сақтайды» Мақсаты: көріп, есте сақтауын дамыту	Картотека №5 Д/о: «Суретке сәйкес жұбын таңда» Мақсаты: Логикалық ойлауды, заттың бар белгілерін анықтау, затты сипаттамасына қарай тануды дамыту.

Балалармен жеке жұмыс	Еркебай Әдеміге геометриялық фигуралардың, көгөністер, жеміс-жидектердің дайын суреттерінің сыртын шетке шығармай бастыру, бояу. (шығармашылық іс-әрекет)	Д/о: «Көктем белгілерін ажыратамыз» Жүрсінбек Сарамен жыл мезгілдері белгілерінің суреттерінің ішінен көктем мезгілінің белгісін ажыратуды үйрету мақсатында жұмыс (қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)	Өмір Айсұлтанмен бірге өлең жаттауға көмектесу, тілін дамыту. Көкке ұшамын - Ұшқыш болар баламын. Соңына ерем Ер ғарышкер ағаның. (Тұманбай Молдағалиев) (қарым-қатынас іс-әрекеті)	Бауыржанқызы Айаруға «Мен ғарышкер боламын» өлеңін жаттауға көмектесу Аспан, аспан, арайлым, Саған жиі қараймын. Сені көзбен шоламын... Мен ғарышкер боламын. Ж.Смақов (қарым-қатынас іс-әрекеті)	Қарынтай Муслимді «Ғарышқа самғап ұшайық» саусақ жаттығуын жасауға көмектесу Ғарышқа самғап ұшайық (саусақтарын бүгіп, қолдарын жоғары-төмен қозғау), Аспан төсін құшайық (кеуде алдында бүгілген қолдарымен өзін құшақтау). Қанаттарды кең жайып (қолдарды жан-жаққа тік жаю), Ұшақ болып ұшайық (жайылған қолдармен ойын алаңында жан-жаққа жүгіріп "ұшу") - Зуууу! Зуууу! Балалар тәрбиешіке еліктеп әуен ырғағына, сөздерге сай қимылдайды.
Серуенге дайындық	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау (мәдени-гигиеналық даңдылар, дербес әрекет)				

Серуен	Картотека №1 Д/о: «Мені кім шақырды?» Мақсаты: Өз құрбы – құрдастарының даусын тани білуді дамыту.	Картотека №2 Д/о: «Айырмашылығы н тап» Мақсаты: Зейіннің шоғырлануын байқағыштықты дамыту.	Картотека №3 Д/о: «Жұбыңды таңда» Мақсаты: Қысқа мерзімді есте сақтауды жаттықтыру.	Картотека №5 Д/о: «Суретке сәйкес жұбын таңда» Мақсаты: Логикалық ойлауды, заттың бар белгілерін анықтау, затты сипаттамасына қарай тануды дамыту.	Картотека №4 Д/о: «Кім есінде көп сақтайды» Мақсаты: көріп, есте сақтауын дамыту
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	«Баланы ойлануға қалай үйретуге болады?» атты тақырыпта ата-аналарға кеңес.	«Айына бір рет отбасы күнін өткізу».	«Баланың демалысын дұрыс ұйымдастыру».	«Отбасындағы бала тәрбиесінің маңызы» тақырыбында ата-аналарға кеңес.	Балалардың тазалығы туралы ата-аналармен әңгімелесу.

Тексерген әдіскер: _____

Тәрбиеші: _____

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы: МКҚК №4 «Айгүл» б/бақшасы

Топ: «Ботақан» мектепалды тобы

Балалардың жасы 5 – жастағы балалар

Жоспардың құрылу кезеңі 10.04 - 14.04.2023 ж (II – апта)

Күн тәртібі	<i>Дүйсенбі</i> 10.04.2023ж	<i>Сейсенбі</i> 11.04.2023ж	<i>Сәрсенбі</i> 12.04.2023ж	<i>Бейсенбі</i> 13.04.2023ж	<i>Жұма</i> 14.04.2023ж
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	«Бала - ата-ана көзімен» сауалнамалар жүргізу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	«Боямақты бояйық» Мақсаты: Көктем мезгіліндегі боямақтарды бояу. (шығармашылық дағдыларды дамыту)	Үстел – үсті ойыны: «Қоқыстан тазалау» Шарты: Ғаламшарды қоқыстан тазарту керек, ол үшін мына геометриялық денелерді пішініне қарай топтастыруымыз керек. (физикалық, танымдық дағдыларды	Д/о: «Көктем белгілерін ажыратамыз» Мақсаты: Балаларды тез ойлануға тәрбиелеу. Шарты: Мына жерде жыл мезгілдерінің белгілерін білдіретін суреттер тұр. Осы белгілердің ішінен көктем мезгілінің белгісін ажыратып алуымыз керек.	Д/о: «Қай өсімдік екенін тап». Мақсаты: тақырыпты сипаттау және оны сипаттама бойынша тану. Шарты: Тәрбиеші бір баланы өсімдікті сипаттауға немесе ол туралы жұмбақ жасауға шақырады. Басқа балалар бұл қандай өсімдік екенін табуы керек.	Қ/о: «Бос орын» мақсаты: Балаларға тез ойлануға және шапшаң, епті қимылдауға баулу. Шарты: Балалар шеңберді айналып молдас құрып отырады. Қолына қамшы ұстаған жүргізуші ойыншылардың бірінің қасына тоқтайды және

		дамыту)	Балалар суреттерді жылдам қойып шығады. (танымдық, әлеуметтік дағдыларды дамыту)	(коммуникативтік, әлеуметтік дағдыларды дамыту)	қамшыны соның артына қойып кетеді. «Бұл жер тар, өз орныңды тап!» деген сөздерді айтады. Ойыншы қамшыны алады және жүргізушіні қуа жөнеледі. Егер оны ұстап алса, қамшымен ақырын ұрады. Ал жүргізуші сол ойыншының орнына отырып алуы тиіс. Егер отырып алса, ойыншы ойынды жүргізеді. (физикалық дағдыларды дамыту)
Таңертенгі жаттығу	Комплекс №12 «Қаздар» Бір – бірінің соңынан жүру. Жүгіру. Бастаушының және соңғы балалның соңынан жүру. Шеңбер бойына тұру 1. «Қаздар қанатын қағады» 2. «Қаздар сыбырлайды» 3. «Қаздар жем жеуде» 4. «Қаздар ұшып кетті» Тыныс алу жаттығуы «Тук – тук»				
Таңғы ас	Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл				

	сүлгімен сүртіну. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну. <i>Көркем сөз</i> Тағы міне, таң атты, Дайын дәмді тағамдар. Үлпілдеген тиінге, Жарып берем жаңғақты. Қою сүтті беремін, Мысық пенен күшікке. Түлкіге қою айран, Тышқанға дәндер салам. Ақ қоянға тәтті нан, Тосап беремін араға. Таңғы ботқа береміз, Бақшадағы балаға. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Жарқырап күн де ашылды, Айналаға нұр шашылды. Қайырлы күн! Біз көңілді баламыз! Қайырлы күн! Біз сүйікімді баламыз! (қарым-қатынас іс-әрекеті)	Жүректен жүрекке Балалар шеңберге тұрып төмендегі өлең жолдарын қайталайды: Күніміз ашық болсын! Түніміз тыныш болсын! Ауамыз таза болсын! Суымыз мөлдір болсын! (қарым-қатынас іс-әрекеті)	«Көңіл-күйді анықтау» Ойынның Мақсаты: мейрімділікке, жақын адамның көңіл-күйін көре білуге тәрбиелеу . Тәрбиеші балаларға айналасындағы адамдарға көңіл бөлу керектігін түсіндіреді. Бір бірінің көзіне, бет-әлпетіне қарап, көңіл-күйді анықтауды ұсынады.	«Әдепті сөздер шеңбері» Ойынның Мақсаты: сыпайы қарым-қатынас жасауға үйрету, зейінділікке, мейірімділікке баулу. Балалар шеңберге тұрады, бір-біріне ойыншықты бере отырып, әдепті сөздер айтады. (қарым-қатынас іс-әрекеті)	Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Арайлап таң атты, Алтын сәуле таратты.

			Балалар жұптасып, қолдарынан ұстайды. Тәрбиеші оларға: «Тек көздеріңе қарап, бір-біріңнің қолдарыңнан ұстап, әр түрлі эмоцияларды үнсіз жеткізуге тырысыңдар: «Мен көңілсізбін, маған көмектес! Мен көңілдімін, кел ойнайық! Мен сенімен дос болғым келеді!» және т.б. деп айтады. Балалар тапсырманы жұппен орындайды. Содан кейін балалар қандай эмоцияның берілгенін және қабылдағанын талқылайды. (әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)		Жарқырады күніміз. Жарқырайды даламыз. Қайырлы таң, Қайырлы күн, балалар! (қарым-қатынас іс-әрекеті)
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған	Сауат ашу негіздері "[э] дыбысы және Ээ әрпі". Мақсаты: Э э дыбысы	Сауат ашу негіздері "[э] дыбысы және Ээ әрпін қайталау". Мақсаты: Э э	Математика негіздері "Ағаштар жайлы сен не білесің?"	Математика негіздері "Ағаштар жайлы сен не білесің?"	Сауат ашу негіздері "[ц] дыбысы және Цц әрпі". Мақсаты: балаларға

іс-әрекет	мен әрпін таныстыру, сөздерге дыбыстық талдау жасауға, дыбыс пен әріпті ажырата білуге, берілген сөздерді дұрыс оқуға, жаза білуге үйрету. Қазақ тілі "[Э] дыбысы (артикуляциясы, тіл ұстарту, сөздердегі дыбыстардың орнын табу) мен әрпі (атау негіздері)". Мақсаты: [Э] дыбысының айтылуын дұрыс меңгерту, артикуляциялық жаттығуларды дұрыс, толық орындауын қалыптастыру, көру және есту қабілетін дамыту. Дене шынықтыру "Қолды алға-артқа сермеп, құм толтырылған қапшықты лақтыру"	дыбысы мен әрпін таныстыруды қайталау, сөздерге дыбыстық талдау жасауға, дыбыс пен әріпті ажырата білуге, берілген сөздерді дұрыс оқуға, жаза білуге үйретуді пысықтау. Математика негіздері "Баубақшаның ағаштарына суды қалай жеткіземіз?" Мақсаты: балалардың заттар топтамаларын салыстыруда "кем", "артық", "тең" белгілерін пайдалана білуге үйрету. Музыка "Атамекен, ақ мекен" Мақсаты: балалардың әннің сөзі мағынасын түсіне білу, музыкалық фрагментті басынан	Мақсаты: балалардың заттарды салыстыра білуге ортақ қасиеттері бойынша топтастыра білу дағдыларын дамыту; сан құрамын, заттар жиынтығын цирфмен сәйкестендіруді пысықтау. Қазақ тілі "Бердібек Соқпақбаев "Ағаштар неге ашуланды" әңгімесі. Ағаш түрлері" Мақсаты: Балаларды Б.Соқпақбаев "Ағаштар неге ашуланды" әңгімесінің мазмұнымен таныстыру; ағаштарға күтіммен қарауға тәрбиелеу. Дене шынықтыру "Тепе-теңдікті сақтап, құм толтырылған	(пысықтау) Мақсаты: балалардың заттарды салыстыра білуге ортақ қасиеттері бойынша топтастыра білу дағдыларын дамыту; сан құрамын, заттар жиынтығын цирфмен сәйкестендіруді пысықтау. Сөйлеуді дамыту "Б. Соқпақбаев «Ағаштар неге ашуланды?»" (қайталау) Мақсаты: балаларға "Ағаштар неге ашуланды?" ертегісін оқып беру; сұрақ жауапқа диалогтік және диалогтік байланыстырып сөйлеуді қосып, мазмұнды сурет бойынша әңгімелеуді, схемаға сүйене отыра, заттарды салыстырырып	[ц] дыбысы мен әрпін таныту. [ц] дыбысына байланысты жаңа сөздермен таныстыру. Құрастыру "Құрылыс ғаламшары" Мақсаты: балаларды құрылыс материалдары білеу, арка, призма, текше, цилиндрды пайдалана отырып ғарыш кемесін құрастыруды үйрету. Дене шынықтыру "Тепе-теңдікті сақтап, құм толтырылған қапшықты лақтыру" (пысықтау) Мақсаты: балаларды арақашықтығы 40 см құрсаудан келесі құрсауға қос аяқтап секіру; кегльдер арасымен жүре отырып, 40 см
-------------------------	---	--	--	---	---

	Мақсаты: балаларды қолды алға-артқа сермей отырып, құм толтырылған қапшықты нысананың ортасына лақтыруға үйрету. Қоршаған ортамен таныстыру "Ағаштың қасиеттері" Мақсаты: балалардың көктемдегі маусымдық өзгерістер туралы білімдерін бекіту; ағаштардың бүршік жаруы туралы ақпаратты өздігінен толықтыруға машықтандыру.	аяғына дейін мұқият тыңдай білу, музыкалық аспаптарда ырғақты ойнай білу; жоғары және төменгі дыбыстарды ажыратып, ән айта білу қабілеттерін жетілдіру. Сөйлеуді дамыту "Б. Соқпақбаев «Ағаштар неге ашуланды?»" Мақсаты: балаларға "Ағаштар неге ашуланды?" ертегісін оқып беру; сұрақ жауапқа диалогтік және диалогтік байланыстырып сөйлеуді қосып, мазмұнды сурет бойынша әңгімелеуді, схемаға сүйене отыра, заттарды салыстырып әңгімелеуін дамыту.	қапшықты лақтыру" Мақсаты: балаларды арақашықтығы 40 см құрсаудан келесі құрсауға қос аяқтап секіру; кегльдер арасымен жүре отырып, 40 см қашықтықта қойылған жіптерден оң және сол аяқты алмастыра отырып жүруге үйрету. Көркем әдебиет "С.Қалиев «Тұңғыш қазақ ғарышкері» өлеңін жаттау". Мақсаты: балаларға ғарыш туралы түсінік беру, өлеңнің мазмұнын түсіне білуге үйрету.	әңгімелеуін дамыту. Музыка "Көгілдір көктем" Мақсаты: балаларды түрлі қарқындағы музыканы тыңдауға және музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдауға үйрету. Қоршаған ортамен таныстыру "Жас бағбандар" Мақсаты: балаларды табиғаттағы мінез-құлық ережелерімен таныстыру; еліміздің көрікті жерлері туралы түсініктерін кеңейту.	қашықтықта қойылған жіптерден оң және сол аяқты алмастыра отырып жүруге үйрету. Көркем әдебиет "Менің сүйікті ертегім. «Құмырсқа» қазақ халқының ертегісі". (қайталау) Мақсаты: ертегінің мазмұнын түсіндіру, әңгімелеуге, саусақ театры арқылы сахналауға үйрету.
Серуенге дайындық	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер;				

	шалбарын, бас киімі мен бөтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. (мәдени-гигиеналық дандылар, дербес әрекет)				
Серуен	Картотека №7 «Жылғалар мен шалшықтарды бақылау» Мақсаты: Балаларды қардың еруінен пайда болатын жылға мен шалшықтар туралы түсінігін қалыптастыру Еңбек: Аула маңын қоқыстан тазарту Жұмбақ: Жылт – жылт еткен, Жырадан өткен Қимылды ойын: «Батылдар» Мақсаты: Ойлауды, зейінді, кеңістікті бағдарлай алу іскерлігін дамыту. Өзіндік іс – әрекет: Еркін ойындар Мақсаты: Ойын барысында балалардың бір – бірімен қарым – қатынас жасауын қадағалау. Өзге	Картотека №8 «Ағаштарға бақылау жасау» Мақсаты: Ағаштарды бүрлері мен бұтақтарына қарап айыра білуге үйрету. Салыстыра білу қабілеті мен нақты белгілерін атай білуге үйрету. Табиғаттан алған әсерлерін қуанышты көңіл – күйлерін білдіре білу. Еңбек: Бұтақты кесуден кейінгі қалдықты жинау. Мақал – мәтел: «Бір ағаш кессең, жүз ағаш отырғыз» Қимылды ойын: «Ағаштан ағашқа» Мақсаты: Ойын барысында ойынды әділ бағалауға үйрету. Жолдастарымен ақылдаса білуді	Картотека №9 «Бақта өсетін ағаштардың гүлденуін бақылау» Мақсаты: Гүлдеген ағаштардың сұлулығын айыра білу, ағаштардың пайдасы жөнінде балалардың түсінігінде қалыптастыру. Эстетикалық талғам мен сезімді тәрбиелеу. Еңбек: Ағаш түбін әктеу Мақал – мәтел: «төлден мал өседі Шыбықтан тал өседі Қимылды ойындар: «Секіргіш бақалар» Мақсаты: Балалардың физиологиялық ұйымшылдық, төзімділік қасиеттерін дамыту. Өзіндік іс- әрекет:	Картотека №10 «Жаңа өсіп келе жатқан көк шөпті бақылау» Мақсаты: Табиғаттың оянуына байланысты балаларда көтеріңкі көңіл күйді ояту. Өсімдікті аялап, күте білуге үйрету. Еңбек: Ауладағы қураған шөпті жинау. Мақал – мәтел: «Адам жерге нәр береді, жер адамға нан береді» Қимылды ойын: «Көк шөпте хоккей» Мақсаты: Ойында Достық көмекке келуді үйрету. Өзіндік іс – әрекет: Еркін ойындар Мақсаты: Балаларға өз беттерімен ойын тақырыбын таңдауға үйрету. Өз тәжірбиесі негізінде бақылау	Картотека №11 «Бақбақтың өсуін бақылау» Мақсаты: Өсімдіктің өсуі және өсу реті туралы түсініктерін нығайту. Бақбаққа және басқа өсімдіктерге ықыласпен қарауды тәрбиелеу. Байқампаздықты дамыту. Еңбек: Гүлзарлардағы гүлдерді бағып, күту. Жұмбақ: Кіп – кішкентай қауға бас, Шашы түссе дауламас. (Бақбақ) Қимылды ойын: «Гүлдер» Мақсаты: Ойлауды, зейінді, кеңістікте бағдарлай алу іскерлігін дамыту. Өзіндік іс- әрекет:

	балалардың жасаған қылықтарына баға бере білу.	дамыту. Өзіндік іс – әрекет: Еркін ойындар Мақсаты: Ойын барысында жұбымен бірге бірлесіп, ойын нәтижесін бөлісе білуге үйрету.	Еркін ойындар Мақсаты: ойын барысында бір – бірімен қарым – қатынас жасап, өз ойларын ортаға салып, құрдастарының шешіміне келіспеушілік білдіре білу. Рөлдерге бөлу, ойыншықты бөлісе білуге дағдылан дыру.	барысынан алған жағымды тұстарды дамыту. Әр саладан алған білім көзін ойын кезінде көрсете білу.	Еркін ойындар Мақсаты: Ойыншықтың тақырыбын балалар алдын ала талқылап, рөлдерді бөліп, 3-4 адамнан тұратын бастапқы заттық кеңістіктегі қозғалысты ұйымдастыру.
Серуеннен оралу	Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу. Қоғамдық орындарда гигиена ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Түскі ас	Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртіну. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну. <i>Көркем сөз</i> Тағы міне, таң атты, Дайын дәмді тағамдар. Үлпілдеген тиінге, Жарып берем жаңғақты. Қою сүтті беремін, Мысық пенен күшікке. Түлкіге қою айран,				

	Тышқанға дәндер салам. Ақ қоянға тәтті нан, Тосап беремін араға. Таңғы ботқа береміз, Бақшадағы балаға. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай жасау.				
Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары	Арқаға арналған "Ауа райы" жаттығуы; балалар бірінің артына бірі тұрып, алдыңғы тұрған баланың арқасына әтүрлі массаж (уқалау) жасайды. Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау. (дене шынықтыру)				
Бесін ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Д/о: «Не жасырынғанын айт» Мақсаты: Балалардың ойлау, елестету, байланыстыра сөйлеу қабілеттерін дамыту; заттардың қасиеттерін зерттеуге деген қызығушылықтарын арттыру. Шарты. Жүргізуші балаларға жасырынған затты (ойыншықты, құбылысты,	Д/о: «От, су, аспан, жер» Мақсаты: Балалардың тірі және өлі табиғат өкілдері жайында білімдерін нығайту; ой шапшаңдығын, елестету, зейін қабілеттерін дамыту; алғырлыққа, зияткерлікке тәрбиелеу. Шарты. Балалар бір тізбекке, жарты шеңберде отырады. Жүргізуші допты әр балаға	Сюжетті-рөлдік ойын: «Аурухана» Мақсаты: Балалардың түсінігіндегі медициналық мамандықтар жөнінде ұғымдарды нығайту; медициналық қызметкерлердің ауруханада атқаратын рөлі неде екендігін анықтау; еңбекқорлыққа, сыпайылыққа, салауатты өмір салтына тәрбиелеу.	Д/о: «Көктем» Мақсаты: Балалардың көктем мезгілі жайындағы түсініктерін тиянақтау, қысқы құбылыстарға көңіл аудару; "көктем мезгілі" ұғымына сәйкес келетін сөздерді табуға ынталандыру; ой-қиялын дамыту. Шарты. Балалар көктем мезгіліне байланысты құбылыстарды, жанды және жансыз	Сюжетті-рөлдік ойын: «Киімдер» дүкені. Мақсаты: Балалардың "Киімдер" дүкені, киім сатушының жұмысының ерекшелігі жөніндегі ұғымдарын тиянақтау; сатушы мен сатып алушы рөлдеріндегі әрекеттерді игерту; жағымды қарым-қатынастарға, қоғамдық тәртіп ережелеріне

	жануарды, құсты, өсімдікті) сөзбен сипаттайды, бірақ оны атамайды. Ойыншы балалар жауабын табуға тырысады. Мысалы, "Бұл өсімдік, қылқан жапырақты ағаштарға жатады, пішіні үшбұрышқа келеді"; "Бұл жиһаз, ол пластиктен де, ағаштан да жасалады, адамның демалуына жағымды ықпалы бар". (физикалық, коммуникативтік, танымдық дағдыларды дамыту)	кезекпен "От!", "Су!", "Аспан!", "Жер!" сөздерін айтып, допты қолдарына лақтырады. Допты ұстап алған бала әрбір сигнал сөзіне әрқалай, бір ғана жауап береді. Мысалы, "от" - өзін-өзі айналу, "су" - суасты жануарының атауын айту, "аспан" - аспанда ұшып жүретін құс не жәндікті атау, "жер" - жерде мекендейтін жануардың немесе жәндіктің атауын айту. (физикалық, танымдық дағдыларды дамыту)	Шарты. Балалар өздеріне ұнайтын дәрігерлердің рөлдерін бөлісіп алады, олардың киетін киімдерін және қолданатын құралдарды алып, орындарына барады. Соңында тәрбиеші балалармен бірге қорытынды жасай алады: адамның денсаулығына ауа райы, жыл мезгілі, тамақтануы, күнделікті жасайтын әрекеттері әсер ететінін анықтайды. (физикалық, коммуникативтік, танымдық дағдыларды дамыту)	табиғатта болатын ерекшеліктерді атау керек. Ө. Тұрманжановтың өлеңі Балалар-ау, балалар! Шақырады далалар. Көктем келді гүл алып, Құстар келді жыр алып. Қос білекті сыбанып, Жүгірейік қуанып. Қыр басына шығайық, Көктем тілін ұғайық. Қызғалдақты терейік, Теріп үйге келейік. Көбелектей киінген, Гүлді көріп сүйінген, Алақайлап жүгірген, Қып-қызыл бет – бүлдірген, Қарындасқа қаршадай, Жас балапан аршадай, Гүлдің шоғын берейік, Қуанғанын көрейік. Тәрбиеші көркем сөзді оқып болғаннан	тәрбиелеу. Шарты. Сатушы немесе бірнеше сатушы өз қалаулары бойынша тағайындалады, сатып алушылар қолдарына қажетті құралдарды алып (карточка, қаражат, смартфон), ойын барысында қолданады. Сатушы тауарларды өз орындарына орналастырып, бағаларын анықтап, сатып алушыларға киім үлгілерінің ұтымды жақтарын айтып, оларды "сатады". Ойынның соңында қорытынды жасауға болады: тауарларды жақсы күтсе, сапасы сақталып, жақсы сатылады; дүкендерде сатушы мен сатып алушы сыпайы сөздерді қолданып, әдептілік
--	--	--	---	--	---

				кейін, ойынға көшеді. Егер балаларда қиындықтар туындап жатса, көктем туралы суретті немесе бейнежазбаны алдымен көрсетіп, кейін көз алдынан алып қойып, содан соң балаларға қыс жайында ассоциацияларды айтуды ұсына алады. (коммуникативтік, танымдық дағдыларды дамыту)	ережелерін ұстану тиіс; сатушының еңбегін құрметтеу керек; сатып алушының таңдауын құрметтеу керек. (физикалық, коммуникативтік, танымдық дағдыларды дамыту)
Балалармен жеке жұмыс	Саусақ жаттығуы. «Гүлдер» Жүрсінбек Сарамен Көктемде жайнар алқаптар - (ортаңғы және сұқ саусақтармен "жүру") Айналаға гүл қаптар. (алақанды ашып, қолмен айналаны көрсету) Шашағы аппақ	Д/о: «Ненің құйрығы?» Тәңірберді Бақкелдімен Мақсаты: Жануарлар туралы білімдерін бекіту, есте сақтау, ойлау, зейін және қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Шарты: Бір күні	Қ/о: «Табиғатпен сырласу» Абдрайым Жандиярмен Балалар арасынан "жолбасшы" тағайындалады. Балалар шеңберге бірінің артынан бірі тұрып, жолбасшының қимылын	Д/о: «Мейірімділік ағашы» Абдрахман Дастанмен Мақсаты: «игі істер» туралы түсінік қалыптастыру, зейін, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Тәрбиеші балалардың назарын ватман парағына	Д/о: «Ұшады, жүзеді, секіреді» Өмір Айсұлтанмен Мақсаты: әртүрлі жануарлардың қозғалу іс-әрекеттері туралы білімдерін бекіту. Мысалы: Балық - жүзеді, аққу - ұшады, қоян - секіреді.



	түймедақ, (алақанды, саусақтарды ашып, қозғау.) Көктікен мен қызғалдақ Жердің көркін ашады. (көктікен - саусақтардың бастарын қосып, жан- жаққа шашырату, "қызғалдақ"- саусақтарды кесе сияқты жинау). (физикалық, коммуникативтік дағдыларды дамыту)	таңертең орман жануарлары оянып, бәрінің құйрықтары ауысып кеткенін көрді. Қоянда қасқырдың құйрығы, қасқырда түлкінің құйрығы, түлкіде аюдың құйрығы. Жануарлардың көңіл-күйлері түсіп қалды. "Қасқырдың құйрығы қоянға сәйкес келе ме? "Бұл ненің құйрығы?" деген сұраққа жауап бере отырып, жануарларға құйрықтарын табуға көмектесу. "Міне, қасқырдың құйрығы. Ол қандай? (сұр, ұзын)." және т.б.. (әлеуметтік, танымдық, коммуникативтік дағдыларды дамыту)	қайталайды. Өзеннен өту. Тауға өрмелеп шығу. Шалшық сулардан өту. Ормандағы сулардан өту. Ашық алаңға жетіп, қуанып, демалды. (физикалық дағдыларды дамыту)	салынған «мейірімділік ағашына» аударады және олардан игі істер туралы айтып беруді сұрайды. Қатысушылар айтқан сөздеріне қарай ағашқа жемістің суретін салады. Ойын балалар өздерінің игі істерін айтып болғанға дейін жалғасады. Ойынның соңында ағаштың суретін қабырғаға іліп қоюға болады және оған арасында жаңа жемістер қосуға болады. (коммуникативтік дағдыларды дамыту)	(әлеуметтік, коммуникативтік дағдыларды дамыту)
Серуенге дайындық	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. (мәдени-гигиеналық даңдылар, дербес әрекет)				

Серуен	Картотека №7 «Жылғалар мен шалшықтарды бақылау» Мақсаты: Балаларды қардың еруінен пайда болатын жылға мен шалшықтар туралы түсінігін қалыптастыру Еңбек: Аула маңын қоқыстан тазарту Жұмбақ: Жылт – жылт еткен, Жырадан өткен Қимылды ойын: «Батылдар» Мақсаты: Ойлауды, зейінді, кеңістікті бағдарлай алу іскерлігін дамыту. Өзіндік іс – әрекет: Еркін ойындар Мақсаты: Ойын барысында балалардың бір – бірімен қарым – қатынас жасауын қадағалау. Өзге балалардың жасаған қылықтарына баға бере білу.	Картотека №8 «Ағаштарға бақылау жасау» Мақсаты: Ағаштарды бүрлері мен бұтақтарына қарап айыра білуге үйрету. Салыстыра білу қабілеті мен нақты белгілерін атай білуге үйрету. Табиғаттан алған әсерлерін қуанышты көңіл – күйлерін білдіре білу. Еңбек: Бұтақты кесуден кейінгі қалдықты жинау. Мақал – мәтел: «Бір ағаш кессең, жүз ағаш отырғыз» Қимылды ойын: «Ағаштан ағашқа» Мақсаты: Ойын барысында ойынды әділ бағалауға үйрету. Жолдастарымен ақылдаса білуді дамыту. Өзіндік іс – әрекет:	Картотека №9 «Бақта өсетін ағаштардың гүлденуін бақылау» Мақсаты: Гүлдеген ағаштардың сұлулығын айыра білу, ағаштардың пайдасы жөнінде балалардың түсінігінде қалыптастыру. Эстетикалық талғам мен сезімді тәрбиелеу. Еңбек: Ағаш түбін әктеу Мақал – мәтел: «төлден мал өседі Шыбықтан тал өседі Қимылды ойындар: «Секіргіш бақалар» Мақсаты: Балалардың физиологиялық ұйымшылдық, төзімділік қасиеттерін дамыту. Өзіндік іс- әрекет:	Картотека №10 «Жаңа өсіп келе жатқан көк шөпті бақылау» Мақсаты: Табиғаттың оянуына байланысты балаларда көтеріңкі көңіл күйді ояту. Өсімдікті аялап, күте білуге үйрету. Еңбек: Ауладағы қураған шөпті жинау. Мақал – мәтел: «Адам жерге нәр береді, жер адамға нан береді» Қимылды ойын: «Көк шөпте хоккей» Мақсаты: Ойында Достық көмекке келуді үйрету. Өзіндік іс – әрекет: Еркін ойындар Мақсаты: Балаларға өз беттерімен ойын тақырыбын таңдауға үйрету. Өз тәжірбиесі негізінде бақылау барысынан	Картотека №11 «Бақбақтың өсуін бақылау» Мақсаты: Өсімдіктің өсуі және өсу реті туралы түсініктерін нығайту. Бақбаққа және басқа өсімдіктерге ықыласпен қарауды тәрбиелеу. Байқампаздықты дамыту. Еңбек: Гүлзарлардағы гүлдерді бағып, күту. Жұмбақ: Кіп – кішкентай қауға бас, Шашы түссе дауламас. (Бақбақ) Қимылды ойын: «Гүлдер» Мақсаты: Ойлауды, зейінді, кеңістікте бағдарлай алу іскерлігін дамыту. Өзіндік іс- әрекет: Еркін ойындар
--------	---	---	--	--	--

		Еркін ойындар Мақсаты: Ойын барысында жұбымен бірге бірлесіп, ойын нәтижесін бөлісе білуге үйрету.	Еркін ойындар Мақсаты: ойын барысында бір – бірімен қарым – қатынас жасап, өз ойларын ортаға салып, құрдастарының шешіміне келіспеушілік білдіре білу. Рөлдерге бөлу, ойыншықты бөлісе білуге дағдыландыру.	алған жағымды тұстарды дамыту. Әр саладан алған білім көзін ойын кезінде көрсете білу.	Мақсаты: Ойыншықтың тақырыбын балалар алдын ала талқылап, рөлдерді бөліп, 3-4 адамнан тұратын бастапқы заттық кеңістіктегі қозғалысты ұйымдастыру.
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	«Біздің отбасы серуенде».	«Айына бір рет отбасы күнін өткізу».	Ата-аналармен жиналыс өткізу. «Бала дамуының отбасының ықпалы».	«Бала - ата-ана көзімен» сауалнамалар жүргізу.	«Баланы қоршаған әлемді танып-білуге дағдыландырыңыз».

Тексерген әдіскер:

Тәрбиеші:

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы: МКҚК №4 «Айгүл» б/бақшасы

Топ: «Ботақан» мектепалды тобы

Балалардың жасы 5 – жастағы балалар

Жоспардың құрылу кезеңі 17.04 - 21.04.2023 (III – апта)

Күн тәртібі	<i>Дүйсенбі</i> <i>17.04.2023ж</i>	<i>Сейсенбі</i> <i>18.04.2023ж</i>	<i>Сәрсенбі</i> <i>19.04.2023ж</i>	<i>Бейсенбі</i> <i>20.04.2023ж</i>	<i>Жұма</i> <i>21.04.2023ж</i>
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (Коммуникативтік дағды)				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	"Үйде балалардың бос уақытын қалай тиімді өткізуге болады?" тақырыбында кеңестер беру; әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Жапсырудан ойын-жаттығу "Гүлденген ағаштар" Мақсаты: көктем мезгілі келісімен табиғат оянып, ормандағы ағаштардың гүлдеп, бүршік атулары жайлы білім беру. (шығармашылық іс-әрекет) «Түрлі-түсті гүл	"Дәрілік өсімдіктің атауын анықта?" дидактикалық ойыны. Мақсаты: Балаларға емдік қасиеті бар өсімдіктердің иісіне, түр-түсіне қарап, атауын табуға үйрету. Шарты. Тәрбиеші дәрілік қасиеті бар өсімдіктерді дәріханадан әкеліп,	Вариативті компонент - Жас зерттеуші "Көктемгі ағаштар" Мақсаты: ағаштар туралы білімдерін кеңейту, ағаштарды ажырата білуге үйрету; ағаштардың маңызы туралы білімдерін кеңейту. Дидактикалық ойын.	Мүсіндеуден ойын-жаттығу "Көктем көркі" Мақсаты: балаларды ашық және қою түсті жасыл түсті ермексаздарды қосу арқылы ағаштың ұшар басын жасап, мүсіндеудің шиыршықтау әдісін пайдалана отырып ағаш жапырақтарын жасау арқылы	Пазл "Теңіздегі балықтар". Мақсаты: Баланың зейінін, ынтасын, байқампаздыққа, ойлау қабілетін, саусақ моторикасын, жылдамдығын дамытады. Теңіз балықтарының атауын атап білімдерін бекіту. Ойын шарты. Теңіз балықтарының суреті

	шоғы». Мақсаты: Балалардың эмоционалды көңіл- күйін көтеру. - Балалар біз, орман алаңымен келеміз деп елестетіндер. Күн ашық, құстар сайрап жүр, самал жел соғып тұр. Өсімдіктердің хош иісін байқадыңдар ма? Біз орманда саяхаттамыз, мұнда түрлі-түсті гүлдер бар, ақ, қызыл, көк, сары т.б.. Гүлдерді жұлуға болмайды. Олар біз секілді өмір сүреді. Енді, сіздерге ұнаған гүлді таңдаңыз. Оның түсін, көлемін байқаңыз, естеріне сақтаңыздар. Енді бізге кейін оралу керек. (әлеуметтік- эмоционалды дағдылар)	кішкентай табақшаларға салып қояды. Балалар екі топқа бөлініп табақшадағы кептірілген өсімдіктерді бақылайды. Әр топ өсімдіктердің атауын дұрыс тауып, олардың қасиеттерін естеріне түсіріп, айтып береді. Өсімдіктің атауы дұрыс табылса, тиісті таңбалауышты ыдыстың жанына қояды. (қарым-қатынас іс- әрекеті, зерттеу іс- әрекеті, таным іс- әрекеті) «Сөзді аяқта» дидактикалық ойыны. Мақсаты: Сөйлеу тілін дамыту. (қарым-қатынас іс- әрекеті)	«Түстері бойынша бөл». Өз еріктерімен суреттерді бояу. (шығармашылық іс-әрекет)	ағашты мүсіндеуге үйрету. (шығармашылық іс-әрекет) "Көктем" өлеңін жаттау. Көктем қырға төрледі, Төрт түлік мал төлдеді. Ботақантер құлпырып, Деп тұрғандай: «Көр мені!» Жылы мезгіл жетіпті, Тастадық біз етікті. Қар көктемге жеткізбей, Тауға шығып кетіпті! К.Ыбырайұлы (қарым-қатынас іс- әрекеті)	бар пазлды құрау. (қарым-қатынас іс- әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс- әрекеті) “Не артық” ойыны Мақсаты: Балалардың қабылдауын анықтау, артық суретті айта білуге үйрету. Шарты: 4 сурет берілген картокадағы артық суретті табу. (қарым-қатынас іс- әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс- әрекеті)
--	--	--	--	--	---

Таңертенгі жаттығу	Комплекс №13				
Таңғы ас	Мақсаты: Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртінуге. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну. <i>Көркем сөз</i> Нәйім-нәйім, бауырсақ, Қойға қарай жүгірсек, Қой ішінде көк ісек, Жақсы бала малсақ, Жаман бала үй күшік. Нәйім-нәйім бауырсақ, Бауырсақты қуырсақ. Жақсы бала малсақ, Жаман бала ауылсақ. (І.Жансүгіров) (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	"Көктемгі ағаштар" тақырыбында әңгімелесу. (қарым-қатынас іс-әрекеті)	"Гүлденген ағаштар" суретіне қарап әңгімелесу. (қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)	Ағаштың түрлері, қасиеттері туралы әңгімелесу. (қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)	Ағашқа байланысты мақалдар жаттау. (қарым-қатынас іс-әрекеті)	Тақырыпқа байланысты қызықты мәлімет айту. (қарым-қатынас іс-әрекеті)
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Сауат ашу негіздері "[ц] дыбысы және Цц әрпін қайталау". Мақсаты: балаларға [ц] дыбысы мен әрпін таныту. [ц] дыбысына байланысты жаңа сөздермен таныстыру. Қазақ тілі "Й дыбысы (артикуляциясы, тіл	Сауат ашу негіздері "[щ] дыбысы және Щщ әрпі". Мақсаты: Щ дыбыстарын және Щ әріптерін таныстыру. Артикуляция бойынша дыбысын дұрыс айтуға үйрету. Математика негіздері "Достық үйінің	Математика негіздері "Достармен бөлісе біл" Мақсаты: балаларды заттарды салыстыру негізінде тең төрт бөлікке бөліп, сандық мөлшерін теңестіруді меңгерту; сандар құрамын жылдам анықтауға, тез санауға	Математика негіздері "Достармен бөлісе біл" (пысықтау) Мақсаты: балаларды заттарды салыстыру негізінде тең төрт бөлікке бөліп, сандық мөлшерін теңестіруді меңгерту; сандар құрамын жылдам анықтауға, тез санауға	Сауат ашу негіздері "[щ] дыбысы және Щщ әрпін қайталау". Мақсаты: Щ дыбыстарын және Щ әріптерін таныстыруды қайталау. Артикуляция бойынша дыбысын дұрыс айтуға үйретуге дағдыландыру.

	ұстарту, сөздердегі дыбыстардың орнын табу) мен әрпі (атау негіздері)". Мақсаты: "Й" дыбысы мен әрпімен таныстыру. "Й" дыбысының айтылуын дұрыс меңгерту. Дене шынықтыру "Құм толтырылған қапшықты лақтыру жаттығуын пысықтау" Мақсаты: балаларды белгіленген жерге дейін жылдамдыққа (ұзындығы 20 м) жүгіруге үйрету. Қоршаған ортамен таныстыру "Қазақстандағы ұлттар мәдениеті" Мақсаты: балаларға Қазақстанда тұратын көп ұлттар туралы мәліметтер жиынтығын толықтыру.	құрылысы" Мақсаты: балаларды түрлі оқиғалар, мен ертегілер мысалында және іс-тәжірибеде тұтас бөлікті тең екі және төртке бөлу тәсіліне үйрету. Музыка "Көңілді көктем келді" Мақсаты: балалардың түрлі қарқындағы музыканы тыңдауға, музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдауға, дыбыстарды биіктігіне қарай ажыратып, әуеннің басталуы мен аяқталуына мән бере білу қабілеттерін жетілдіру. Сөйлеуді дамыту "1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні" Мақсаты: 1 - мамыр Қазақстан халықтарының	жаттықтыру. Қазақ тілі "Достық" ертегісін баяндау. Достық дегеніміз не?" Мақсаты: Қазақстандағы халықтар достығы туралы ұғымды дамыту; "Достық" ертегісінің сюжетін есте сақтауға, мағынасын түсінуге үйрету; стандартты емес жағдайларда достар айтқан негізгі сөз тіркестерін айтуға үйрету. Дене шынықтыру "Бір аяқты серпу арқылы орындыққа қарғып шығу" Мақсаты: балаларды бірнеше қадам аттап барып бір аяқты серпу арқылы орындыққа қарғып шығуға үйрету. Көркем әдебиет "Көктем сәні" Мақсаты: ертегінің желісін кейіпкерлерін, мазмұнын түсіну.	жаттықтыру. Сөйлеуді дамыту "1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні" (пысықтау) Мақсаты: 1 - мамыр Қазақстан халықтарының бірлігі күні екенін балаларға оқып беру арқылы түсіндіру. Музыка "Біз бақытты баламыз" Мақсаты: балаларды еліміз туралы шығарманың мазмұнын тереңірек түсініп, соңына дейін тыңдай білуге және шығарманың бөлімдерін ажырата білуге үйрету. Қоршаған ортамен таныстыру "Тірі және өлі табиғат" Мақсаты: тірі және өлі табиғат туралы білімдерін кеңейту; қойылған сұрақтың	Жапсыру "Зымырайды зымыран" Мақсаты: балаларды дайын тіктөртбұрыш, үшбұрыш, шеңбер пішінді қағаздар арқылы зымыранның бейнесін құрастырып, жазық қағаз бетіне желімнің көмегімен жапсыруға үйрету. Дене шынықтыру "Бір аяқты серпу арқылы орындыққа қарғып шығуды пысықтау" Мақсаты: балаларды қырлы бөренелерден аттау арқылы орташа қарқынмен бір-бірлеп бір қатарда жүгіруге үйрету. Көркем әдебиет "Көктем сәні" (қайталау) Мақсаты: ертегінің желісін кейіпкерлерін, мазмұнын түсіну. Ертегіні баяндауда өз ойларын алдымен ұштастыруға баулу.
--	--	--	---	--	---

		бірлігі күні екенін балаларға оқып беру арқылы түсіндіру.	Ертегіні баяндауда өз ойларын алдымен ұштастыруға баулу.	дұрыс жауабын табуға үйрету; қызығушылығын, есте сақтау қабілеттерін, шығармашылық қиялын дамыту.	
Серуенге дайындық	Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Серуен	Картотека №12 «Бұталарды бақылау» Мақсаты: табиғатты эстетикалық тұрғыдан қабылдауын дамыту. Қорғауға ұмтылдыру Еңбек: қураған бұтақтарды кесу, бұталардың түбін қопсыту. Көркем сөз: Ағаш кессең ұзын кес, шаба келер қысқарар. Темір кессең қысқа кес, соға – соға ұзарар Қимылды ойын: «Шегіртке» Мақсаты: алға қарай екі аяқтап секіруді бекіту, шапшаңдықты дамыту. Тепе – теңдікті теңдікті сақтауды	Картотека №14 «Құстардың ұшып келуін бақылау» Мақсаты: құстардың пайдасы туралы білімдерін бекіту. Табиғат құбылыстарының арасындағы заңды байланыстыра көре білуге үйрету. Еңбек: Алаңдағы құстарды тамақтандыру. Жұмбақ: Түгі қара мақпалдай, Төсі ақ сыр жаққандай, ұшса оқтай зулайды, көктен Ботақан аққандай. (Ботақан) Қимылды ойын: Лашын мен ұябасар» Мақсаты: Ойынды өз бетімен ұйымдастыру	Картотека №16 «Ұяларды бақылау» Мақсаты: ағаш басындағы қарғаның ұясы мен шатырдың астындағы торғайдың ұясын салыстыру. Балалардың байқағыштығын және білуге құмарлықтарын дамыту. Еңбек: Құстарға ұя жасауға көмектесу. Жұмбақ: Тал басында Түндіксіз отау (құстың ұясы) Тақпақ: Ұя жасап тақтайдан, Талға апарып байладым. Жыл құсының шаттанған, Күттім қашан	Картотека №17 «Жәндіктерді бақылау» Мақсаты: Жәндіктердің ерекшеліктерін атап айту. Себеп – салдарлы байланыстарын анықтау, қорытынды жасау. Байқампаздықтарын, қызығушылықтарын дамыту. Еңбек: Гүлдің өсіндісін құмыраға отырғызу. Жұмбақ: Шидім, шидім, шидім құс, Ши басына қонған құс, Қарқаралы қара құс Хан басына қонған құс. (шыбын)	Картотека №18 «Топырақты бақылау» Мақсаты: Алаңқайдың қай жерлері тез кебетіні жөнінде балаларға түсінік беру. Құмды жер ме, әлде сазды жер ме. Топырақтың ерекшеліктеріне тоқталу. Еңбек: Топырақты құнарландыру. Жұмбақ: Оны басып жүреді, Оны кескілейді Бірақ ол ренжімейді Мейрімділік білдіреді. (топырақ) Қимылды ойын: Балалар таңдауымен Мақсаты: Қимыл әрекетін дамыту. Бірлескен ойыннан

	үйрету. Өзіндік іс – әрекет: Еркін ойындар Балаларға өз рөлін және басқа ойыншылардың рөлдерінің мазмұнын есте сақтауға үйрету. Ойын барысында балалар ауысып 2-3 рөлді ойнау алуы, ойын барысында бір – бірімен қарым – қатынас ережелерін білу, бой ұсындыру, теңдік басқару. (танымдық, физикалық, коммуникативтік дағдыларды дамыту)	қажеттілігін дамыту. Балалардың бірінің артынан бірі сап түзей қозғалу біліктіліктерін бекіту. Өзіндік іс – әрекет: Еркін ойындар Мақсаты: Ортақ ойында өз тәртібі үшін жауапкершілікті тәрбиелеу. Ойынның түпкі ниетін іске асыруға құлшыну. (танымдық, физикалық, коммуникативтік дағдыларды дамыту)	сайрауын Қимылды ойын: «Ұшу» Мақсаты: спқа тұру біліктіліктерін бекіту. Ойын шартын орындап бір аяқтан екінші аяққа секіру. Ойынға барлық балалардың қатысуын қамтамасыз ету. Өзіндік іс – әрекет: Еркін ойындар Мақсаты: балаларға ойынға керек құрылыстарды салуға үйрету. (танымдық, физикалық, коммуникативтік дағдыларды дамыту)	Қимылды ойын: «Көбелек, бақа, көкқұтан» Мақсаты: Тепе-теңдікті сақтап, кеңістікте қозғалыс үйлестілігін жетілдіру. Балаларды ұжымшылдыққа, адамгершілікке баулу. Өзіндік іс – әрекет: Еркін ойындар Мақсаты: балалардың ойын барысында бір – бірімен қарым – қатынасын, өз іс – әрекеттерін және қылықтарын көрсете білу. (танымдық, физикалық, коммуникативтік дағдыларды дамыту)	қанағат алу. Өзіндік іс – әрекеттер: Еркін ойындар Мақсаты: 3-4 топтан тұратын ойыншылардың бастапқы заттық кеңістіктегі ойындарының атауын алдын ала келісіп ұйымдастыру. (танымдық, физикалық, коммуникативтік дағдыларды дамыту)
Серуеннен оралу	Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу. Қоғамдық орындарда гигиена ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Түскі ас	Гигиеналық дағдылар Мақсаты: Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртінуге. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну. <i>Көркем сөз</i>				

	Нәйім-нәйім, бауырсақ, Қойға қарай жүгірсек, Қой ішінде көк ісек, Жақсы бала малсақ, Жаман бала үй күшік. Нәйім-нәйім бауырсақ, Бауырсақты қуырсақ. Жақсы бала малсақ, Жаман бала ауылсақ. (І.Жансүгіров) (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай жасау.				
Бірге-бірге тұрғызу, сауықтыру шаралары	Гимнастика элементтерімен баяу көтерілу. Ауа процедураларын қатайту (контрастты). Аяқ массажы. Мақсаты: төсекте жатып гимнастикалық жаттығуларды қалай жасауға болатындығын үйрету. Резеңке төсеніштермен және ағаш жолмен жүре отырып, аяқты уқалауды үйрету. Гимнастиканы дұрыс және синхронды түрде орындау. Гимнастикалық жаттығуларға сай өлеңдер жаттау . (Физикалық дағдылар)				
Бесін ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Дидактикалық ойын «Қай өсімдік екенін тап». Мақсаты: тақырыпты сипаттау және оны сипаттама бойынша тану. Ойын барысы. Тәрбиеші бір баланы өсімдікті сипаттауға немесе ол туралы жұмбақ жасауға шақырады. Басқа балалар бұл қандай өсімдік екенін табуі керек.	"Табиғат және адам" дидактикалық ойыны. Мақсаты: балалардың адам не жасайтыны, табиғат адамға не беретіні туралы білімдерін жүйелеу. Ойын барысы. «Адам не істеді?» - тәрбиеші сұрақ қойып, бір затты ойыншылардың біріне береді (немесе	"Күнді ата" дидактикалық ойыны. Мақсаты: күннің бөліктері туралы түсініктерді бекіту (танертең, түстен кейін, кешке, түнге дейін) Материалдар: күннің бөліктері бейнеленген карточкалар. Ойын барысы. Тәрбиеші балалармен бірге күннің неше	Дидактикалық ойын. "Ассоциациялар" (көктем мезгілі). Мақсаты: Балалардың көктем мезгілі жайындағы түсініктерін тиянақтау, қысқы құбылыстарға көңіл аудару; "көктем мезгілі" ұғымына сәйкес келетін сөздерді табуға ынталандыру; ой-қиялын дамыту.	Дидактикалық ойын. "Не жасырынғанын айт". Мақсат-міндеттері. Балалардың ойлау, елестету, байланыстыра сөйлеу қабілеттерін дамыту; заттардың қасиеттерін зерттеуге деген қызығушылықтарын арттыру. Шарты. Алғашында

	(қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті) Ұлттық ойын. Ханталапай Бұл отырып ойналатын ойын. Оған төрт-бес үміткерден қатысады. Ойын үшін он асық тандап алынады. Он бірінші асықтың ерекше өзге түске (қызыл, не көк) боялған болуы шарт. Бір-бірден асық иіріледі де, қорытынды бойынша ойыншылардың кезектері анықталады. Бұдан соң алғашқы ойыншы қос уыстай ұстаған бар асықты ортаға иіруі керек. Қалған ойыншылар өзге асықтардан ерекшеленген «ханға» көз салады. Себебі, хан алшы түссе, барлығы тарпа бас салып, ортадағы асықтарды, хан талапай жасауы тиіс. Хан кімнің	допты лақтырады). Бала жауап беріп, допты немесе затты жақын тұрған балаға береді. Осылай шеңбер бойымен бір-біріне затты немесе допты береді. Шеңберді аяқтағаннан кейін тәрбиеші жаңа сұрақ қояды: «Табиғат нені тудырды?». Ойын шеңбер бойымен жалғасады; жауап бере алмаған бала шеңберден шығып, оны өткізіп жібереді, бірақ егер ол сөзді ойлап тауып, атаса, оны қайтадан ойынға қосады. (қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті) "Аңшылар мен қояндар" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсаты: балаларды қоян болып секіруге, аңшыдан қорғануға үйрету. Ойын барысы. Алаңның бір жағына аңшы, келесі жақта	бөліктен тұратындығын біледі, олардың аттарын атап, сәйкес суреттерді көрсетіп, дұрыс ретпен орналастыруды ұсынады (таңертең, түстен кейін, кешке, түнге). Тәрбиеші күн құруды ұсынады және күннің бір бөлігін атайды. Балалар күннің қалған бөлігін тізімдейді және сәйкес суреттерді көрсетеді. Ойын 2-3 рет қайталанады. (қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті) Ұлттық ойын. Алтыатар ойыны Көндегі кеңейлердің бір шетіне түпте қалған (сақасы шықпаған) баланың сақасы тігіледі. Кеңейдің арасында саңлау болмай тіркестіріле қойылады. Көннің екі жағына 1м жерден су (сызық) ал 5-6 м	Құралдар. Қыс мезгілі жайында суреттер немесе бейнежазба. Көктем мезгіліне байланысты мнемокарточкалар. Шарты. Балалар көктем мезгіліне байланысты құбылыстарды, жанды және жансыз табиғатта болатын ерекшеліктерді атау керек. Тәрбиеші балалардың тақырыпқа деген қызығушылығын ояту үшін тақпақты оқып беру мүмкін немесе балалардың қыс туралы білетін тақпақтарын кезекпен айтып бере алады. Мысалы, Ө. Тұрманжановтың өлеңіне көңіл аударуға болады. Балалар-ау, балалар! Шақырады далалар. Көктем келді гүл алып, Құстар келді жыр алып. Қос білекті сыбанып, Жүгірейік қуанып.	жүргізушінің рөлін тәрбиеші, содан соң балалар кезекпен атқарады. Жүргізуші балаларға жасырынған затты (ойыншықты, құбылысты, жануарды, құсты, өсімдікті) сөзбен сипаттайды, бірақ оны атамайды. Ойыншы балалар жауабын табуға тырысады. Ойынның басында тәрбиеші балалар үшін заттың сипаттамасын қарапайым жән нақтылы беріп жатады, содан соң тапсырмалар күрделене бастайды. Мысалы, "Бұл өсімдік, қылқан жапырақты ағаштарға жатады, пішіні үшбұрышқа келеді"; "Бұл жиһаз, ол пластиктен де, ағаштан да жасалады, адамның демалуына жағымды ықпалы бар". (қарым-қатынас іс-әрекеті,
--	--	---	--	---	---

қолында кетсе, келесі үйірі кезегі соған беріледі екен, хан мен бірге қолына ілінген асықтардың санына қарай ұпай жазылады. Хан алшы түспеген жағдайда иірген ойыншы шашылған асықтардың бүгі мен бүгін, шігі мен шігін, алшысы мен алшысын, тәйкесі мен тәйкесін бір-біріне соғып, бір-біріне тимей қалғанша ұпай жинайды. Көздеген асығы үшінші бір асыққа тиіп кетсе немесе бөгде асықты қозғап қалса да, ойынның бұзылғаны. Онда кезек келесі ойыншыға беріледі. Осы ретпен әр ойыншы жинаған асығының санына қарай ұпай жинайды. Межелі ұпай санын (100, 40) ойын жүргізуші алдын-ала белгілейді. Межеге бұрын жеткен ойыншы жеңімпаз болып саналады.	қояндарға орын белгіленеді. Әрбір үйде 2-3 қоян болады. Белгі бойынша қояндар үйінен шығып, жайылымда қос аяқтап, секіріп жүреді. Тәрбиеші: «Аңшы» дегенде қояндар үйлеріне жүгіреді. Аңшы бала оларға доп лақтырады. Доп тиген қояндар атылған болып саналады. Аңшы оны өзіне алып кетеді. Ойын бірнеше рет қайталанады. (дене шынықтыру) Еркін ойын: "Менің бұлтым". Мақсаты: қиялды, зейінді, табиғатты елестетіп қабылдауды дамыту (ойын релаксациялық кідіріс рөлін де атқарады). Ойын барысы. Балалар ашық жерде, шөпте жайлы орналасады, тынышталып,	жерден қарақшы белгілейді. Кімде кім түптегі сақаны жұлып кетсе (суданшығарса) бүкіл кенейді сол алады. Ал сақаға тимей кенейді ұшырса, оның судан шыққаны ғана соныкі болып табылады. Ату саны — 6 рет. Алғаш сақасы шыққан бала, қалғандары одан кейінгі кезекте атады. Алты рет атыстан қалған кенейдің бәрі түпте қалған баланікі болып есептеледі. (дене шынықтыру) Қалаған ертегіні мазмұндау. Мақсаты: есте сақтау, елестету, сөйлеу қабілеттерін жетілдіру; ертегілер әлемінде деген сүйіспеншілікті арттыру. (қарым-қатынас іс-әрекеті)	Қыр басына шығайық, Көктем тілін ұғайық. Қызғалдақты терейік, Теріп үйге келейік. Көбелектей киінген, Гүлді көріп сүйінген, Алақайлап жүгірген, Қып-қызыл бет — бүлдірген, Қарындасқа қаршадай, Жас балапан аршадай, Гүлдің шоғын берейік, Қуанғанын көрейік. Тәрбиеші көркем сөзді оқып болғаннан кейін, ойынға көшеді. Егер балаларда қиындықтар туындап жатса, көктем туралы суретті немесе бейнежазбаны алдымен көрсетіп, кейін көз алдынан алып қойып, содан соң балаларға қыс жайында ассоциацияларды айтуды ұсына алады. (қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті)	шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті) "Теңіз толқиды" аз кимылды ойыны. Мақсаты: тәрбиешінің белгісі бойынша орындау, шығармашылық, зейінділік, ұстамдылық таныту. Белгі бойынша екі аяқпен секіру; ептілікке, зейінділікке тәрбиелеу, қозғалыс координациясын дамыту. (дене шынықтыру) Сюжеттік-рөлдік ойын. "Табиғи қорық". Мақсаты: Балаларға табиғи қорық, "Қызыл кітап" туралы түсініктер беру; қорықта қызмет атқаратын орманшы, аңшы, ағаш кесуші, ветеринар дәрігері жөніндегі ұғымдарын нығайту; орман мамандарының орманды, жан-
--	---	---	--	---

	Ескерту: Асықтарды бір-біріне тигізу кезінде қолмен сүйретіп апаруға, орнынан қозғап түзетуге болмайды. Ойынның соңына дейін ханға бірде-бір асық тимеуі керек. Себебі ол – хан. (дене шынықтыру)	көздерін жұмады. Тапсырма. Шабындықта демалуды елестетіп көріңіз. Құстардың дауысы естіледі, шөптер мен гүлдердің иісі шығады, бұлт аспанда қалықтайды. Аспандағы бұлтты таңдап, оның неге ұқсайтынын айту. (қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)		әрекеті, зерттеу іс-әрекеті) Сюжетті-рөлдік ойын. "Аурухана". Мақсаты: Балалардың түсінігіндегі медициналық мамандықтар (бала дәрігері, тіс дәрігері, ЛОР-дәрігер, хирург, мейірбике) жөнінде ұғымдарды нығайту; медициналық қызметкерлердің ауруханада атқаратын рөлі неде екендігін анықтау; еңбекқорлыққа, сыпайылыққа, салауатты өмір салтына тәрбиелеу. Құралдар. Медицина мамандарына қажет заттар мен құралдар; ақ халаттар, перчаткалар; ауруханаға қажет жиһаз, сөмкелер; кейіпкер ойыншықтар. Балалар қуыршақтар мен кейіпкер ойыншықтарды ауруханаға қаратып	жануарларды қорғаудағы атқаратын рөлі неде екендігін анықтау; еңбекқорлыққа, жан-жануарларға деген аяушылыққа, қамқорлыққа тәрбиелеу. Құралдар. Табиғи қорықтың қызметкерлеріне қажет заттар мен құралдар; алғашқы медициналық көмек қобдишасы, сөмкелер; ойыншық жануарлар және құстар; орман, бұлақ, жасанды таулар үлгілері. Шарты. Тәрбиеші балалармен бірлесіп, дайындық жұмыстары ретінде табиғи қорық туралы суреттерді қарап, Қазақстандағы табиғи қорықтар жөнінде бейнебаяндарды тамашалайды. Балалар орманшы, аңшы, ағаш кесуші, ветеринар дәрігері сияқты мамандардың табиғи қорықта не
--	--	---	--	---	--


			немесе өздеріне қаралатын жағдайлар жайында өзара келісіп шешеді. Шарты. Тәрбиеші дайындық жұмысында балалармен медицина мамандары жайында әңгімелесуі керек. Балалар дәрігерлердің адамның қандай дене мүшелерін емдейтіні туралы ғана емес, қандай құралдарды қолданатыны, қандай сұрақтарды қоятынын талқылап алуы керек. Балалар өздеріне ұнайтын дәрігерлердің рөлдерін бөлісіп алады, олардың киетін киімдерін және қолданатын құралдарды алып, орындарына барады. Тәрбиеші диалогтарда әдептілік ережелерінің сақталуын, ойыншылар арасында сөйлеу тізбектерін реттейді,	істейтіні (орманшы ауру ағаштарды тауып, ағаш кесушіге кесіп алуға тапсырма береді; ауру аңдарды байқап, ветеринарға көрсетеді, аңшы саны көбейіп кеткен жыртқыштарды атып алады), қандай құралдарды қолданатыны туралы талқылап алу керек. Балалар табиғи қорықта жұмыс істейтін мамандарды өздері таңдайды немесе санамақты қолданады. Кейіпкерлер өздеріне қажет киім үлгілерін және құралдарды алып, орындарына барады. Қалған балалар қолдарына аңдар мен құстардың ойыншықтарын алып, белгілі орындарға қондырып, қимылға келтіреді. Соңында тәрбиеші балалармен бірге қорытынды жасай алады: адам жабайы табиғаттағы тіршіліктің
--	--	--	--	---

				тиянақтау сұрақтарын қояды. Соңында тәрбиеші балалармен бірге қорытынды жасай алады: адамның денсаулығына ауа райы, жыл мезгілі, тамақтануы, күнделікті жасайтын әрекеттері әсер ететінін анықтайды. (қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)	заңдылықтарын бұзбау керек, оны қадағалап, көмегін беріп, қорғану да керек. (қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)
Балалармен жеке жұмыс	"Қағаздан бүктеу" оригами жұмысы. Тақырыбы: "Тырна". Мақсаты: Қағазды бүктеу арқылы әртүрлі аңдар, құстар мен гүлдердің пішіндерін жасауға мүмкіндік беру. (шығармашылық іс-әрекет)	Жаңылтпаштар жаттау. 1. Пеш үстінде бес мысық, Пеш ішінде бес мысық. Бес күзетші ... бес пысық. 2. Үш кіші ішік піштім, Бес кіші ішік піштім, Неше кіші ішік піштім? 3. Ұшып кетті үш құс,	Тұманбай Молдағалиев «Гүлдер». Гүлдер, гүлдер, көп гүлдер, Қызыл гүлдер, көк гүлдер, «Жайнар кезім келді» - деп, Қанаттарың желбіреп, Таңмен бірге оянып, Күн нұрына боянып, Көрік бердің балаға. Гүлдер, гүлдер не	"Жұмбақты ойдан шығару" жаттығуы. Мақсаты: балалардың ойлау, елестету, сөйлеу қабілеттерін жетілдіру; дүниетанымын кеңейту. (қарым-қатынас іс-әрекеті)	

		Ұшып келді ұшқыш. (қарым-қатынас іс-әрекеті)	түрлі Құлпырды да, жетілді. (қарым-қатынас іс-әрекеті)		
Серуенге дайындық	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. (мәдени-гигиеналық даңдылар, дербес әрекет)				
Серуен	Түскі серуенді бақылауды жалғастыру. (қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)				
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	«Ата-аналарға арналған 10 кеңес».	Кеңес: «Саусақ жаттығулары». Қолдың ұсақ моторикасын дамытудың маңыздылығын түсіндіру.	Суреттер көрмесін ұйымдастыру.	«Айына бір рет отбасы күнін өткізу».	"Балаға баға бермеңіз, оның іс-әрекетін бағалаңыз" тақырыбында ата-аналарға кеңес.

Тексерген әдіскер:

Тәрбиеші:

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы: МКҚК №4 «Айгүл» б/бақшасы

Топ: «Ботақан» мектепалды тобы

Балалардың жасы 5 – жастағы балалар

Жоспардың құрылу кезеңі 24.04 - 28.04.2023 ж (IV – апта)

Күн тәртібі	<i>Дүйсенбі</i> <i>24.04.2023ж</i>	<i>Сейсенбі</i> <i>25.04.2023ж</i>	<i>Сәрсенбі</i> <i>26.04.2023ж</i>	<i>Бейсенбі</i> <i>27.04.2023ж</i>	<i>Жұма</i> <i>28.04.2023ж</i>
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	«Әжелердің немерелерді тәрбиелеуге арналған кеңестері» қабырға газеті.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	«Бес саусақ». Оң қолымда бес саусақ, Сол қолымда бес саусақ. Оларды атап шақырар, Әрқайсысының аты бар. Бас бармақ, Балаң үйрек, Ортаң терек, Шылдыр шүмек, Кішкене бөбек. (коммуникативтік	«Төрт жакты лото». Мақсаты: 1-ден 10-ға дейін санау, не бейнеленгенін, түсін, неше бірліктен тұратынын, саусақпен санап көрсету, балалардың ой-өрісін кеңейту, зейінді болуға тәрбиелеу. Ойынның барысы. Бала аталған санды сурет арқылы, санның неше	"Дөңгелек, үшбұрыш, шаршыға ұқсайтын заттарды тап" дидактикалық ойыны. Мақсаты: Пішіндерді қайталау, түстерді қабылдауын және қолдың ұсақ моторикасын дамыту. (танымдық дағды)	Үстел үсті ойыны «Есіне сақта». Балаларға 5 түрлі сурет көрсетіледі, сосын тәрбиеші көздерін жұмуларын ұсынады да, 1 суретті алып тастайды, балалар қай суретті алып тастағанын байқап, атауын атайды. Тәрбиеші балалардың қаншалықты естеріде сақтағандарын	Фотосуреттер қарастыру «Ұлттар достығы». Фотосуретте бейнеленген ұлттар достығы тақырыбында әңгімелеу. (коммуникативтік дағды)

	дағды)	бірліктен тұратынын айтады және бәрін бірге құрастырады. (танымдық дағды)		тексереді. (танымдық дағды)	
Таңертенгі жаттығу	Жалпы дамыту жаттығулары (құрсаумен) 1.Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, құрсау төменде (құрсаудың шетінен екі қолымен ұстау). 1-құрсауды екі қолдарымен алдына қояды; 2- құрсауды жоғары көтереді; 3-құрсауды алдына қояды ; 4-бастапқы қалыпқа келу. Жаттығу 6 рет қайталанады. 2. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, құрсау төменде. 1-құрсауды жоғары көтереді; 2-қолды түзу ұстап, оңға иілу; 3-құрсауды жоғары көтереді; 4-4-бастапқы қалыпқа келу. Осы жаттығуды сол жаққа қайталау. Жаттығу 6 рет қайталанады. 3. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, құрсауды бүгілген қолымен көкірегіне қою. 1-2-отырып, құрсауды алдына шығару; 3-бастапқы қалыпқа келу. Жаттығу 6 рет қайталанады. 4. Бастапқы қалып: еденге отыру, құрсауды бүгілген қолымен көкірегіне қою. 1-құрсау ұстаған қолымен оң аяғына иілу; 2-бастапқы қалып. Жаттығу сол жағына қайталанады. Жаттығу 6 рет қайталанады. 5. Бастапқы қалып: жерге арқасымен жатып, құрсауды түзу ұстап, басынан асыра қою. 1-2-тізені бүгіп, құрсаудың шетіне тигізу; 3-4-бастапқы қалыпқа келу. Жаттығу 5-6 рет қайталанады. 6. Бастапқы қалып: құрсаудың ішінде тұру. Тәрбиешінің 1-8 дейін санауы бойынша құрсаудан шығып секіру, қайтадан құрсауға секіру. Жаттығуды 3-4 рет қайталау. 7. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, құрсау төменде (құрсаудың шетінен екі қолымен ұстау). 1-құрсауды алға қою, оң аяғын ұшына артқа қою; 2-бастапқы қалып. Жаттығу сол жағына қайталанады. Жаттығу 6 рет қайталанады. (физикалық дағды)				
Таңғы ас	Гигиеналық дағдылар Мақсаты: Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртіну. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну. <i>Көркем сөз</i>				

	Ас атасы ақ нанды, Қадірлейміз шашпаймыз. Тамақтану үстінде, Асықпаймыз, саспаймыз. Сүлгімен де орынды, Пайдалана аламыз. Шанышқы мен қасықты, Қалай ұстайм қараңыз. Тамақтану тәртібін, Ұстанатын баламыз. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Арайлап таң атты, Алтын сәуле таратты. Жарқырады күніміз. Жарқырайды даламыз. Қайырлы таң, Қайырлы күн, балалар! (коммуникативтік дағды)	Жарық болсын күніміз, Жарқын болсын үніміз. Елін сүйіп ер жетер, Біз болашақ гүліміз. (коммуникативтік дағды)	«Көктем» Көктем қырға төрледі, Төрт түлік мал төлдеді. Ботақантер құлпырып, Деп тұрғандай: «Көр мені!» Жылы мезгіл жетіпті, Тастадық біз етікті. Қар көктемге жеткізбей, Тауға шығып кетіпті! К.Ыбырайұлы (коммуникативтік дағды)	«Сыпайы сөздер» дидактикалық ойыны. Мақсаты: Балалардың өзін-өзі ұстау мәдениетін, сыпайылықты, әрқайсысына деген құрмет сезімін, досқа, бір-біріне көмектесуге деген ұмтылысқа тәрбиелеу. Барысы. Тәрбиеші балаларға әртүрлі сюжеттер бейнеленген суреттерді көрсетеді және сұрақтар қояды. Балалар сұрақтарға толық жауап береді. (коммуникативтік дағды)	«Кемпірқосақтың түстері» дидактикалық ойыны. Мақсаты: Түстерді ажырата білуге үйрету; ашық және күлгін түстерді сезіну қабілетін жетілдіру, үлкен-кіші көлеміне қарай доғаларды дұрыс орналастыру. (коммуникативтік дағды)

Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру Кеудеге арналған жаттығулар. Мақсаты: Бір аяқты жоғары көтеріп, жоғары көтерілген аяқтың астынан затты бір қолдан екінші қолға беру. Отырған қалыпта екі аяқты жоғары көтеру, бұғу және жазу, төмен түсіру. Екі аяқты айқастырып, отыру және тұру. ЖДЖ: Тізені бүгіп жазу (екіншісіне тұрып), еденде отырған қалпында, таяныштан ұстап отырып аяқтың ұшымен тұру, алға, жанына, артқа қадам жасау, аяқты алға, өкшеге қою. Негізгі қимыл-қозғалыс жаттығулары: 1. Бірнеше доға астынан еңбектеу. 2. Допты қақпа арқылы домалатуды қайталау.	Дене шынықтыру Кеудеге арналған жаттығулар. Мақсаты: Бір аяқты жоғары көтеріп, жоғары көтерілген аяқтың астынан затты бір қолдан екінші қолға беру. Отырған қалыпта екі аяқты жоғары көтеру, бұғу және жазу, төмен түсіру. Екі аяқты айқастырып, отыру және тұру. ЖДЖ: Тізені бүгіп жазу (екіншісіне тұрып), еденде отырған қалпында, таяныштан ұстап отырып аяқтың ұшымен тұру, алға, жанына, артқа қадам жасау, аяқты алға, өкшеге қою. Негізгі қимыл-қозғалыс жаттығулары: 1. Бірнеше доға астынан еңбектеу. 2. Допты қақпа	Сауат ашу негіздері Ойын: «Қ-Ғ» дыбыстары Мақсаты: «Қ - Ғ» дыбыстарының айтылуы мен артикуляциясын салыстыру және нақтылау. «Қ – Ғ» дыбыстарын буында, сөзде, сөйлемде сұрақтарға жауап беру арқылы анық, дұрыс айтуды және ажыратуды үйрету. Музыка пән мұғалімінің жоспары бойынша Математика негіздері Ойын: «Жалауларды ретімен қоямыз» пысықтау Мақсаты: балалардың айналасына қарап геометриялық пішіндерді табу, оларға талдау жасай біліктерін ұштау;	Дене шынықтыру Аяққа арналған жаттығулар. Мақсаты: Аяқтың бақайларымен жіпті жинау, құм салынған қапшықтарды өкшелермен қысып алып, бір орыннан екінші орынға қою. Өкшемен таяқтың, арқанның үстінен бір қырымен жүру. ЖДЖ: Бұрылу (оңға-солға), қолды кеуде тұсында айқастыру және екі жағына жазу, қолды шапалақтау; қолды алға, жоғары, жан-жаққа көтеру, оларды бүгіп, жазу, саусақтарын ашып жұму. Негізгі қимыл-қозғалыс жаттығулары: 1. Бірқалыпты жүгіру, шашырап, берілген бағытта, әртүрлі қарқынмен жүгіру. Ойын: «Маған қарай еңбекте» ойынын	Музыка пән мұғалімінің жоспары бойынша Сөйлеуді дамыту Ойын: «Дәрумендердің керемет күші» Мақсаты: Балаларға дәрумендер туралы түсінік беріп, дене дамуына қосатын үлестері, адамға күш-қуат беретіндігін айту, ұқыптылыққа, тазалыққа, әдептілікке тәрбиелеу. Қоршаған ортамен таныстыру Ойын: «Жәндіктер әлемі» Мақсаты: балалардың жәндіктердің кейбір түрлері (көбелек, шыбын, қоңыз, қанқыз) туралы түсініктерін қалыптастыру.
---	--	--	---	---	---

	Ойын: «Апандағы аю» ойынын ойнау. Сөйлеуді дамыту Ойын: «Дәрумендердің керемет күші» Мақсаты: Балаларға дәрумендер туралы түсінік беріп, дене дамуына қосатын үлестері, адамға күш-қуат беретіндігін айту, ұқыптылыққа, тазалыққа, әдептілікке тәрбиелеу Математика негіздері Ойын: «Жалауларды ретімен қоямыз» Мақсаты: балалардың айналасына қарап геометриялық пішіндерді табу, оларға талдау жасай біліктерін ұштау; белгілі бір бағытта келе жатып, белгі бойынша бағытын өзгерте білу қабілетін жетілдіру.	арқылы домалатуды қайталау. Ойын: «Апандағы аю» ойынын ойнау. Сауат ашу негіздері Ойын: «Ж-Ш» дыбыстары» Мақсаты: Ж-Ш дыбыстарының айтылуы мен артикуляциясын салыстыру және нақтылау. Сөздердегі дыбыстарды анық айтуды үйретіп, еске сақтау, ойлау қабілетін дамыту. Көркем әдебиет Өлең: С. Оспанов «Тілегіміз- бейбіт күн» Мақсаты: Өлең жолында кездесетін сөздердің мағынасын түсіндіру. Байланыстыра сөйлеуді, өз ойларын толық жеткізуді	белгілі бір бағытта келе жатып, белгі бойынша бағытын өзгерте білу қабілетін жетілдіру. Қоршаған ортамен таныстыру Ойын: «Ағаштар, табиғат және адам» Мақсаты: балалардың ағаштың табиғатқа және адамның тіршілігіне қосатын үлесі туралы түсініктерін жетілдіру.	ойнау. Сауат ашу негіздері Ойын: «Қ-Ғ» дыбыстары (пысықтау) Мақсаты: «Қ - Ғ» дыбыстарының айтылуы мен артикуляциясын салыстыру және нақтылау. «Қ – Ғ» дыбыстарын буында, сөзде, сөйлемде сұрақтарға жауап беру арқылы анық, дұрыс айтуды және ажыратуды үйрету. Көркем әдебиет Өлең: С. Оспанов «Тілегіміз- бейбіт күн» қайталау Мақсаты: Өлең жолында кездесетін сөздердің мағынасын түсіндіру. Байланыстыра сөйлеуді, өз ойларын толық жеткізуді үйрету. Еске сақтау қабілеттерін дамыту.	Қазақ тілі Ертегі: Халық аузындағы «Үш батыр» ертегісі Мақсаты: балалардың "Отан", "Туған жер" түсініктерін дамыту; халық аузындағы "Үш батыр" ертегісіндегі оқиғалар тізбегін есте сақтауға үйрету.
--	--	---	--	--	--

	Құрастыру «Ақ қайың» Мақсаты: Балаларға қатырма қағаздан ағаштың діңі мен ұшар басын қиып алуды; майлықтарды жырту, умаждау әдістерін пайдаланып, домалақ етіп ағаштың ұшар басына жапсыруға, желіммен ағаш бөліктерін бір-біріне жапсырып, "қайың" ағашын құрастыруды үйрету; дәстүрлі емес өнердің түрлерімен жұмыс істеу іскерліктерін дамыту	үйрету. Еске сақтау қабілеттерін дамыту. Әдептілік сақтауға, үлкенді сыйлауға тәрбиелеу Қазақ тілі Ертегі: «Достық» ертегісін баяндау. Достық дегеніміз не? Мақсаты: Балалардың ұғымында «достық» түсінігін қалыптастыру, Қазақстандағы халықтар достығы туралы ұғымды дамытуды жалғастыру.		Әдептілік сақтауға, үлкенді сыйлауға тәрбиелеу. Математика негіздері Ойын: «Ретімен пішіндерді орналастыр» Мақсаты: балалардың 10 көлеміндегі сандар мен цифрлар мен геометриялық пішіндер жайлы білімдерін тиянақтау.	
Серуенге дайындық	Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Серуен	Картотека №7 «Жылғалар мен шалшықтарды бақылау» Мақсаты: Балаларды қардың еруінен пайда болатын жылға мен	Картотека №8 «Ағаштарға бақылау жасау» Мақсаты: Ағаштарды бүрлері мен бұтақтарына қарап айыра білуге	Картотека №9 «Бақта өсетін ағаштардың гүлденуін бақылау» Мақсаты: Гүлдеген ағаштардың сұлулығын айыра	Картотека №10 «Жаңа өсіп келе жатқан көк шөпті бақылау» Мақсаты: Табиғаттың оянуына байланысты балаларда көтеріңкі	Картотека №11 «Бақбақтың өсуін бақылау» Мақсаты: Өсімдіктің өсуі және өсу реті туралы түсініктерін нығайту. Бақбаққа

	шалшықтар туралы түсінігін қалыптастыру Еңбек: Аула маңын қоқыстан тазарту Жұмбақ: Жылт – жылт еткен, Жырадан өткен Қимылды ойын: «Батылдар» Мақсаты: Ойлауды, зейінді, кеңістікті бағдарлай алу іскерлігін дамыту. Өзіндік іс – әрекет: Еркін ойындар Мақсаты: Ойын барысында балалардың бір – бірімен қарым – қатынас жасауын қадағалау. Өзге балалардың жасаған қылықтарына баға бере білу.	үйрету. Салыстыра білу қабілеті мен нақты белгілерін атай білуге үйрету. Табиғаттан алған әсерлерін қуанышты көңіл – күйлерін білдіре білу. Еңбек: Бұтақты кесуден кейінгі қалдықты жинау. Мақал – мәтел: «Бір ағаш кессең, жүз ағаш отырғыз» Қимылды ойын: «Ағаштан ағашқа» Мақсаты: Ойын барысында ойынды әділ бағалауға үйрету. Жолдастарымен ақылдаса білуді дамыту. Өзіндік іс – әрекет: Еркін ойындар Мақсаты: Ойын барысында жұбымен бірге бірлесіп, ойын нәтижесін бөлісе білуге үйрету.	білу, ағаштардың пайдасы жөнінде балалардың түсінігінде қалыптастыру. Эстетикалық талғам мен сезімді тәрбиелеу. Еңбек: Ағаш түбін әктеу Мақал – мәтел: «төлден мал өседі Шыбықтан тал өседі Қимылды ойындар: «Секіргіш бақалар» Мақсаты: Балалардың физиологиялық ұйымшылдық, төзімділік қасиеттерін дамыту. Өзіндік іс- әрекет: Еркін ойындар Мақсаты: ойын барысында бір – бірімен қарым – қатынас жасап, өз ойларын ортаға салып, құрдастарының шешіміне	көңіл күйді ояту. Өсімдікті аялап, күте білуге үйрету. Еңбек: Ауладағы қураған шөпті жинау. Мақал – мәтел: «Адам жерге нәр береді, жер адамға нан береді» Қимылды ойын: «Көк шөпте хоккей» Мақсаты: Ойында Достық көмекке келуді үйрету. Өзіндік іс – әрекет: Еркін ойындар Мақсаты: Балаларға өз беттерімен ойын тақырыбын таңдауға үйрету. Өз тәжірбиесі негізінде бақылау барысынан алған жағымды тұстарды дамыту. Әр саладан алған білім көзін ойын кезінде көрсете білу.	және басқа өсімдіктерге ықыласпен қарауды тәрбиелеу. Байқампаздықты дамыту. Еңбек: Гүлзарлардағы гүлдерді бағып, күту. Жұмбақ: Кіп – кішкентай қауға бас, Шашы түссе дауламас. (Бақбақ) Қимылды ойын: «Гүлдер» Мақсаты: Ойлауды, зейінді, кеңістікте бағдарлай алу іскерлігін дамыту. Өзіндік іс- әрекет: Еркін ойындар Мақсаты: Ойыншықтың тақырыбын балалар алдын ала талқылап, рөлдерді бөліп, 3-4 адамнан тұратын бастапқы заттық кеңістіктегі қозғалысты
--	---	--	---	--	---

			келіспеушілік білдіре білу. Рөлдерге бөлу, ойыншықты бөлісе білуге дағдылан дыру.		ұйымдастыру.
Серуеннен оралу	Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу. Қоғамдық орындарда гигиена ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Түскі ас	Гигиеналық дағдылар Мақсаты: Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртінуге. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну. <i>Көркем сөз</i> Ас атасы ақ нанды, Қадірлейміз шашпаймыз. Тамақтану үстінде, Асықпаймыз, саспаймыз. Сүлгімен де орынды, Пайдалана аламыз. Шанышқы мен қасықты, Қалай ұстайм қараңыз. Тамақтану тәртібін, Ұстанатын баламыз. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай жасау.				
Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру	Ұйқыдан кейін бірден төсекте жаттығу жасау; жатқан күйінде, төсектен тұрмай, көрпенің астында балалар жалпы дамыту жаттығуларының аз мөлшерін орындайды; (гимнастика, 2-3 минут төсекте, балалардың ұйқыдан				

шаралары	біртіндеп ояу күйіне өтуіне бағытталған. Оянған балалармен жүргізген дұрыс, қалғаны оянған кезде қосылады) Жалпақ табанды болдырмау үшін денсаулық жолымен жүру. (дене шынықтыру)				
Бесін ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	"Қонақ күту" мәдени дағдыларды бекіту, балаларға үй шаруашылығының кейбір білімдері туралы хабарлау (бөлмені жинау, дастарқан жаю). (коммуникативтік дағды, танымдық дағды)	Ұлттық ойын. Ақсүйек Ең алдымен, ойнаушылар өзара келісіп, жеңген топ үшін жұлде тағайындайды да, екі топқа бөлінеді. Топ басқарушылар ақсүйекті қайсысының лақтыратынын шешіп алу үшін кезектесіп таяқ ұстайды, таяқтың басына кімнің қолы бұрын шықса, сол ақсүйекті құлашы жеткенше лақтырады. Ақсүйек жерге түскеннен кейін ғана ойыншылар іздеуге шығады. (физикалық дағды)	«Достықты сақтаймыз!» дидактикалық ойыны. Мақсаты: Балаларды бір-бірімен дос, тату, ұйымшыл болуға тәрбиелеу. (коммуникативтік дағды, танымдық дағды)	Ұлттық ойын. Ақсүйек Ең алдымен, ойнаушылар өзара келісіп, жеңген топ үшін жұлде тағайындайды да, екі топқа бөлінеді. Топ басқарушылар ақсүйекті қайсысының лақтыратынын шешіп алу үшін кезектесіп таяқ ұстайды, таяқтың басына кімнің қолы бұрын шықса, сол ақсүйекті құлашы жеткенше лақтырады. Ақсүйек жерге түскеннен кейін ғана ойыншылар іздеуге шығады. (физикалық дағды)	"Сөйлемді жалғастыр" ойыны. Мақсаты: бастушы сөйлемді айтады. Балалар соңғы сөзді атайды және онымен жаңа сөйлем ойлап табады. Мысалы, Мақсат кітап оқып жатыр. Кітап үстел үстінде. (коммуникативтік дағды, танымдық дағды)
Балалармен жеке	Саусақ жаттығуы.	Алдиярмен бірге	Мереймен бірге	Сарамен бірге	Айарумен бірге

жұмыс	Нұралимен бірге "Достық" саусақ жаттығуын жасау Біздің топта ұлдар мен қыздар өзара дос (қолдың саусақтары өзара бірігеді). Кішкентай саусақтар біз сенімен достасамыз (екі қолдың саусақтарын бір-біріне тигізу). Бір, екі, үш, төрт, бес (шынашақтан бастап, саусақтарды кезекпен бір-біріне тигізу). Қайтадан санауды бастаймыз. Бір, екі, үш, төрт, бес Енді санауды аяқтадық (қолды төмен түсіреміз, демалтамыз). (коммуникативтік, физикалық дағды)	жаңылтпаштар жаттау. 1. Топ бала, топ бала Ойнап жүр, топтала. Зымырап допты ала, Қуады көп бала. 2. Омар томар алар, Орал орақ орар. 3. Қырда қырау, Қызыл ала бұзау. (коммуникативтік дағды)	өлең жаттау. Әли Ысқабаев "Достық ұлы туымыз". Дос, бауыр көп, Тосқауыл жоқ, Айқара ашық есігі, Ұлы Отаным, Гүл Отаным - Тыныштықтың бесігі. Тілегі бір, Жүрегі бір, Достармен біз біргеміз. Туыс барда, Құрыштан да, Берік біздің іргеміз. (коммуникативтік дағды)	"Жұмбақтар шешу" дидактикалық ойынын ойнау Мақсаты: белсенді сөздік қорындағы зат есімдер қорын кеңейту. (коммуникативтік дағды)	"Сөйлемнен гүл шоқтарын тоқу" ойынын ойнау Мақсаты: тақырыптық тұрғыдан біріккен сөйлемдер дайындауға жаттықтыру, сөйлеу зейініне тәрбиелеу. (коммуникативтік дағды)
Серуенге дайындық	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бөтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. (мәдени-гигиеналық даңдылар, дербес әрекет)				
Серуен	Картотека №7 «Жылғалар мен шалшықтарды	Картотека №8 «Ағаштарға бақылау жасау»	Картотека №9 «Бақта өсетін ағаштардың	Картотека №10 «Жаңа өсіп келе жатқан көк шөпті	Картотека №11 «Бақбақтың өсуін бақылау»

	бақылау» Мақсаты: Балаларды қардың еруінен пайда болатын жылға мен шалшықтар туралы түсінігін қалыптастыру Еңбек: Аула маңын қоқыстан тазарту Жұмбақ: Жылт – жылт еткен, Жырадан өткен Қимылды ойын: «Батылдар» Мақсаты: Ойлауды, зейінді, кеңістікті бағдарлай алу іскерлігін дамыту. Өзіндік іс – әрекет: Еркін ойындар Мақсаты: Ойын барысында балалардың бір – бірімен қарым – қатынас жасауын қадағалау. Өзге балалардың жасаған қылықтарына баға бере білу.	Мақсаты: Ағаштарды бүрлері мен бұтақтарына қарап айыра білуге үйрету. Салыстыра білу қабілеті мен нақты белгілерін атай білуге үйрету. Табиғаттан алған әсерлерін қуанышты көңіл – күйлерін білдіре білу. Еңбек: Бұтақты кесуден кейінгі қалдықты жинау. Мақал – мәтел: «Бір ағаш кессең, жүз ағаш отырғыз» Қимылды ойын: «Ағаштан ағашқа» Мақсаты: Ойын барысында ойынды әділ бағалауға үйрету. Жолдастарымен ақылдаса білуді дамыту. Өзіндік іс – әрекет: Еркін ойындар Мақсаты: Ойын	гүлденуін бақылау» Мақсаты: Гүлдеген ағаштардың сұлулығын айыра білу, ағаштардың пайдасы жөнінде балалардың түсінігінде қалыптастыру. Эстетикалық талғам мен сезімді тәрбиелеу. Еңбек: Ағаш түбін әктеу Мақал – мәтел: «төлден мал өседі Шыбықтан тал өседі Қимылды ойындар: «Секіргіш бақалар» Мақсаты: Балалардың физиологиялық ұйымшылдық, төзімділік қасиеттерін дамыту. Өзіндік іс- әрекет: Еркін ойындар Мақсаты: ойын	бақылау» Мақсаты: Табиғаттың оянуына байланысты балаларда көтеріңкі көңіл күйді ояту. Өсімдікті аялап, күте білуге үйрету. Еңбек: Ауладағы құраған шөпті жинау. Мақал – мәтел: «Адам жерге нәр береді, жер адамға нан береді» Қимылды ойын: «Көк шөпте хоккей» Мақсаты: Ойында Достық көмекке келуді үйрету. Өзіндік іс – әрекет: Еркін ойындар Мақсаты: Балаларға өз беттерімен ойын тақырыбын таңдауға үйрету. Өз тәжірбиесі негізінде бақылау барысынан алған жағымды тұстарды дамыту. Өр саладан алған білім көзін ойын кезінде	Мақсаты: Өсімдіктің өсуі және өсу реті туралы түсініктерін нығайту. Бақбаққа және басқа өсімдіктерге ықыласпен қарауды тәрбиелеу. Байқампаздықты дамыту. Еңбек: Гүлзарлардағы гүлдерді бағып, күту. Жұмбақ: Кіп – кішкентай қауға бас, Шашы түссе дауламас. (Бақбақ) Қимылды ойын: «Гүлдер» Мақсаты: Ойлауды, зейінді, кеңістікте бағдарлай алу іскерлігін дамыту. Өзіндік іс- әрекет: Еркін ойындар Мақсаты: Ойыншықтың тақырыбын балалар
--	--	--	---	---	--

		барысында жұбымен бірге бірлесіп, ойын нәтижесін бөлісе білуге үйрету.	барысында бір – бірімен қарым – қатынас жасап, өз ойларын ортаға салып, құрдастарының шешіміне келіспеушілік білдіре білу. Рөлдерге бөлу, ойыншықты бөлісе білуге дағдыландыру.	көрсете білу.	алдын ала талқылап, рөлдерді бөліп, 3-4 адамнан тұратын бастапқы заттық кеңістіктегі қозғалысты ұйымдастыру.
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	«Әжелердің немерелерді тәрбиелеуге арналған кеңестері» қабырға газеті.	«Айына бір рет отбасы күнін өткізу».	Кеңес. «Баланы ұлтжандылыққа тәрбиелеу жолдары».	«Айына бір рет отбасы күнін өткізу».	Балалардың танымдық үрдістерінің диагностикасы (психолог).

Тексерген әдіскер:

Тәрбиеші:




Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Мамыр айы 2023 жыл 1 апта

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 01.05.2023	Сейсенбі 02.05.2023	Сәрсенбі 03.05.2023	Бейсенбі 04.05.2023	Жұма 05.05.2023
Балаларды қабылдау	Балалардың денсаулығын бақылау, оларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Жайлы жағдай жасап, әр баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау (Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, танымдық әрекет)				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында ата-анамен әңгімелесу. Мамыр айында болатын демалыс күндер туралы ақпарат беру.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)		Топта балалар арасында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу. Шағын ойын орталықтарында олардың еркін ойындарын ұйымдастыру, үстел үсті ойындары, логикалық ойындар. (Қарым-қатынас іс-әрекеті және танымдық іс-әрекет)	Өнер орталығында сурет салғызу, суретті кітапшаларды бояуда түстерді өз қалауы бойынша таңдауын дамыту (бейнелеу іс-әрекеті) Балалармен жеке жұмыс.	Құрастыру материалдарымен, табиғи заттармен құрастыру ойындарын ойнату. Балалармен жеке жұмыс. (танымдық, зерттеу іс-әрекеттері)	Кітаптарды қарату, балалардың назарын кітаптың безендірілуіне, иллюстрацияларына аудару. (көркем әдебиет) Табиғат бұрышындағы еңбек (бөлме өсімдіктеріне күтім жасату) Балалармен жеке жұмыс. (танымдық іс-әрекет)
Таңертенгі жаттығу	Мамыр айына арналған таңертенгі жаттығуларды орындату. таңертенгі жаттығуды орындауға қызығушылық тудыру, дене бітімін қалыптастыру және нығайту. (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін жетілідіру. Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын пысықтау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі				

	қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) Асханада кезекшілердің міндеттерін орындату. Шамасы келетін, бірлескен еңбек әрекетіне қатысуға, бастаған ісін аяғынадейін жеткізуге, дербестік пен жауапкершілікке баулу. (танымдық іс әрекет) Мәдениетті тамақтану және ас ішу құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Шаттық шеңбері «Таңғы тілек» балалардың бір біріне жақсы тілек айтуын қалыптастыру. Жаңа сөздер ендіру. Өзін мәдениетті ұстау, әдепті және сабырлы болуды үйрету. (Қарым-қатынас іс-әрекеті) Балалардан сезінген әсерлерімен бөлісуді ұйымдастырып, жаңалықтарды білуге ынталандыру. Достық туралы не біледі? Достықтың түрлері? Достық қарым қатынас туралы не біледі және не білгісі келеді сұрау және бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылату, қызығушылықтары бойынша ұйымдастырылған іс әрекет түрін таңдату, ережелер туралы келісу және т. б.				
Балалардың үйге қайтуы	Ата-аналармен баланың балабақшада не үйренгенін күнделікті сұрап тұруын ескерту. Ертегі ойындарды үйде қайталауды ұсыну.				

Тексерген әдіскер:

Тәрбиеші:

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Мамыр 2023 жыл 5 апта

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 29.05.2023	Сейсенбі 30.05.2023	Сәрсенбі 31.05.2023		
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Стикерлер арқылы көңіл күйлерін көрсете білуін жетілдіру. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, сәлемдесуді пысықтау, баладан таптағы безендірулерге назар аударып, ұнаған заттары туралы айтуын жетілдіру. (қарым қатынас мәдениеті).				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Жолда қауіпсіздік сақтық шаралары туралы әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары (пазлдар, интеллектум құралдары, шашка ойындары) Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу, ермексазбен жұмыстар жасау. Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптарды қарау, Табиғат бұрышындағы еңбек (бөлме өсімдіктеріне және жануарларына күтім жасату) Балармен жеке жұмыстар.				
Таңертенгі жаттығу	Мамыр айына арналған таңертеңгі жаттығуларды орындау (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) Өз орнын тауып отыру. Ас болсын сөзін айтуды қалыптастыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру. (сөйлеуді дамыту)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Таңғы жиын. Балаларға жаңалықтарымен бөлісуді, жақсы тілектер тілеуді жасату. «Балабақшамызды қалай жақсы көреміз?» тақырыбында әңгімелесу. Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. (сөйлеуді дамыту)				

Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	Сөйлеуді дамыту Интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді пысықтау. Балалардың қалауы бойынша суреттер арқылы сөйлем жасауды естеріне түсіру. Дене шынықтыру маманының жоспары бойынша Математика негіздері Бүтін жиын мен оның әр бөлігі арасында байланыс орнату, жиынның бөліктен үлкен екенін, бөліктің жиыннан кіші екенін, жиынның бөліктерін санау және элементтердің (заттардың) бір-біріне қатынасы негізінде салыстыруды үйрету, қалыптастыру. Қисық және қиғаш сызықтарды дәптердің тор көзінде сызуға үйрету. Қоршаған ортамен таныстыру	Көркем әдебиет Балалардан қандай ертегіні ұнататындарын сұрау. Таңдаулары бірдей болған балаларды бөліп, ертегілерді бірге сахналауын ұйымдастыру. Сахналық қойылымдарға қатысуға баулу Музыка маманының жоспары бойынша Сауат ашу негіздері Жыл бойына үйренгендерін қайталату. Не білетіндерін айтқызу. Дәптерлерінде салған суреттерімен жазуларын талқылау. Сурет салу Мүсіндеу Жапсыру, құрастыру Жыл бойы жасаған жұмыстарын қарату. Естеліктерді естеріне	Сауат ашу негіздері Жыл бойына жазып үйренгендерін тақтада бормен жазып көрсетуді ұйымдастыру. Өз дәптерлеріне баға қойып өздерін мақтауын ұйымдастыру Дене шынықтыру маманының жоспары бойынша Қазақ тілі Жыл бойына өтілгендерді суреттер арқылы естеріне түсіру. Берілген мәтіннің басталуын және соңын ойдан құрастыруға баулу. Математика негіздері Жыл бойына үйренгендерін естеріне түсіріп қайталату. Дәптерлеріне жазғандарын қайталап қарап, өздерін бағалауды ұсыну.		
--	--	---	---	--	--

	Жолда қауіпсіздік ережелерін сақтау. Жол белгілерін білу, бағдаршамның белгілеріне сәйкес жолдан өту ережелерін орындауын пысықтау. Балалардың балабақшаны аяқтап мектепке барарда қауіпсіздікті сақтауды атып түсіндіру.	түсіру. Қалаулары бойынша ұнаған шығармашылық жұмысымен айналысуын ұйымдастыру.			
Серуенге дайындық	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, серуенге алып шығатын кітаптар мен заттарды дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Табиғи материалдар туралы не білетіндерін сұрау. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	Балабақша мен мектептің айырмашылығы мен ұқсастықтары туралы зерттеу жүргізуіне жағдай жасау. Мектепке қонаққа бару. (танымдық іс әрекеті) Қимылды ойын «Арқан тарту»	Балабақшаның ауласының тазалығын бақылату. Өздеріне ойын алаңында тазалық жұмыстарын жүргізуін ұйымдастыру Балабақша ауласына ата аналармен бірлесіп отырғызған ағаш немесе гүлге белгі қойып, естелік жазуын жазғызып қалдырту. (Танымдық,	Өз өмірінің қауіпсіздігін сақтауды ұғындыру (бейтаныс адамдармен сөйлеспеу, ойнамау, бөтен машиналарға отырмау, бейтаныс адамдардың өтініштерін орындамау, олардың соңынан ермеу). Осы ережелерді мектепке барғанда қатаң түрде сақтауын талап ету. (Танымдық, зерттеу іс-әрекеті) Қимылды ойын «Арқан тарту»		


		зерттеу, қарым қатынас іс-әрекеті) Көңілді музыка қойып, денелерін шынықтыру. (музыка) Қимылды, еркін ойындар	Спорттық жаттығулар: Самокат тебу. Шеңбер бойымен және тура жолмен өз бетінше екі дөңгелекті велосипед тебу. Оңға және солға бұрылу.		
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. (көркем әдебиет , дербес ойын әрекеті).				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану. Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою) Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану , сөйлеспеу, алғыс айту) (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті) Ереже айту. (сөйлеуді дамыту) Адамның денсаулығы дұрыс тамақтануға байланысты екені туралы түсініктерді жетілдіру.				
Күндізгі ұйқы	Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру. Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы баяу музыка тыңдау. Балалардың сұранысы бойынша ертегілер оқып беру (көркем әдебиет)				
Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары	Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. Ригалық әдіс бойынша сауықтыру. (дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар).				
Бесін ас	Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау) Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті) Салауатты өмір салтының маңызды компоненттері: дұрыс тамақтану, белсенді қимылдар, ұйқы және күн, ауа мен су және денсаулыққа зиян келтіретін факторлар туралы түсініктерді кеңейту.				

Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	Қағазға алақандарын қойып сызу, оны қиып алу. Әдемілеп бояту. Барлық баланың атын жазып альбомның әр бетіне естелік етіп жапысырту. Әр бір қолтаңбаға баланың балабақшадағы кезіндегі естен кетпес сәті туралы жазба қалдырту және еркелетіп достары оны қалай атады жазып қойғызу. Сендер үлкен болып, мектепті бітірген кездерінде келіп озы жазбаларыңды оқып еске аласыңдар деп түсіндіру. (Танымдық іс-әрекеті, бейнелеу іс-әрекеті) Кітаптардан балалардың сұранысы бойынша ертегі, тақпақтар, әңгімелер оқып беру. Олардың сюжеттік бірізділігін сақтай отырып, мазмұндауын балаларға үйрету. (Қарым-қатынас іс-әрекеті)	Балабақшамен қоштасуда айтқан тақпақтары мен әндерін естеріне түсірту. Балабақшада болған кездеріндегі суреттерді қарату. Қандай ертегілерді сахналағандарын естеріне түсіргізу. (Танымдық, қарым қатынас іс-әрекеті)	Жазғы демалыс кезінде үйде ата анамызға қалай көмектесеміз, қауіпсіздікті қалай сақтаймыз таныстыру. Жыл бойына үйренген дағдыларды жаз мезгілінде қалай қайталау керіктерін түсіндіру. Балаларға сыйға кітаптар беру. «Біздің сүйікті бақшамыз» тақырыбында ұжымдық сурет салғызу (Танымдық, шығармашылық іс-әрекеті)		
--	---	--	---	--	--

Балалармен жеке жұмыс					
Серуенге дайындық	Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	Қимылды ойын «Ақсерек көксерек» Көңілді музыкаға би билету. (музыка) Балалардың еркін ойындары	Қимылды ойын «Бүрге» Балалардың еркін ойындары Құмда таяқшамен еркін тақырыпта суреттерді салғызу.	Қимылды ойын «Кетті кетті» Балалардың еркін ойындары Бормен өздері отырғызған гүл мен ағаштардың суретін салғызу.		
Балалардың үйге қайтуы	Үйде бірге мультфильм көруді ұсыну Апталық жұмыстан не ұнағанын сұрау.				

Тексерген әдіскер:

Тәрбиеші:

ТАҢЕРТЕҢГІ ЖАТТЫҒУЛАР

Мамыр (1-кешен)

- 1.Тізбекте тұру.
- 2.Жанамалап жүгіру «Талап» қимылын жасау.
- 3.Звеноға бөліну.
- 4.Б.қ. құрсауды оң қолда ұстау, аяқты қосып тұру.Құрсауды серпіп артқа, алға әкелу, сол жақта қайталау 3-4 р.к., әр жанда.
- 5.Б.қ. құрсауды оң қолда ұстау, аяқтың арсын алшақ ашып тұру.Құрсауды шынтакты бүкпей жоғары көтеру.
- 6.Б.қ. отыру, құрсауды алда ұстау.Құрсауды кеудеге жақын ұстау, оң жанға бұрылып, солға созып ұстау. Б.қ оралу, сол жақта қайталау.
- 7.Б.қ аяқты қосып тұру.Құрсауды еденге қою.Құрсауда секіру, құрсаудан сыртқа секіру.
- 8.Б.қ құрсауды алға тігінен қойып жоғары жағынан екі қолмен ұстау.
Оң аяқты артқа, аяқ ұшынан еденге тигізу, сол жақта қайталау 6-8 рет.
- 9.Жай жүру.

Мамыр (2-кешен)

- 1.Өкшені қосып аяқ ұшын ашып тұру
- 2.Қолын екі жанында ұстап сермеу. Шынтакты бүгу, жұдырықты түйіп ұстау.
- 3.Екі өкшені қосып, аяқ ұшын ашып тұру.Қолды белде ұстау, оң аяқты сол аяқ басына тигізу.Б.қ. оралу, сол жақта 3-4 р.к.
- 4.Б.қ. аяқ арасын алшақ ұстау, қолды екі жанға созып тұру.Алға еңкею, саусақтарын еденге тигізу, 6-7 р.к.
- 5.Б.қ шалқасынан жату,аяқ арасын қосып қою, қолы екі жанында.Аяқты көтеріп аяқ арасын ашу, қайта қосу б.қ оралу 6-7р. Қ
6. Б.қ шалқасынан аяқты қосып жату,қолы екі жанында.Оң аяқтың тізесін бүгіп кеудеге жақындату,қолымен қапсыра құшақтау б.қ оралу содан соң сол аяқпен осыны жасау
- 7.Б.қ Молдас құрып отыру,қол белде. Кеудені оңға бұру, қолды жанына жайя созу. б.қ оралу. Сол жақпен осыны қайталау
- 8.Б.қ екіаяқты қосып тұру.Оң аяқпен секектеу -3-4рет, содан соң секектеуді сол аяқпен жасап қайталау 3-4 рет
9. Жай жүру, алмастыра өкшемен және аяқтың сыртқы қырымен жүру

Торғай мен көбелек

Балабақша ауласында қызыл, сары, ақ гүлдер өскен әп-әдемі гүлзар бар еді.

Сонда бір теңбіл қанат ақ көбелек гүлден-гүлге қонып, шырын сорып жүрген.

Оны бір қу торғай көре қалды да, ұстап жегісі келіп, қуа жөнелді.

Көбелек гүлзар үстінде жоғары-төмен, оңға-солға бұлттарып қаша берді, қаша берді.

Торғай да қыр соңынан қалмай, қанаты пыр-пырлап қуа берді, қуа берді.

Жанталасқан көбелек бір гүлге барып қорғалып еді, қу торғай оны қақшып кете жаздады. Одан тағы да қайта ұшып, әрлі-берлі бұлтақтай қашып жөнелді.

Біреуі аз болғандай, енді оған екінші торғай келіп шүйілді. Екеуі пыр-пыр етіп таласа кеп қуды. Бір торғайдың қанаты қағып, біреуінің тұмсығы да тиіп өтті.

Міне, осы қиын сәтте ақ көбелек сонда жүрген бір кішкентай қыздың көйлегіндегі гүлге барып қона қалды.

Содан мысы құрыған екі торғай енді оған жуый алмай, жай-жайынакетісті.

Ақ көбелек болса қайтадан гүлзарға барып, гүлден-гүлге қонып, тағы да шырын сора бастады.

Т. Жексенбай

ИМЫЛДЫ ОЙЫНДАР

Балаларға арналған ұлттық ойындар

Айгөлек

Айгөлек – халқымыздың ұлттық ойындарының бірі. Ойын шарты бойынша ойнаушылар екі топқа бөлінеді. Олардың сандары да, жас шамалары да бірдей болулары керек. Екі топтың екеуінің де ойынды бастаушысы болады. Аралары 10-15 метрдей жерде қол ұстасып, қатарласа тұрған осы екі топ біріне-бірі сөз тастап, күш көрсетіп, өнер жарыстыра бастайды. Екі жақтың ойын бастаушылары орталарынан бір қыз бен бір баланы шығарып, олардың қолына бір ақ тас, бір қара тас береді. Олар екі тасты ешкімге көрсетпей, уысына қысып тұрады да:

–Сен қай қолдағы тасты қалайсың? - деп сұрайды. Бастаушылардың біреуі мен: «Оң қолдағы тасты қалаймын», - дейді, екіншісі сол жақ қолдағы тасты алады. Қайсысында ақ тас болса, сол ойын бастайды.

Бірінші топ:

Айгөлек-ау, айгөлек, Айдың жүзі дөңгелек. Күші мығым, қуатты, Екпіні желдей өршігенШепті бұзар ер керек.

Екінші топ:

Айгөлек-ау, айгөлек, Айдың жүзі дөңгелек, Күші мығым, қуатты, Екпіні желдей өршіген
Саған қандай ер керек? - дейді.

Алдыңғы топ:

Айгөлек-ау, айгөлек, Айдың жүзі дөңгелек, Күші мығым, қуатты, Екпіні желдей өршіген

Бізге ... (Ерсін) ер керек,

– деп бір ойнаушының атын атайды.

Ол тобынан шығып, бір-екі адым ілгері басып:Айгөлек-ау, айгөлек,

Айдың жүзі дөңгелек. Сайысқанда саспайтын,

Самала күнге бастайтын,

... деген ер шыққан,

Топ бұзуға мен шыққам, деп сол жүгірген бойы қарсы топты жарып өтпек болады. Ол екпінді,күшті болса, топты жары өтіп, өзі қалаған бір қызды, не бір ер баланы жетектеп өз тобына алып келеді. Егер ол топты жарып алмаса, сол топтаөзі қалып қояды. Ендігі шақыруды екінші топ бастайды.

Сөйтіп, ойынжалғаса береді. Ойында дөрекілік көрсетуге, жұптасқан жұдырықтыжүгіріп келе жатқан ойыншыға қарсы қоюға болмайды. Жүгірген ойнаушыда ойын ережесін сақтауға тиіс.

Асық ойыны

Асық ойыны - қазақ халқының дәстүрлі ойыны. Асық ойыны күндіз де, түнде де ойналады. Күндізгісі – мергендікке, түнгісі – ептілікке баулиды. Иіргенде түскен қалпына қарай асық – алшы, тәйке, бүк, шік деп, ал атуға арнап арнайы қорғасын құйылып жасалғаны – сақа, жақсылары – оңқай аталады. Асық ойынының мынадай түрлері бар: құмар, тәйке, омпы, алшы, хан (хан ату), т.б.

Алшы ойыны

Бұл ойында тігілген асықтарды атуға жарамды сақа таңдап алынады. Сақа болатын асық салмақты, ірі болуға тиіс. Ол көбінесе еркек қойлардың, не қошқарлардың асығы болып келеді. «Алшы ойыны» сақаның салмақты да алшы тұруына байланысты. Бұл ұту үшін өте қажет.

«Алшы ойынын» ойнаушыларға шек қойылмайды. Ойын басталар алдында, ойын жүргізуші, барлығының сақаларын жинап алып, ойында әркімнің кезегін белгілеу үшін, яғни, кімнен кейін кім асық ату керектігін анықтау үшін, сақаларды иіреді. Иірген кезде кімнің сақасы алшы түссе, сол бірінші, тәйке түссе екінші, бүк түссе үшінші, шік түссе одан кейін асық ататын болады. Атқан кезде сақасы мен асығы бір жақты түссе, атқан асығын алып, әрі қарай ата береді. Енді бірде асық атқан кезде сақасы алшы түсіп, асық кез келген жағында жатса да асықты алады, тағы атады, ал сақа мен асық екеуі екі түрлі түссе, онда алмайды. Ол атуды тоқтатып, кезекті келесі ойыншыға береді. Екінші ойыншы өз кезегінде сақасын иірген кезде тәйке түссе, онда өзінен кейін кезекте тұрған ойыншы көмбеде тұрып оның тәйке түскен сақасын атады, тигізсе, сақа иесі ойыннан шығып қалады, тигізе алмаса, өзі ойыннан шығады. Кезек алу үшін сақаларын иірген кезде бүк, шік түскен ойыншылар өз кезектерімен көнге тігілген асықты ата береді. Осы ретпен көндегі асықты атып тауысқанға дейін ойнайды да, асықтарын қайта тігіп, ойынды жалғастыра береді.

Алшы – асықтың иірілгенде тегіс табаны жерге тиіп түсуі. Ойын кезінде оған бірінші дәрежелі мән беріледі.

Тәйке (таба) – асықтың иірілгенде шұңқырлау табаны жерге тиіп, тұрық түсуі. Ол екінші дәрежелі мәнге ие.

Бүк (бүге) – асықтың иірілгенде дөнес жоны үстіне қарап, етпетінен жатық түсуі. Ол үшінші дәрежелі мәнге ие.

Шік (шиге) – асықтың иірілгенде шұңқыр құрсақ жағы үстіне қарап, шалқасынан жатық түсуі. Ол төртінші дәрежелі мәнге ие.

Үш табан

Үш табан ойнау үшін тақыр жерге көлденең сызық сызылады да, оған әр ойыншы бір бірден арасын сиректеу етіп кеней тігеді. Содан соң ойнаушы балалардың барлығының сақаларын біреуі жиып иіреді. Кімнің сақасы шықса сол бірінші болып сақасын көннен алысырақ жерге иіреді. Сақасымен тігулі кенейді атып, үштабаннан артықтау жерге жіберуі керек үш табаннан кем, я болмаса сақасы кенейге тимей кетсе, ойынды сақасы шыққан келесі ойыншы бастайды. Ойын көндегі кенейді ұтып біткенше созылады.

Омпы

Асық ойынының бір түрін «Омпы» деп атайды. Омпы – асықтың тұмсығымен жер тіреп, тік шаншылып түсуі. Бұл ойынды көбінесе бозбалалар ойнайды. Оны таза ауада жазық алаңда, не үлкен бөлмелерде ойнауға болады. Ойнаушылардың санына шек қойылмайды. Ойынның мақсаты - асық ұту. Ойнаушылар арасы 20 қадам екі көн сызады да біріншісіне төрт бұрыш жасайды (оның көлемі өзара келісіледі) дәл ортасындағы сызыққа әрбір ойыншы өздерінің асықтарын тігеді. Тігілген асықтардың ортасына бір асық мұртынан «Омпы» тұрғызады. Ойнаушылар екінші белгіленген жерден бірінің артына бірі тұрып әркімнің өз кезектері бойынша, қолдарындағы сақаларымен «омпыны» ата бастайды. Егер кімде-кім омпаға тигізсе және оны төрт бұрыштың шетіне шығарса, онда көндегі асықты түгел алады. Ал омпыға тимей, жанындағы асықтарға тисе, оны да төрт бұрыштың шетіне шығара алса, онда сол атқан асығын ғана алады. Асық таусылған сайын, көнге асық қайтадан тігіліп отырылады. Ойын жалғаса береді.

Асықты тігіп ойнау

Бір топ бала, жастар жиылып келіп, тегіс жерді таңдап алады да оны тазартып, ортадан төрт бұрышты сызық сызады. Сол төрт бұрышты ортасынан тең етіп екіге бөледі. Әр жағының қашықтығы балалардың жас мөлшеріне қарай белгіленеді. Сонда 1-1,20 см немесе 1,5 метрге дейін болады. Мұны «көн» деп атайды. Сонда ойнаушылардың өзара келісімі бойынша көннен 4-5 метр не одан да көп мөлшерде асық ататын орын белгіленеді. Оны сызықпен белгілейді. Ойыншылар осы жерден тұрып көндегі асықты ататын болады. Ойынды кім бірінші болып бастайтынын сақа иіру арқылы анықтайды. Сақасы алшы түскен ойыншы бірінші болып ату кезегін алады.

Ойыншы асыққа дәл тигізіп, оны көнбе сызығынан шығарса, оны алады да, сақасы түскен жерден қайта атады. Сөйтіп көннен шығарғандарын ала береді. Егер оның сақасы көндегі асыққа тимей кетсе, асықты келесі ойыншы атады. Ал тігілген асықтарды бұзып, бірақ көннен шығара алмаса, қалған ойыншылар асықтарды сол жатқан қалыбында атып, көннен шығарып алуға тиіс. Ойын көндегі асықтар бойынша біткенше ойнала береді. Көндегі асық біткен соң, ойынға қатынасушылар бір-бірден көнге қайта асық тігіп, ойын қайта басталып, жалғаса береді.

Алтыатар ойыны

Көндегі кенейлердің бір шетіне түпте қалған (сақасы шықпаған) баланың сақасы тігіледі. Кенейдің арасында саңлау болмай тіркестіріле қойылады. Көннің екі жағына 1м жерден су (сызық) ал 5-6 м жерден қарақшы белгілейді. Кімде кім түптегі сақаны жұлып кетсе (суданшығарса) бүкіл кенейді сол алады. Ал сақаға тимей кенейді ұшырса, оның судан шыққаны ғана соныкі болып табылады. Ату саны — 6 рет. Алғаш сақасы шыққан бала, қалғандары одан кейінгі кезекте атады. Алты рет атыстан қалған кенейдің бәрі түпте қалған баланікі болып есептеледі.

Атбақыл

Асықпен ойналатын ойындардың бірі — «Атбақыл» немесе «Көтеріспек» деп аталады. Ойынға екі-екі баладан қатысады, қалғандары көрушілер болады. Ойынға қатынасушылар кез келген жерді таңдап алады да, өздері тұрған жерлеріне белгі соғады. Сол белгі соққан жерден біреуі қолындағы асығын (не топайын, сиыр асығын, «топай» деп атайды) алыстата иіріп тастайды. Екінші ойыншы қолындағы асығымен оны атады. Егер де ол тигізсе, бірінші ойыншы оны сақасы барып түскен жерге дейін арқалап барады. Енді екінші ойыншы сақасы түскен жерде тұрып, асығын алыстата иіріп тастайды. Бірінші ойыншы оны атады. Тигізсе, сақасы жатқан жерге дейін екінші ойыншы арқалап апарады. Егер асыққа тимей кетсе, келесі ойыншы атады. Ойын осылайша жалғаса береді де, ойыншылардың өзара келісімі бойынша тоқталады.

Ханталапай

Бұл отырып ойналатын ойын. Оған төрт-бес үміткерден қатысады. Ойын үшін он асық таңдап алынады. Он бірінші асықтың ерекше өзге түске (қызыл, не көк) боялған болуы шарт. Бір-бірден асық иіріледі де, қорытынды бойынша ойыншылардың кезектері анықталады. Бұдан соң алғашқы ойыншы қос уыстай ұстаған бар асықты ортаға иіруі керек. Қалған ойыншылар өзге асықтардан ерекшеленген «ханға» көз салады. Себебі, хан алшы түссе, барлығы тарпа бас салып, ортадағы асықтарды, хан талапай жасауы тиіс. Хан кімнің қолында кетсе, келесі үйірі кезегі соған беріледі екен, хан мен бірге қолына ілінген асықтардың санына қарай ұпай жазылады.

Хан алшы түспеген жағдайда иірген ойыншы шашылған асықтардың бүгі мен бүгін, шігі мен шігін, алшысы мен алшысын, тәйкесі мен тәйкесін бір-біріне соғып, бір-біріне тимей қалғанша ұпай жинайды. Көздеген асығы үшінші бір асыққа тиіп кетсе немесе бөгде асықты қозғап

қалса да, ойынның бұзылғаны. Онда кезек келесі ойыншыға беріледі. Осы ретпен әр ойыншы жинаған асығының санына қарай ұпай жинайды. Межелі ұпай санын (100, 40) ойын жүргізуші алдын-ала белгілейді. Межеге бұрын жеткен ойыншы жеңімпаз болып саналады.

Ескерту: Асықтарды бір-біріне тигізу кезінде қолмен сүйретіп апаруға, орнынан қозғап түзетуге болмайды. Ойынның соңына дейін ханға бірде-бір асық тимеуі керек. Себебі ол – хан.

Хан алшы

«Хан алшы» — қазақ халқының ұлттық ойындарының бірі асық ойынының бір түрі. Ойынға 5 немесе 10 бала қатысады. Көп асықтың ең ірісі қызыл түске боялады. Бұл асық «Хан асығы» болып саналады. Асықтар тізіп қойған соң, ойын бастаушы «Хан асығымен» оларды көздеп, құлатады. Құлаған асықтарды жинап алады. Егер «Хан асығы» бүк, шік, тайқы қалыптарымен түссе, ойын бастаушы жақын құлаған асықтарды ата береді.

Егер ойын бастаушы асықтарды қолымен құлатып алса немесе басқа асықтарымен атса, онда ойынды келесі бала жалғастырады. Ең соңында, «Хан асығы» кімнің қасында қалса, сол бала жеңіске жетеді. Келесі ойынды жеңіске жеткен бала жалғастырады.

Ақсерек - көксерек

Бұл ойынды ойнау үшін балалар екі топқа бөлінеді, қолдарынан ұстаптұрады. Ара қашықтық 20-30 қадам.

1-ші топ.

Ойынды бастайды Ақсерек-ау, ақ серек,

Бізден сізге кім керек.2-ші топ.

Ақсерек-ау, ақ серек,

Сізден бізге ... (бала аты) керек.

Аты аталған бала келесі топқа дейін жүгіріп барып ортасынан ұстасқан қолдарды ажыратып кету керек. Егер өтіп кетсе сол топтан бір баланы тобына алып қайтады, өте алмаса сол топта қалады. Ойын осылай жалғаса береді.

Соқыр теке

Балалар дөңгелене тұрады. Топ ішінен бір баланың көзі байланады.Балалар: Бота, бұзау, қозы, лақ,

Қайда кеткен құлыншақ.Соқыр теке бақ-бақ,

Мені ізден тап-тап - деп өлеңмен айтады.

Содан кейін Соқыр теке (көзі байлаулы бала) балаларды қуалайды немесе балалар оның жанына келіп түртіп қашады. Соқыр теке ұстап алғанбаланың көзі байланады да ол «соқыр теке» рөлін атқарады. Ойын осылай жалғаса береді.

Тақия тастамақ

Ойынға бірнеше бала қатысады. Балалар шеңбер жасап отырады. Жүргізуші шеңбердің сыртын айнала жүгіріп жүріп, біреуінің артына білдіртпей тақияны тастап кетеді. Егер біреу сезіп қойса, жүргізушіні қуып жетуі керек. Ал, жүргізуші қуған баланың орнына тұра қалуға тырысады.

Жүргізушіге жете алмаған бала айыбын төлейді, өнер көрсетеді.

Күш сынаспақ

Бұл ойын стол үстінде екі баланың білек сынасуымен орындалады. 2 бала шынтактарын столға тіреп, қол бастарын айқстырады. Кім білектістолға жықса, сол бала жеңіске жетеді. Ағаш аттың үстінде аттың басын ұстап тұрып 2 білектен тартысып сынасуға да болады. Бірақ баланың қауіпсіздігі қатаң бақыланады.

Арқан тарту

Бұл екі топқа бөлінген балалармен немесе екі баламен ойналады. Арқанның екі жағынан екі бала немесе екі топқа бөлінген балалар тартысады.

Қай топ арқанды өз жағына тартып алып келсе, сол топ жеңіске жетеді.

Екі бала тартысқанда қай бала өзіне қарай арқанды тартып екінші баланы құлатса, құламаған бала жеңіске жетеді.

Сақина жасыру

Ойынды бастаушы және сақина жасырушы бала белгіленеді. Қалған ойыншылар жерге отырып тізелерінің үстіне алақандарын жаяды. Бастаушы жабулы қолын әрбір ойыншының алақанына салысымен, ол бала

алақанын жаба қояды. Бастаушы бір баланың алақанына сақина салысымен, ойыншылардың біреуінен «Сақина кімде» - деп сұрайды. Ол сақинаның кімде екенін білсе, сол баламен орнын ауыстырады. Ал білмесе, ол өз өнерін көрсетеді. Ойын басқарушы ойынды осылай жалғастыра береді.

Қуыр-қуыр қуырмаш

Оң қолдың бес саусағын бір жерге түйістіреді де, сол қолымен оны бүрмелеп қапсыра ұстайды. Содан соң екінші балаға:

- Ортаңғы саусағымды тапшы, - дейді. Екінші балаға қарап байқап отырады да, міне, - деп бір саусақтың басынан шымшып ұстап тұрады. Егер екінші бала жасырушының ортаңғы саусағын дәл тапса, ұпайды бірінші бала тартады. Ұтқан бала ұпай алу үшін мына ережелермен сөздерді жақсы білуі керек.

Бас бармақтан бастап шынашаққа дейін, саусақтардың атын түгел атап береді: бас бармақ, балан үйрек, ортан терек, шылдыр шүмек, кішкентай бөбек. Бес саусағын түгел жұмады. Тағы да бас бармағыннан бастап, былай деп 5 саусақты түгел жазады.

Сен тұр қойыңа бар.Сен тұр түйеңе бар

Сен тұр жылқыңа барСен тұр сиырыңа бар

Сен кішкентай әлі жас екенсің

Қазанның қаспағын қырып же де, жыламай отыра тұр.

Енді осы шынашақтың өзін алақан шұңқырына бүгіп тұқырта ұстайды

Қуыр-қуыр, қуырмашБалапанға бидай шашӘжең келсе есік аш

Қасқыр келсе мықтап бас

Шынашақты шыр айналдырып, баланың алақанын қытықтайды.

Осыдан соң:

Мына жерде қой бар Мына жерде жылқы барМына жерде түлкі бар

– деп баланың білегінен қолтығына дейін түртіп, ең соңында мынажерде күлкі бар – деп қытықтайды.

Аударыспақ

«Аударыспақ» — өте көне дәуірден келе жатқан қазақ халқының ұлттық спорт ойыны. «Аударыспақ» – қазақ халқының арасында кеңінен таралған ойын. Балалар екі жақ басы берік тұғырға бекітілген биіктігі бір-бір жарым метрдей (балалардың жасына қарай), ұзындығы 70-80 сантиметрдей ағаш аттарға мінеді. Бір-біріне қапталдас орналасқан ағаш аттардың ара қашықтығы екі жақтан созылған қол жететіндей болса жеткілікті. Оларға мінген шабандоз балалар бір-біріне қарама-қарсы отырып қол ұстасады. Төрешінің белгісімен бірін-бірі тартып, не итеріп, әйтеуір қай айлсын, не күшін асырғаны қарсыласын ағаш аттан аударып түсуі шарт. Аяқты жерге ағаш атқа тіреуге болмайды. Онда ойын шарты бұзылады. Ойын алаңының айналасына құм немесе жұмсақ кілем төселуі керек. Қай топ жеңсе сол топ жеңімпаз атанады.

Теңге ілу

Ойынға қатысушылар тепе-тең екі топқа бөлінеді. Әр қайсысы жеке- жеке шыбықтан ат мінеді. Ойын кезгі басталатын жерге сызық сызылады. Одан әрі 20-30 метрдей жерден тереңдігі бір қарыстай екі шұңқыр қазылады. Шұңқырға он-оннан теңге салынады. Содан соң екі топтан екі сайыскер шығады. Сызыққа келіп қатарласып тұрады. Бастаушының белгісі бойынша шыбық аттарын құйғытып, шаба жөнеледі. Сол беттерімен әлгі шұңқырға жетіп қол соғып жібереді де, теңгені іліп алып, әрі қарай шауып кете барады, шұңқыр тұсында бөгелуге болмайды. Ұпайәр сайыскердің іліп алған теңгелерінің санына қарай есептеледі. Қай топ көп ұпай жинаса, сол топ жеңеді.

Көтермек

Ортаға екі ойыншы бала шығады. Бір-біріне арқаларын беріп тұрады. Белгі бойынша кім бірін-бірі арқада көтеріп алса, сол бала жеңіске жетеді.

Жеңіске жеткен бала ойында қала береді де басқа балалармен бірге күш сынасады.

Қыз қуу

Балалар арасынан бір ер бала, бір қызды ағаш атқа мініп қуады. Бала қызға жетіп қолынан ұстаса ол жеңіске жеткені. Кейде қызды 2 бала да қуады, қай бала бұрын жетіп қыз қолын ұстаса, сол бала жеңіске жетеді. Ал қуып жете алмаған жағдайда өлең айтып немесе би билеп өнерін көрсетеді.

Түйілген орамал

Ойын жүргізуші ойынды өзі бастайды. Ең алдымен балаларды айналасына жинап алады да «1, 2, 3» - деп дауыстайды. Осы кезде балалар жан-жаққа бытырай қашады. Ал ойын жүргізушісі қолында түйілген орамалы бар баланы қуалайды. Ол орамалды басқа біреуге лақтырады, қағып алған бала қаша жөнеледі. Осылайша ойын жүргізіледі, түйулі орамалды алғанша қуалай береді. Ұсталған ойыншы көпшілік ұйғарымымен ортада тұрып өнер көрсетеді. Одан кейін ойын жүргізуші ауыстырылады. Ойын ойнап болған соң балалар шеңбер жасап тұрады.

Әуе таяқ

Балалар екі топқа бөлінеді. Әр топта 5-тен 10-ға дейін ойыншы болады. Екі топқа екі таяқша (жұмсақ таяқша) беріледі, жерге түзу сызық сызылады. Ойыншының біреуі ортаға шығады да бір алақанына зат жасырып, екінші қолының жұдырығын бірдей жұмады.

Екінші ойыншы зат жасырылған қолды тапса, ойынды бастаушы сол болады. Сөйтіп қолындағы таяғын жоғары лақтырады. Осы кезде

қасындағы ойыншы да таяғын лақтырады, қасындағы баланың таяғын қағып түсіруі шарт. Таяқты қағып түсірген бала өз тобына ұпай әкеледі.

Қара құлақ

Ойынға 5-10 бала қатысады. Олар оңаша жерге топталып өз араларынан бір баланы қазық етіп белгілейді. Қазық тұрған жерінде қозғалмай тұрады. Басқалары әрі кетеді. Содан кейін ойынға қатысушылар қазықты алыстан қоршап бірте-бірте жақындай түседі.

Таяп келіп мынау кім? – деп бір-бірінен сұрасады. Біреуі ой бұл қара құлақ қой! - деп қаша жөнеледі. Қалғандары да – қара құлақ, қара құлақ! - деп бытырай қашады. Қарақұлақ біреуін ұстау үшін тұра қуады. Ұсталған бала қара құлақ болып, ойын әрі қарай жалғасады.

Санамақ

Көпшілік қатысады. Ойынның шарты: ойын бастаушы қатысушы бір адамды ортаға алып шығады. Ол адам бір тектес атау сөзден жаңылмай, кідірмей аттап жүріп айтуы керек. Тоқтамай қателеспей айтып шықса, жүлде алады. Егер қателессе ойыннан шығады. Мысалы: жаңылмай 10ақынның немесе 10 өзеннің атын атауы керек.

Ақшамшық (сақина салу)

Бұл – қазақ халқының ерте заманнан келе жатқан дәстүрлі ойыны. Оны сақина салу, сақина тастау деп те айтады. Ойынға он-он бес адам қатысып, ортаға бір баланы немесе бір қызды шығарып, қолына сақина ұстатады. Ойын ережесі бойынша қыз-жігіттер үйде дөңгелене отырып, екі алақанын бір-біріне қабыстырып алға созады. Ойынды жүргізушінің алақанындағы сақинаны кімге салса да өз еркі. Ол барлық адамдардың алақанына сақина салған болады, «Тұр сақинам, тұр», - деп, немесе

«Ақшамшығымды бер!» деп дауыстайды. Сол сәт сақина тасталған адам орнынан атып тұруға тиісті, «Сақина менде», - деп. Оны көршісі ұстайалмай қалса, жұрт алдында өз өнерін көрсетеді.

Ақсүйек

Ең алдымен, ойнаушылар өзара келісіп, жеңген топ үшін жүлде тағайындайды да, екі топқа бөлінеді. Топ басқарушылар ақсүйекті қайсысының лақтыратынын шешіп алу үшін кезектесіп таяқ ұстайды, таяқтың басына кімнің қолы бұрын шықса, сол ақсүйекті құлашы жеткенше лақтырады. Ақсүйек жерге түскеннен кейін ғана ойыншылар іздеуге шығады. Көмбеде топ басқарушылардан басқа ешкім қалмайды. Ақсүйекті тапқан ойыншы ешкімге білдірмей, көмбеге қашуға әрекет жасайды да, ал қарсыластары біліп қалса, қолма-қол тартып алуғатырысады. Сондықтан ақсүйекті алдымен тауып алған топтың ойыншылары біріне-бірі лақтырып, көмбеге қай топтың адамы бұрын жеткізсе, сол топ жеңіске жетіп, жүлдегер атанады. Келесі жолы ақсүйекті екінші топ лақтырады, сөйтіп ойын жалғаса береді.

Сикырлы таяқ

Ойнаушылар қол ұстасып, дөңгелене шеңбер жасап тұрады. Қолында таяғы бар ойын жүргізуші шеңбердің ортасына келеді де, ойынның тәртібін түсіндіреді. Ойнаушыларды бірден бастап түгел нөмірлеп шығады. Ойынның шарты бойынша ойын жүргізуші қолындағы таяғын шеңбердің ортасында тік ұстап тұрады да, бір нөмірді атап, таяқты қоя береді. Аталған нөмір таяқты жерге құлатпай ұстап қалуы керек, ал таяқты ұстай алмай құлатып алса, онда айып тартады, яғни көптің ұйғаруымен ортаға шығып, өнер көрсетеді. Ойынға қатысушылардың бәрі бір-бір реттен міндетті түрде ойнап шығулары керек. Ал одан әрі ойынды жалғастыру-жалғастырмау

ойнаушылардың өз еркінде. Ойнаушылардың саны көп болса, ойын қызықты өтеді.

Арқан тартыс

Бұл ойынның екі түрі бар. Біріншісі жазда көгал үстінде, екіншісі қыста қар үстінде ойналады. Жазда ойыншылардың саны 10 баладан кем болмаса, ойын қызықты болады. Ойынға ұзындығы 8-10 метрлік екі ұшы түйілген арқан әзірленеді. Оның тең ортасына белгі ретінде қызыл матаны байлап қояды. Ойынға қатысушы екі топтағылар өз жағында бойларына қарай сап түзеп, ойын бастауға белгі берілгенде арқанды өз жағына қарай тартады. Қыста он-он бес бала тартқанда үзілмейтін арқан таңдап алынып, үлкен адамның алақанының көлеміндей екі тақтайдың ортасынан өткізіліп, ортасына аққала үйіліп, екі жақ оны өзіне қарай құлату үшін тартады.

Тымпи

Тымпи – ойынға қатынасушылар шеңбер жасап, дөңгелене отырады. Бір баланы ойынды жүргізуге белгілейді. Ол: «Ал, ойынды бастаймыз, бәрің түгел тым-тырыс тымпи!» - деп бұйырады. Бұдан кейін бірде-бір ойыншы дыбыс шығармауы, үн қатпауы керек. Алайда бастаушы ғана сөйлеуге ерікті. Ол адам күлерлік қимыл-қозғалыспен әзіл-қалжың сөздерді айтып, қалай да біреуді күлдірудің амалын іздейді. Қалжың жыр да айтады. Ешқайсы шамданбайды. Өйткені ойынға қатынасушылардың аты қалжың өлеңге қосылмауы керек. Әзілі де, сықағы да өтпесе, бет-аузын тыржындатып, әр түрлі құбылтады. Қолайсыз қимылдармен құбылыстар жасап қозғалады. Жаңылыстыру үшін неше алуан сұрақтар қояды. Біреу абайсыз жаңылып сөйлесе не күліп жіберсе, айып тартады. Өлең айтады, ән салады не би билейді. Сондықтан ойынды жүргізуші тілмәр, әзілкеш, күлдіргі бала болуы керек.

Көрші ойыны

Көрші ойынын үлкен бөлмеде немесе таза ауада көгалды жерде өткізуге болады. Ойыншылар саны 10-нан 30-ға дейін болуы керек. Яғни екі топтың балаларын қосып ойнатуға да болады. Ойыншылар дөңгеленіп, екі-екіден шеңбер құрып отырады. Тағы бір бала ортаға шығып, жұп болып отырған ойыншылардың бір жұбына келіп, «Көршіңмен татусың ба?» - деп сұрайды.

Егер сұрақ қойған жұптың біреуі «Көршіммен аразбын» десе, онда сұрақ қоюшы бала оның қасындағы көршісін орнынан тұрғызып, соның орнына өзі отырады. Орнынан тұрған адам ортаға шығып басқа бір жұптан

«Көршіңмен татусың ба?» деп сұрап, ойынды соза береді.

Ал егер ойыншы көршісімен «татумын» деп, қасында жұп болып отырған баланы жібергісі келмесе, онда сұрақ қоюшы адам оны жазалайды. Ол ән салады, би билейді, болмаса әңгіме, ертегі, жаңылтпаш айтып береді. Осылай ол көршісін алып қалады. Егер ойыншы бұл тапсырманы орындай алмаса, өз орнын сұрақ қоюшы адамға береді де өзі соның міндетін атқаруға кірісіп ойынды қайтадан бастайды. Сөйтіп, ойын жалғаса береді.

Жаңылма

Бір топ бала көгалды алаңға жиналып, қол ұстасып, дөңгелене тұрады да, ортасынан санамақ айтып бір баланы ортаға шығарады. Шыққан бала өлең, тақпақ, әңгіме айтып тұрып кез-келген жерінде жата қалады, не болмаса құлағын ұстайды, басын сипайды, тағы сол сияқты іс-әрекеттерді жасайды. Оның өлең, тақпақ, әңгіме айтып тұрып істеген қимылдарын

қайталай алмай қалған бала айыпты болып, өлең айтады, билейді, әңгіме айтып күлдіреді.

Ойын балаларды шығармашылыққа, ынтымақтастыққа, аңғарымпаздыққа үйретеді.

Білектесу

Бір столдың шетіне қарама-қарсы отырған екі бала оң қолдарының шынтағын столға тіреп қояды да, бірінің қолын бірі алақандастыра мықтап ұстайды. Сол жақтағы қолдарын әркім өзінің оң жақ қолтығына тығып алады. Осылай ұстасып алған екі палуан бала, ойын бастаушы команда берісімен, шынтақтарын сол орнынан қозғамай, қарсыласының тіреулі қолын шалқасынан түсіруге ұмтылады. Білегі тайып жантайған бала жеңіледі. Бұл білек күшінің жетілуіне көмектеседі.

Шалма

«Шалма» ойынына екі бала қатысады да, қалғандары көріп, тыңдап отырады. Ойын үйде, аулада өте береді. Ойыншылар біріне-бірі қарсы қарап отырады да, дайын болған шалманы бірінің қолынан бірі алады. Алғашында екі ұшын біріктіріп түйеді де, екі қолға, яғни төрт саусаққа кигізеді, ортанғы саусақпен кезекпен іліп алады, сонда «ыңыршаң» шығады.

Екінші жағдайда, келесі ойнаушы басбармақ және сұқ қолымен ыңыршақтың екі жақ керегесінің үстінен астына қарай алып, «кереге» шығарады. Үшінші жағдайда керегені үстінен астына қарай алып, «шаңырақ» шығарады. Төртінші жағдайда шаңырақты екі шынашақпен айқастыра іліп алып, «астауша» шығарады. Бесіншіде «кереге» қайталанады, алтыншыда «шынтақ» шығады. Енді әрі қарай жалғастырып ойнай берсе - «астау», «кереге», «шынтақ», «астау», «кереге», «шынтақ» болып қайталана береді.

Ойлы ойыншылар бұл бейнелердің жаңа көріністерін өзінше өрнектепкеңейте беруге тырысады.

Бұл жас өспірімдердің тұрмыстағы үй жабдықтарын қалай пайдаланатындықтарын көз алдына елестетіп, соларды өзі жасағандай әсерлендіре түседі. Балалардың қиялын қозғап, шығармашылық ізденіске, ой-жүйелерін дамытуға үлкен көмек береді.

Сақ құлақ

Сақ құлақ — ұлттық ойын. Бұл ойынның әрбір қимылы сөйлеп жүріп орындалады. «Сақ құлақ» ойынын қазір көбінесе «Телефон» деп атап жүр. Біз оның ескі атауымен аталуын жөн көрдік. Қатысушылардың арасынан бір бала ойын жүргізуші болады. Ойнаушылар қаз-қатар түрегеліп тұрады

немесе қатарласа отырады. Бірақ бір ойыншы мен екінші ойыншының арасы бір метрдей алшақ болуға тиіс. Ойынды бастаушы (I-ойнаушы) естілер-естілмес дауыспен бір-екі сөзді бірақ рет айтып қалады. Сол сөзді қағып алған екінші ойнаушы үшіншіге, үшінші төртіншіге, төртінші одан әрі тез-тез айтып, онан әрі жеткізе береді. Олардың бәрі сөздерді бір рет қана айтып, тым-тырыс отырады.

Айтылатын сөйлем екі не үш сөзден құралған шағын болуы керек. Оның бір мүшесі өз құрамындағы дауысты немесе сөз басындағы ұяң дыбыстардың естілу жөнінен екі ұшты, яғни басқа бір дыбысқа ұқсас сөз болуы қажет. Мысалы, тарғақ көрдім - жарғақ көрдім, борсық көрдім, т.б.

Ең соңғы ойнаушы ойын бастаушыға сыбырлап өзіне жеткен сөзді айтады. Егер сөз дұрыс жеткен болса, ойын тағы да үш рет басқа сөздермен қайталанады. Егер сөз бұзылып жеткен болса, бастаушы соңғы ойнаушыдан бастап I-ойыншыға қарай сыбырмен ғана тыңдап, сөзді бұзушы кім екендігін анықтайды. Сөз бұзған ойнаушы ең аяққа барып тұрады да, екі-үш ауыз жаңылтпашты қайталап дұрыс айта алмаса, ұпай тартады. Ұпай келісім бойынша не өлең айту, жұмбақ шешу немесе бір өнер көрсету (мысалы, сурет салу, үлгі қию, есеп шығару т. б.) арқылы орындалады.

Ойын жас өспірім балалардың зердесін дамытып, өнерге деген құштарлығын арттырады.

Кім жылдам?

Ежелгі ойындардың бірі - *Кім жылдам?* Ойын аулада, спорт залында, бөлмеде ойнала береді. Ойыншылар ойынға екі-екіден қатысады. Ортаға шыққан екі бала бір-біріне арқасын беріп, екі жаққа қарап тұрады. Аяқтарының арасын иықтарының деңгейімен бірдей етіп ұстайды.

Сонан соң ойын жүргізуші екеуінің аяғының арасына ұзыннан-ұзақ белбеу тастайды да «бір, екі, үш» деп санайды. «Үш дегенде кім еңкейіп белбеуді бұрын алса, соның жеңгені. Бұл адамның өз денесін еркін меңгеріп, тез қимылдауының нәтижесінде жүзеге асады. Ойынға басқа ойыншылар шығады. Ойын жалғаса береді. Екінші кезекте әр жұптың жеңімпаздарымен арадағы жарыс болады. Ең соңында жеңген екі ойыншы қалады. Сол екеуінің қайсысы жеңіп шықса, сол жеңімпаз атанады.

Үш орындық ойыны

Үш орындық ойының кең бөлмеде, спорт залдарында ойнауға болады. Ол үшін ортаға үш орындық қойылады. Ойынға қатысушылардың санына байланысты орындықтың көбейе түсуі мүмкін. Ойын жүргізушінің берген белгісі бойынша ойыншылар ортада тұрған орындықтарды айнала жүгіреді. Ойын қыза бастағанда жүргізуші отырындар деген белгі береді. Сол кезде ойыншылар орындықтарға отырыса қалады. Ал орындыққа

отырып үлгере алмағандар, ойыннан шығады. Енді орындықтың бірі алынып қойылады да, ойыншылар қалған орындықты айнала жүгіреді. Ойын бір орындық пен екі ойыншы қалғанға дейін, олардың бірі жеңіп шыққанға дейін жүргізіле береді. Сонан соң ойын қайта басталады да, артынан жеңімпаздар арасында өзара тартыс басталады. Жеңіп шыққан ойыншы ең жылдам ойыншы деп аталады. Әр топтың жеңімпаздарынамақтау сөздер айтылып, сыйлықтар беріледі.

Жүйріктер жеңеді

«Жүйріктер жеңеді» — ұлттық ойын. Ойынға қатысушылар көк және сары топ болып екі топқа бөлінеді. Бір төбенің үстіне ойыншыларға түгелдей жетерлік мөлшерде көк және сары таяқшалар тасталады.

Ойынды жүргізуші ретінде басқарушы тағайындалады. Ол төрешілік міндетті қоса атқарады. Төрешінің белгісі бойынша ойынға қатысушылар белгіленген көмбеге қарай тұра жүгіреді. Жеткен ойыншы өз командасының түсіне сай бір-бір таяқшаны алып кері жүгіреді де, сөре сызыққа әкеп қояды.

Қай түсті топтың ойыншылары өз командасының бояуына сәйкес таяқты белгілеген мерзімге көбірек алып келсе, сол топ жеңеді. Ойын балаларды белгілі бір мақсатта ұжымдық әрекет жасауға, шапшаңдыққа үйретеді.

Шүлдік ойыны

Жазық алаңда ойналатын жас өспірімдер ойынының бірі - «Шүлдік» ойыны. Ойынға екі басы үшкірленген ұзындығы бір қарыс шүлдік (ағаш) керек. «Шүлдікті» ойнау үшін үлкен шеңбер сызылады, ортасына шүлдік қойылатын шұңқыр қазылады, шүлдік шұңқырдың ішіне емес, үстінде жатуы керек. Әр ойыншының қолында ұзындығы бір метрдей таяғы болуы керек. Ойынға қатынасушылардың санына шек қойылмайды. Ойнаушылардың санына қарай екі топқа бөлінеді.

Бірінші болып кезек алған топтың ойыншысы «шүлдікті» қолындағы таяғымен жерден көтеріп алып, жерге түсірмей соғады да, таяғын шеңбердің үстіне тастайды. Ал екінші болып кезек алған ойыншы шүлдікті түскен жерінен алып, қайтадан соққан ойыншының таяғын көздеп, шеңберге қарай лақтырады. Лақтырған кезде таяққа тигізсе, я болмаса, шеңбердің ішіне түсірсе, онда соғушы ойыншы ойыннан шығып қалады. Шүлдікті бірінші болып жерден көтеріп, жерге түсірмей соққан кезде ойыншы тигізе алмаса, ол да ойыннан шығып қалады. Ал лақтырған ойыншы не таяққа тигізе алмай не болмаса дөңгелек сызықтың ішіне түсіре алмаса, онда бірінші ойыншы енді «шүлдікті» шекіп соғады, әр соққанда үш реттен соғады. Сөйтіп, «шүлдік» қай жерге барып түссе, сол жерден дөңгелек сызыққа дейінгі қашықтықты таяғымен өлшеп шығадыда, екінші ойыншыға ұпай мөлшерін белгілейді. Бірінші ойыншы әлгі

себептермен ойыннан шығып қалса, онда екінші ойыншы соғушы болады, ол шығып қалса, үшінші ойыншы соғушы болады. Ойын осылайша барлық ойыншы ойнап болғанша, жалғаса береді.

Ойынның шарты бойынша шекіген кезде «шүлдікке» тимей, таяғы жер қауып қалса, ұпайы күйіп кетеді. Шүлдікті екінші рет шекіген ойыншы, оны қолымен ұстап қойса, онда да оның ұпайы күйіп кетеді. Сондықтан «шүлдікті» тек үшінші рет шекігеннен кейін ғана ұстауға

болады.

«Шүлдік» ойыны ойнаушылардың қолдарының бұлшық етін жетілдіріп, жылдамдыққа үйретеді, «Шүлдікті» сызықтың үстіне түсіруге ұмтылу арқылы көз мөлшері, дәлділік пен мергендік қабілеттері жетіледі.

Жапалақтар мен қарлығаштар

Жапалақтар мен қарлығаштар - ұлттық ойын. Ойын кең, жазық алаңда өтеді. Ойынға қатынасушыларға шек қойылмайды. Ойнаушылар екі топқа бөлінеді де бірінің арқасына бірі арқасын қаратып, екі сан құрып тұрады. Бір қатардағыларды жапалақтар, екіншісін қарлығаштар деп атайды. Орталарынан біреуін ойын жүргізуші етіп сайлап алады. Ол ойыншылардың арасынан жүріп отырып, сөзін үзіп-үзіп, созып сөйлейді: қар (үзіліс) - лы - ғаш немесе жа..., ал сөз аяғын айтпайды. Сонда аты аталған топ бытырап қаша жөнеледі де, аты толық аталмаған топ оларды қуады. Ұсталған ойыншы ұстаған топтың ойыншыларының қатарына қосылады.

Ойын тәртібі: қашушылар мен ұстаушылар алдын ала келісілген белгі бойынша ұсталғанын мойындайды. Ол үшін қашушы ойыншы қолын тигізсе болды. Қай топтың жеңгенін ойын соңында қайсысының саны көп болса, соған қарай ше